

ДӘРИС ТЕЗИСТЕРІ

Білімге деген жаңа көзқарастар мен түсініктер

1.1 Білім «беру» ме, «алу» ма?

1.2 Оқудың/оқытудың негізгі мәселелері

1.3 «Білім» түсінігінің негізгі проблемалары мен стереотиптері

1.4 Не нәрсеге үйрену/үйрету керек? Ойлай білуге үйрену/үйрету

1.5 Әлеуметтік тәжірибе арқылы үйрену/үйрету

ЖОО-ның, оның ішінде әрбір оқытушының, әр пәннің міндеті болып танылуда. Егерде бұрынырақта жоғары оқу орындары *оқудың мазмұнын* құрастыруға ден қойған болса (студенттің «не оқу» немесе «не білу» керектігін көрсететін бағдарламалар, оқу жоспарлары), енді кредиттік оқу жүйесі жағдайында олар *оқыту* (оқытушы әдістемесі), *оқу* (студенттердің өздігімен үйренуі) және *бағалау* арқылы студенттердің «не білетіндігін», яғни олардың *оқу нәтижелерін* анықтауы қажет. Бұрынғы тар мағынадағы «біліктілік» термині енді «кұзырлылық» ұғымымен алмастырылған. Ал бұл дегеніңіз студенттің кең ауқымды контекст аумағында (рухани-моральдік, философиялық, әлеуметтік, экономикалық, саяси, т.б) оқып-үйреніп, өмірдің көлденең тартқан қандай да болмасын проблемаларын шешуге құзырлы болуы керек дегенді білдіреді. Мәселе *«өмір бойы азық боларлықтай білім беру»* идеясының енді *«өмір бойы өздігімен үйрену»* ұстанымына өзгеруінде болып отыр.

Нәтижеге бағытталу оқу процесінде студентті бірінші орынға шығаруды талап етеді. Ал бұл ұстаным әрбір оқытушыға студенттерді белсенділендіретін оқу/оқыту әдістемелерін қолдануды міндеттейді, өйткені бүгінгі күні оқу процесі бұрынғыдай «үйрету», «оқыту», «беру» сынды етістіктерден құралмай, «ұйымдастыру», «жағдай жасау», «бағыт-бағдар беру» сияқты ұғымдардан тұрады. Оқу процесі студентке бағытталып, студентцентристік идеяларды ұстанғандықтан *үйрену мен үйрету әрекеттері қоян-қолтық қарым-қатынастан тұруы керек*. Бұл қарым-қатынас оқытушы мен студенттер, студент пен басқа студент, студенттердің шағын топтары арасында өтеді. Оқу мен оқыту, үйрену мен үйрету мұндай қарым-қатынаста біртұтас қалыпта болып, олардың нәтижесі мен маңызы да осындай қарым-қатынасқа тәуелді болады

«Білім беру» мәселесі туралы әңгіме қозғамас бұрын, бұл атаудың аталмыш процестің мазмұны мен мәнін толық ашпайтындығы жайында айту керек секілді. Өйткені бұл термин тұжырымдамалық және практикалық тұрғыдан көптеген күмәнді сұрақтарды тудырады: *Неліктен «білім беру» - «білім алу» емей? Және де кімге «беру»? Білімді «берген» дұрыс па, жоқ әлде «алған» дұрыс па? Білім саласында мақсат қандай болмақ: «алу» ма, жоқ әлде «беру» нәтижелері ме? «Білім беру» ұғымы бір жақты процесті, яғни «берушінің» белсенділігін ғана меңзеп, «алушыны» бәлсенді (ықтиярсыз, ырықсыз, пассив) етіп көрсетпей ме? Мұнда басты рөлді «үйретуші», «білім беруші» атқара ма? Ал «білім алушының» мақсаттары мен атқаратын рөлі қандай болмақ?*

Білімді болу үшін үйренуші еңбектенуі керек, әрекет жасауы қажет. Білім өз басында (миында) пайда болу үшін адам оны есінде сақтап, түсінуі, қолдануы, талдау жасауы және бағалауы қажет. Осылай ғана білімді игеру мүмкін болар. Үйренуші өзін білім игеру процесінің басты тұлғасы ретінде сезініп қана үйренеді.

Білімге тек үйренуге болады және де үйрену ісі белсенді әрекеттерден құралуы керек: ұмтылыс пен талаптану арқылы ғана біздің білуіміз ықтимал. Білім игеру процесінің басты қағидасы **«Үйрету мүмкін емес, үйрену ғана ықтимал!»** екендігін бұл жерде баса айту қажет. Білім алушының өзі үйренуге құлық, құлшыныс, ықылас пен ынта танытуы керек. Қандай керемет ұстаздар болмасын, оқуға еш ынтасы мен қызығушылығы жоқ шәкіртті үйрете алмайды.

Білімді игеру екі жақтың да (шәкірт пен ұстаздың) белсенділігін қажет етеді. Ұстаздың мұнда дәстүрлі де үйреншікті *«білім көзі», «үйретуші»* рөлдерінен бас тартып, оны

«ұйымдастырушы», «сабақты жүргізуші», «үйренуге жағдай жасаушы», «жәрдемші», «көмекші», «бағыт-бағдар сілтеуші», «талаптандырушы», шәкірт пен білімнің арасындағы «делдал» рөлдерімен алмастыруы керек. Үйретуші (ұстаз) білім игеру ісінде басты рөлді үйренушіге (шәкіртке) ұсынады.

Сол себепті де қазақ тілінде «білім беру» термині таным процесінің ерекшеліктерін жан-жақты айқындамайды деуге тұрарлық. Мұндай ойдың айғағы ретінде басқа тілдерден мысалдар келтіріп, оларда қолданыс тапқан атауларды қазақ тіліндегілермен салыстырып көрелік.

Мәселен, осы мағынадағы ағылшынның «*education*» және орыстың «*образование*» деген сөздеріне тоқтайық.

Сөйтіп көне гректер үшін «*білім беру*» ұғымы «*еске түсірумен*» тең болған. Кейінірек жаңа дәуірде Декарт пен Лейбниц те танымның осы теориясын ұстанған болатын. Бүгінгі күні де көптеген философтар бұл ұғымның өміршеңді екендігін мойындайды (В.Губин).

«*образование*» деген сөзінің «*қалыптасу*», «*ұйымдастыру*» деген мағыналары да бар. Бұл ұғым білім беру жүйесінің мазмұнын және оның аяққы нәтижесін «*тұлғаның қалыптасуын ұйымдастыру*» деп көрсетеді. Мұнда да білім игеру екі жақты процесс ретінде көрсетіліп, үйренушінің белсенділігі меңзелетін секілді. Орыстың «*обучение*» деген сөзі де осындай мағынада: оны «*мен үйренемін/оқимын*» деп те, «*ол үйретеді/оқытады*» деп те түсінуге болады. Қазақ тілінде «*оқыту*» сөзі басқа біреудің ықпалын көрсетеді: «*ол оқытады*» («*мен оқимын*» емес).

Мүмкін біздің «*білім беру*» деген атауды «*білім алу*» (немесе «*білім игеру*», «*оқу*», «*үйрену*») деген терминмен алмастыруымыз керек болар? Мұнымен қатар, «*үйрену*» мен «*үйрету*», «*оқу*» мен «*оқыту*» ұғымдары ылғи да қатар қолданыста болуы шарт шығар? Бұл сұрақтарға білім процесінің әр қатысушысы өздігімен жауап берер деген ойдамыз. Ал өзіміз болсақ, білім игерудің екі жақты процесс екендігін меңзеп, бұл кітапта «*оқу/оқыту*» және «*үйрену/үйрету*» терминдерін қолданамыз.

1.2 Оқудың/оқытудың негізгі мәселелері

Қалай десек те білім саласындағы негізгі мәселелер келесідей болады:

1. **Мазмұн** (Не нәрсеге үйрену/үйрету керек?).

2. **Әдістеме** (Қалай үйрену/үйрету керек?).

3. **Нәтиже** (Не үшін үйрену/үйрету керек? Үйренудің/үйретудің нәтижесі қандай болуы керек?).

Әрбір педагогикалық жүйе мен әр ұстаз осы сұрақтарға өз философиясы ауқымында жауап беруге ұмтылады. С.Мирсейітова бұл туралы келесідей жазады: «Біздің қоғамға қандай білім қажет? Басқа сөзбен айтқанда:

1. Не нәрсеге үйрету керек: фундаменталдық білімге ме, әлде осы білімді іздену дағдыларына ма?

2. «Оқыту» деген не: әрқашан және әр мәселе бойынша нұсқап отыру ма, әлде оқытудың «маңызды кезеңін» анықтап, қалған уақытта іздену мен өзін-өзі дамытуға мүмкіншілік беру ме? Оқытудың негізін не құрайды: «*даму*» ма, әлде «*қалыптастыру*» ма?

3. Оқытудың мақсаты қандай? Оқытудың басты назарын неге аудару керек: процеске ме, әлде нәтижеге ме? Басқаша айтсақ: басты мәселе «*даму*» ма, әлде «*форма*» ма? (С.Мирсеитова, 2008, 5).

Дәстүрлі (репродуктивтік) оқыту бұл мәселелерді келесідей шешеді: үйренушілерге **ақпарат** және **дайын қағидаларды**, яғни фундаменталдық білім («*Не?*») **беру** («*Қалай?*») арқылы оларды болашақта **маман** («*Не үшін?*») болып **қалыптастыру** (нәтиже). Дәстүрлі оқыту көбіне-көп білімді формалды тұрғыдан қабылдайды: шәкірттерге сабақ беретін пән бойынша оқу бағдарламасында және оқулықта келтірілген ақпарат пен мәліметтерді үйретеді, яғни оқытудың негізін бағдарлама мен оқулықтардың мазмұны құрайды.

1.3 «Білім» түсінігінің негізгі проблемалары мен стереотиптері

Білім - ақпарат емес

Білім деген не? Дәстүрлі (репродуктивтік) оқыту оны бірінші кезекте ақпаратпен байланыстырады. Бұл түсінік білім игеру процесінің басты проблемаларының біріне айналып кеткен, өйткені ол үйрену/үйретудің мазмұнын тек ақпарат «*берумен*» (ұстаз тарапынан) және «*алумен*» (шәкірт тарапынан) шектейді. Ондай жағдайда «*білімді*» деп тек көп білетін, яғни жадында, есінде көп мағлұмат сақтайтын адамды атауымыз керек шығар? Ал ондай

ақпараттың қажеті қанша, ол адам өмірін түрлендіретін, жақсартатын нәтижеге алып келе ме?

Осы түсінік дәстүрлі оқытуда басты назарды *есте сақтауға* аударады. Әдетте ұстаздар шәкірттерден не нәрсені талап етеді, не тілейді? Көбіне көп мұғалім оқушыдан кешегі сабақта өзінің айтып бергенін немесе оқулықта жазылғанды бұлжытпай қайталап беруді сұрамай ма? Егерде оқушы осы тапсырмаларды мүлтіксіз орындаса (қайтадан репродукция!), оны білімді деп есептеп, оған жоғары бағаларды қоятындығымыз рас қой?

Тіпті алысқа бармай-ақ қояйық, мектеп түлектері тапсыратын Ұлттық бірінғай тестілеу сұрақтарының дені (мәселен, қазақ тілі мен әдебиеті, тарих, география, биология пәндері бойынша) оқушының жады мен есте сақтау қабілетін ғана тексеретін сияқты. Теледидарда кең орын алған білімпаздардың түрлі жарыстары, додалары мен конкурстарының тапсырмалары да осындай деңгейде. ***Сонда білім дегеніңіз есте сақталатын ақпарат көлемі ме?***

Онда мынандай жәйтті сараптайық. Білімнің жылдан жылға дамып, өсіп отыратындығы дау туғызбайтын аксиома. Мәселен, бүткіл адамзаттың бар білетіні 1800-1900 жылдар аралығында (яғни, жүз жылда) екі есе өскен деген есеп келтіреді ғалымдар. Ал білімнің келесі екі есе өсуі енді елу жылда (1901-1950 жылдар аралығында) орын алыпты. Осыдан кейінгі еселену жиырма жылда (1951-1970 жылдарда), содан соң он бес жылда (1971-1985) болған екен. Ал қазіргі кезде білім әрбір төрт жыл сайын екі есеге ұлғайып отыр дейді ғалымдар

Сөз үйретпейді, әрекет үйретеді

Дәстүрлі оқытуда ұстаз өзіне мәлім ақиқатты жария қылып, шәкірттерінен өзінің айтқанына ғана иланып, соларды қайталап беруді талап етеді. Мұндай ұстаздың пікірі де біржақты болады: ол басқа көзқарастарды тіпті де қарастырмайды, оның қолданатын әдістері мен тәсілдері жұпыны: өз ұстанымдарын шәкірттеріне сөз арқылы жеткізе білетіндігіне кәміл сенеді, *«Мен айтып берсем – оқушы түсінеді»* деген қарапайым дидактикалық қағиданы ұстанады.

Не нәрсеге үйрену/үйрету керек?

Өмір сүруге, адам және тұлға болуға үйрену/үйрету

Француз жазушысы әрі философы Жан-Жак Руссо өзінің «Эмиль, немесе тәрбие туралы» атты кітабында «баланы өмір сүруге үйрету керек» деп жазған болатын, өйткені **өмір сүру – адамның ең басты мақсаты мен міндеті**. Ал өмір сүру дегеніміз өмірдің әрбір мезетін, әрбір көрінісін толыққанды, бар мүмкіншіліктерімен, мүшелерімен сезіну: дана деп көп ғұмыр сүрген адамды емес, өмірді жан-жақты сезіне білген адамды атамаймыз ба?!

Сондықтан да шәкірт оқу орнының табалдырығынан қандай да бір ғылым иемденіп қана емес, бірінші кезекте **адам болып шығуы қажет**. Ол өз жүрегі мен жанын өмірге және басқа адамдарға айқара ашқан, жалған қағидаларды ұстанбайтын, дүниеге өзіндік көзқарасы бар тұлға болуы керек. Адам болу дегеніміз адамгершілік қағидалар мен құндылықтарды ұстану, өмірдің мәнін өзіңнен емес, басқадан көру, «Өзің үшін!» қағидасының «Өзге үшін!» ұстанымынан бәсең болуы. Адамгершіліксіз білімнің еш қажеті жоқ екендігін ХХ-шы ғасыр дәлелдеді емес пе?!

Сол себепті де **ұстаздың басты мақсаты – шәкірттерін адам болуға баулу** деп тұжырымдауға тұрарлық.

А.Маслоудың пирамидасы

(адамның басты қажеттіліктерінің классификациясы)

«Нағыз тұлға қандай болу керек?» деген сұраққа жауап беру үшін американдық философ Абрахам Маслоудың идеяларына жүгінейік. А.Маслоу адам қажеттіліктерін жүйелеу арқылы тұлғалардың да қандай дәрежеде болатындығын көрсеткен.

1-деңгей. Физиологиялық қажеттіліктер (тамақ, ұйқы, жылу, секс, қанағаттанарлық жалақы, т.б.) – мотивацияның бұл деңгейі адамның басты қажеттіліктерін меңзейді, бұл – «өлместің амалы».

Мысалы, жұмыс орнында қызметкер бірінші мезетте өзін қанағаттандыратын жалақы мәселесін көтереді; студентті оқу ақысы мен осы жоғарғы оқу орнына түсудің төменгі балдары қызықтырады: университеттің абырой-даңқы, имиджі оны әзірше мазаламайды; мекеме (кәсіпорын, фирма, университет, т.б.) үшін бұл деңгейдегі басты мәселе – жабылып қалмау; жабылмау үшін бұл мекеме қандай да болмасын қулықтарға баруға дайын болады.

2-деңгей. Қауіпсіздік пен тұрақтылық қажеттілігі (ауру-сырқаудың, табиғи және техногенді апаттар мен катастрофалардың, соғыстың болмауы, тұрақты табыс, үй-жайдың бар болуы, т.б.) – бірінші деңгейдегі қажеттіліктер қанағаттандырылған соң туындайтын мотивация.

Қызметкер қанағаттандыратын жалақыны тұрақты түрде алғысы және жұмыс орнын сақтап қалғысы келеді. Студент жоғарғы оқу орнында қанағаттанарлық білім алып, оқу мерзімі аяқталған соң диплом алғысы келеді. Мекеме (кәсіпорын, фирма, университет, т.б.) міндетті түрде тұрақты пайда тапқысы келеді.

3-деңгей. Қандай да бір әлеуметтік топтың құрамына жату қажеттілігі (жанұя, дос-жолдастар, жұмыс ұжымы мен командасы, партия, ұлт, мемлекеттің азаматтылығы, діни конфессия, т.б.) – «Адам - қоғам мүшесі, ол қоғамнан тыс қала алмайды» қағидасынан туындайтын мотивация.

Адам қандай да болмасын бір қоғамның толыққанды және құқылы мүшесі болғысы келеді. Ол мұндай қоғамның мүдделерін өзің де мүддесі деп есептейді және соларды жүзеге асыру үшін күш жұмсайды. Ұйымдар мен мекемелердегі «команда» ұғымы (яғни, бір мүдде мен мақсаттарды, идеялар мен әдіс-тәсілдерді ұстанған пікірлес қызметкерлер жиынтығы) міне осы мотивация негізінде қалыптасады.

«Команданы» тек жалақы немесе тұрақтылық үшін жұмыс істеп жүрген адамдар қанағаттандырмайды. «Командаға» ортақ мақсатты жеке мүддеден жоғары қоятын және сол үшін аянбай жұмыс жасауға дайын қызметкерлер қажет.

Студент өзін осындай «команда» құрамында көріп, ұжым (топ, курс, мамандық, факультет, университет) игілігі мен дамуына өз үлесін қосқысы келеді. Мұнда мәселе патриотизмге келіп ойысады.

Мекеме (кәсіпорын, фирма, университет, т.б.) бұл деңгейде өзін ауқымды бір істің, қозғалыс немесе бизнестің құрамдас бөлігі ретінде сезінгісі келеді.

4-деңгей. Басқалардың мойындауы, тануы мен сыйлауына ұмтылу қажеттілігі – өзін қоғамның бір бөлігі деп есептейтін адамның басқалардың біркелкі деңгейінен жоғары шығып, өзінің ерекшеліктері мен артықшылықтарын көрсетуге ұмтылуы, басқалардың өзін нағыз тұлға ретінде мойындауын қажет етуі.

Бұл мотивация кәсіби шеберлікті шыңдауға, көшбасшылыққа, махаббатқа, марапатқа, мадақ алуға, абырой-даңқ пен билікке ұмтылудан көрінеді. Қызметкер, студент, мекеме өз қатарының алды, ең үздігі болуға, бірінші болуға ұмтылады.

5- деңгей. Өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігі - рухани даму мен кемелдену, оның жаңа жолдарын іздеу, ізгілікке ұмтылу, басқаларға жақсылық жасау, өзін-өзі және әлемді жақсартудың күнделікті қажеттілігі. Адам өзінің бүгінгі ахуалынан асып кеткісі келіп, үнемі кемелденудің жолдарын іздейді.

Психологтар 1-ші және 2-ші деңгейлерді негіз құрайтын қажеттіліктер деп есептейді. Оларды қанағаттандырмайынша, адамда жоғарғы қажеттіліктер пайда болмайды. Мәселен, жалақысы төмен кәсіпорын немесе фирмада қызметкерлер мен жұмысшылар өздерін ұжым мүшесі ретінде сезінбейді, олар өз жұмысын ұдайы түрде жақсартуға тіпті де ұмтылмайды.

Алайда көп жағдайларда негіз құрайтын қажеттіліктер қанағаттандырылса да, адамда жоғарғы қажеттіліктердің пайда болмауы да мүмкін. Адамның алға ұмтылысына оның шыққан тегі, тәрбиесі, өмір сүру ортасы және басқа да әлеуметтік факторлар ықпал жасайды.

Сонымен, нағыз тұлға дегеніміз өз қажеттіліктері мен құндылықтарын А.Маслоудың баспалдағындағы соңғы үш деңгей аумағында құрастыратын адамды айтамыз, яғни ондай адам өзінің өмірлік мақсатын құр тіршілік пен күнделікті күйбең төңірегінде қарастырмай («ішіп-жеу», «қызық көру» деген секілді), оны жоғары да асқақ идеялармен ұштастырады. Ондай тұлға өзін қоғамның бір бөлігі ретінде түсініп, қоғам игілігін өз жеке басының мұқтаждарынан анағұрлым биік қояды. Ондай адам әрдайым басқаларға қажет болуға ұмтылып, қатарының алды болуға тырысады. Ондай адам кемелденуге, жақсаруға және жақсартуға үнемі ұмтылыста болады.

Ойлай білуге үйрену/үйрету

Ақылды адам деп жадында көп мағлұмат сақтаған адамды атамай, өмір алдымызға тосқан (кәсіби, әлеуметтік, экономикалық, т.б. тұрғыдан) кез келген мәселе мен проблеманы шеше алатын адамды айтамыз. Шындығында да өмір осындай проблемалардан тұрады емес пе? Ал ақылды адам олардың шешімін тауып, сол шешімдерді практикада қолдана біледі.

Бүгінгі күні технологияларға сүйенген заманда қоғам үшін осындай тұлғалар қажет.

Проблемаларды шешу үшін адам бірінші кезекте ойлай білуі керек, демек қазіргі кезде ойлау мен ойлай білетін адамдардың маңызы ерекше. Тіпті терең ойлай білу - адамның (тұлғаның, маманның) басты қасиеті де болар: ойлау арқылы ғана адам бұл өмірден өз орнын табады.

Қазіргі күні ғалымдар ойлаудың үш түрін ажыратады:

1. Сыни ойлау.
2. Проблема шешуде қолданатын ойлау.
3. Шығармашылық ойлау (Некоторые вопросы образования-2, 33-36).

Кесте №1

Сыни ойлау	Проблема шешуде қолданатын ойлау	Шығармашылық ойлау
<ul style="list-style-type: none"> - Белгіленген критерийлер бойынша бағалау - Рефлексия түріндегі күмәндану - Дербес түрде пайымдау, қорытындылау - Логикалық талдауды қолданады - Жүйелі түрде ойлау 	<ul style="list-style-type: none"> - Аналитикалық ойлау - Эмпирикалық ойлау - Жүйелі түрде ойлау - Эвристиканы қолданады - Алгоритмдерді қолданады - Конвергенттік ойлау - Сызықтық ойлау (проблемалар бірінен соң бірі шешіледі) 	<ul style="list-style-type: none"> - Интуитивтік ойлау - Жорамалдылық - Күмәндану - Әртүрлі тәжірибе-лерді жинақтайды, біріктіреді

Сыни ойлау - сенім («Не нәрсеге/кімге сенуім керек?») мен құндылықтарды таңдау, қандай да болмасын мәселе бойынша барлық сұрақтар қарастырылғанша «сыпайы» түрде күмәндану.

Проблема шешуде қолданатын ойлау - жүйелі талдауды қажет ететін ойлау процесі, мұнда бұрынғы білім білмейтінді анықтау үшін қолданылады (эвристика). Ойлаудың бұл түрі *бақылау, қорытындылау, жалпыламалау, жорамалдау (гипотеза құру) мен оны тексеру* секілді әрекеттер арқылы атқарылады. Мұнда тәжірибе қою арқылы (эмпирикалық тәсіл) проблемалар арасында байланыстар анықталып, олар бір-біріне жақындастырылады.

Шығармашылық ойлау проблеманың қиял мен фантазия, елестету арқылы вариациялары көп шешімдерін келтіруді меңзейді.

Оқу/оқыту шәкірттерді осындай ойлау түрлеріне ынталандыруы керек, олар әр сабақта қандай да болмасын тапсырманы орындағанда оны жекелей және бірлесе отырып, жан-жақты қарастырып, ой елегінен өткізіп, туындаған ойлары мен түсініктерін ортаға салып, талқылап, пікірлесуі қажет. Ойлау дегеніміз мәселе жайында өзіне сұрақтар қойып, соларға жауап іздену, жекелей және бірлесе ой қозғау. **Ақыл-ой тек ойлану арқылы ғана дамидығын ұмытпау керек.**

Өзіндік түсінік қалыптастыруға үйрену/үйрету

Кезінде философ Мишель Монтень келесідей айтқан екен: «Егерде оқушы Ксенофонт немесе Платонның пікірлері хақында ойланып, оларды қабылдаса, ол пікірлер жаңағы философтардың меншігі ғана болмай, оқушының пікіріне айналып кетеді» (Монтень, 123).

Сөйтпін шәкірттер оқыту процесінде қарастырылатын әрбір мәселе бойынша ой толғатып, оны өздігімен жан-жақты зерттеп, өз түсінігін қалыптастыруы керек. Білім алу жүйесі әр үйренушіге өз әлемін айқындап, оның құндылықтары мен қағидаларын белгілеуге көмек беруі керек. Бұл арқылы оқушы өзінің ішкі жан дүниесінің ойлануға (рефлексияға) негізделген әлемін ашып, оны басқаруға үйренеді.

Бұрынырақта тұлғаның дамуын біз бірінші мезетте **білімділік** тұрғысынан өсумен байланыстырсақ, қазіргі күні педагогика бұл мәселені оқушылардың **өзіндік ой-толғанысына** (рефлексиясына) негіздейді. Ал **рефлексия** дегеніңіз зерттеліп жатқан

болмысқа деген шәкірттердің өзіндік көзқарасы мен түсінігі, оның құндылықтарын, себептері мен салдарын, мағынасын түсінуі. Рефлексия дегеніміз ойланып-толғану, өз түсінігінді қалыптастыру, өзінді тану мен түсіну. Сол себепті де үйренуші атқаратын барлық іс-әрекеттердің негізін рефлексия құрау керек: сол арқылы шәкірт алдында тұрған барлық мәселелер мен проблемаларды терең түсініп, оларды шеше біледі.

Әлеуметтік тәжірибе арқылы үйрену/үйрету

Оқытуда тағы да бір мәселеге ерекше назар аудару керек: **шәкірттің әлеуметтік тәжірибесін арттыру**. Басқаша сөзбен айтқанда, **оқу процесінде әлеуметтік мазмұн басым болуы қажет**.

Білім деген тек дағды мен білік ғана емес, сонымен бірге адами қасиет екендігін ізгілікке зәру ХХ ғасыр кеш түсінді. Біз - адамбыз және де күніміз тек қана адамдармен болмақ, демек білімнің басты мазмұны - адамгершілік қасиеттерге баулу болып табылатын шығар? Кезінде Абайдың да басты өмірлік қағидасы «Адам бол!» емес пе еді? Адами қасиет болмаса, қалғанның бәрі де бос, даурықпа сөз.

Тамаша философ Иммануил Канттың өмірлік қағидасы келесідей болған: «Адам әрқашан да мақсат болып, ешқашан құрал болмауы керек». Бұл сөздер бойынша дүниеде барлығы да адам үшін, оның игілігі үшін жасалуы шарт, алайда адамның қолымен немесе адамның арқасында белгілі бір мақсатқа жетуге тырысу - адамгершілікке жатпайды. Біз бар ұмтылысымызды адамдарға, яғни қоғам игілігіне бағыштауымыз керек: өміріміздің ең басты қағидасы – **басқалар үшін өмір сүру** болмай ма?! Олай болса, оқытуда да барлық әрекетті осы идеямен байланыстырып, оның төңірегіне шоғырландырған абзал.

Бүгінгі күні педагогикада білім алу мен қоғам мүдделері тығыз қарым-қатынаста қабылданады. Мұндай көзқарас бойынша қандай да болмасын білім қоғамда өмір сүріп, әлеуметтік проблемаларды шешумен тығыз байланыста болуы керек. Бұл ұстанымның екі атауы бар: оның бірі - «Сыни сауаттылықты дамыту», ал екіншісі - «Қоғамға қызмет жасау негізінде білім беру» (*қараңыз: Ч.Темпл /2005, Д.Рован және В.Видович, Дж. Тейлор, Дж.Хербек және К.Бейер, Э.Бек, Х.Моулд*). Бұл екі атау да мазмұн жағынан бір-біріне ұқсас, бірін-бірі толықтырады, бір-бірінің дамуы мен жалғасы болып табылады, сол себепті де оларды бір ұғымды білдіретін терминдер деп түсінген дұрыс.

«Сыни сауаттылық» ұғымының пайда болуы бразилиялық педагог Паоло Фрейренің есімімен байланыстырылады (Ч.Темпл, 2005, Э.Бек). Мамандығы бойынша заңгер болғанына қарамастан, П.Фрейре Сан-Паулу қаласында әлеуметтік төменгі сатыда тұрған қала кедейлерінің сауатын ашу жұмысын өз өмірінің басты мақсаты ретінде санаған: аш-жалаңаш, қайыр сұраған дәрежедегі адамдарды осындай тағдыр шырмауынан, қоғамның жаншуынан азат ету үшін ең бірінші мезетте олардың сауатын ашу керек болды.

П.Фрейре «Өмірді оқыту/үйрету керек, өмірмен оқу/үйрену керек», - деп тұжырымдайды. Сондықтан да балаларды көркем әдебиетті оқытуға үйрету жеткіліксіз, оларды күнделікті өмірде ойып орын алған мәселелерді шешуге үйрету керек дейді бразилиялық педагог. Ал ол үшін саясаткерлердің сөздерін, әлеуметтік қызметтердің жұмысын, тіпті жарнамаларды дұрыс түсініп, оларға әлеуметтік әділдік тұрғысынан тиісті баға беруге үйрену/ үйрету керек. Басқаша айтқанда, үйренуде/үйретуде өмірге бағытталу керек.

Не нәрсеге үйрену/үйрету керек?	Қалай үйрену/үйрету керек?	Не үшін үйрену/үйрету керек?
<p>1. Қағидалық мәселелер</p> <ul style="list-style-type: none"> - өмір сүруге - адам болуға - ешкімге де тәуелді болмауға, өзіндік тұрғыдан әрекет жасауға - маман болуға 	<p>1. Өздігімен «<i>Үйрету мүмкін емес, тек үйрену ғана ықтимал</i>» деген қағиданы ұстана отырып, өздігімен үйрену.</p> <p>2. Белсенді әрекеттер арқылы Білім тек белсенді әрекеттерді қолдану арқылы ғана игеріледі.</p>	<p>1. Адам болу үшін, тұлға болу үшін Бұл адамның ең басты міндеті мен мақсаты. Адам үшін басқалар да ең басты мақсат және құндылық болуы керек.</p>

<p>- өмір бойы үйрене білуге</p> <p>2. Нақты білік пен дағды</p> <p>- ақпаратты таңдап, оны өздігінше игере білу, өз мұқтаждығына пайдалана білуге</p> <p>- ойлай білуге, ойлануға</p> <p>- ізденуге, жаңалық ашуға</p> <p>- қандай да болмасын мәселе бойынша өзіндік түсінік, пікір, көзқарас қалыптастыра білуге</p> <p>- тиімді қарым-қатынас құра білуге</p> <p>- дұрыс таңдау жасап, шешім қабылдай білуге</p> <p>- өмірде туындаған проблемаларды шеше білуге</p>	<p>3. Бірлесе</p> <p>Білімді жекелей емес, бірлескен (жұп, шағын топ, аудитория құрамында) жағдайда жасалған жұмыс пен әрекеттер арқылы игерген тиімді.</p> <p>4. Өмірмен байланыс арқылы</p> <p>Қандай да болмасын пән (тақырып) өмірде туындаған проблемаларды шешуге бағытталады</p> <p>5. Рефлексия арқылы</p> <p>Философиялық</p> <p>(«<i>Мен кімін? Қандаймын? Қайда бара жатырмын? Менің өмірімнің мәні мен мақсаты қандай?</i>») және танымдық («<i>Мен не білемін? Мен не үйрендім? Бұл білім маған қажет пе? Мен бұл білімді қалайша қолдана аламын? Мен тағы да не білім келеді? Мен оны қалайша білемін?</i>») сұрақтар төңірегінде ой қозғау.</p>	<p>Өмірдің басты заңдылығы «Кім болу?» емес, «Қандай болу?»</p> <p>2. Азамат болу үшін</p> <p>«Біз» есімдігі «Мен» есімдігінен анағұрлым жоғары, ал қоғам мүдделері жеке бастың мүдделерінен биік екендігін қабылдау керек.</p> <p>3. Маман болу үшін</p> <p>Өздігімен өмір бойы үйрене білу, жалпы адами құндылықтарды ұстану, фундаменталды және кәсіби білік, машық, дағды, құзырлықтарды меңгеру</p>
---	---	--

Білім түрлері: репродуктивтік және конструктивтік

1) репродуктивтік;

2) конструктивтік.

Философ Джон Дьюи, психологтар Жан Пиаже мен Лев Выготский, математик және логик Алфред Гхэд, педагог Т.Лешкевич, философ Владимир Данченко және басқалар білімнің бұл түрлері өздері бойынша бір-біріне қарама-қарсы деп есептеген.

Алғаш қоса білім берудің де екі үрдісін ажыратуға болады: *репродуктивтік тұрғыдан білім берудің дәуірдің әдістемесіне жатса, конструктивтік тұрғыдан білім игеру - бүгінгі және ертеңгі білімі.*

Репродуктивтік білім

Білімнің бұл түрі ырықсыз, бәлсенді (пассив түрдегі) түйсінуді (қабылдауды) білдіреді; мұнда оқушының субъективтік және өзіндік түсінігіне жол берілмейді: репродуктивтік білім «мендірусіз, еш өзгертусіз қайталау» деген ұғымды меңзейді.

Репродуктивтік білім есте сақтау және қайталауға негізделеді, мұнда қарастырылатын метод білім алушы тұрғысынан аз мөлшерде өзгертіліп, интерпретацияланады.

Репродуктивтік білімде бағдарлама (оқытудың, пәннің бағдарламасы) негізгі рөл атқарады («бағдарлама центристтік» білім), өйткені мұндай білім шәкірттің жеке тұлғасына бағытталмай, ары жақтан белгіленген оқытудың бағдарламасына арқа сүйейді: «бағдарламада қалай ірілсе, солай оқыту керек» деген қағиданы ұстанады.

Репродуктивтік білімде басты тұлға – үйретуші («ұстацентристтік» білім), өйткені ол білім алушының мүдделерін ескермей, үйретушіге (ұстазға) бағытталады.

Репродуктивтік білімнің түрлері:

1) Сипаттаушы білім

қайталауға негізделген сипаттауға бағытталады;
негізгі сипаты: **көрнекілік;**

2) Түсіндіруші білім

объективтік дәлелдемеге ұмтылады;
негізгі сипаты: **дәлелділік** (өз көзқарасының дұрыстығын дәлелдеу).

2. Конструктивтік білім

Конструктивтік білімде басты назар «пән» немесе «бағдарламаға» емес, үйренуші (шәкірт) асына аударылады, ал ұсынылған білім **тұлғаны өзгерістерге ынталандырады**: шәкірт алған білімді (ақпаратты, мәліметті, ұғымды, т.с.с.) өзіндік тұрғыдан өзгертсе, оның үйренген білімі шәкірт асын да өзгертеді (дамытады, өсіреді).

Сол себепті де конструктивтік білімді кейде түрлендіруші білім деп те атайды.

Неліктен «конструктивтік» деп аталады?

Білім алушы өздігімен ақпарат, фактілер, ережелер мен қағидалардан дербес (өзіндік) мағына, пікір, ой, идея, тұжырым құрастырады;

Конструктивтік білім шәкіртті **рефлексия** (ой-толғаныс) арқылы өзін-өзі «түрлендіруге», өзінің асын өзгертуге ынталандырады;

Конструктивтік білім тұлғаға **өзін-өзі түрлендірудің** (өзгертудің) айқын да анық мақсаттары мен шарттарын беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды тұлғаның тұлға бойына сіңіріп, оны өзін-өзі түрлендіру ісіне жұмылдырады.

Неліктен конструктивтік білім бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады?

Талаптарға және түсіндіруші білімдер қаншалықты қажетті болса да олар **әлемді өзгерте алады**, өйткені әлем тек адамның түрлендіруші әрекеттері арқылы өзгере алады, яғни оқытуда білімге назарды тұлғаның жеке қасиеттері мен оның белсенді әрекеттеріне, оның қолынан келетін нәтижеге аудару қажет.

Конструктивтік білімнің негізгі сипаты

Түрлендіруші тұлғаның (әрекеттердің) тиімділігі оның адамды өзін-өзі түрлендіру ісіне қатынасты білуіне байланысты.

*Сол себепті де конструктивтік білімнің негізгі сипаты ретінде оның әрбір білім алушыға **тиімділігі мен қызықтылығы** танылады.*

Адамның көңілін өзіне тартпайтын, қызықсыз білім болмысынан конструктивтік емес.

Қалайша қызықты жасауға болады?

Адам өзі үшін мағыналы деп шешкен нәрселер ғана оны өзіне тартып, оның қызығушылығын арттырады. «Қызық» дегеніміз адамның жеке басының мүддесін ескеретін, «МЕН» тұрғысынан қызығы бар нәрсе.

Сол себепті де конструктивтік білімнің барлық жүйелері әр адам үшін маңызды деген өмірлік мәселе немесе проблемалар жиынтығы төңірегінде шоғырланады.

Ұстаздың басты мақсаты: *шәкіртке сабақтағы әңгіменің (тақырыптың) оған қажетті (ол мағыналы деп есептейтін) нәрселер жайында болатындығын сезіндіру.*

3. Екі білімді салыстыратын болсақ

Репродуктивтік білім	Конструктивтік білім
<i>Жоғарғы жақтан күштеу</i>	<i>Тұлғаның өзін-өзі көрсете білуі мен дамуы</i>
<i>Еркіндікке жол бермейтін тәртіп (үйретуші тарапынан белгіленген)</i>	<i>Еркін түрде әрекеттесу, үйренушілердің өздері қабылдаған ережелерді (тәртіпті) ұстану</i>
<i>Кітаптар(оқулықтар) бойынша үйрену</i>	<i>Тәжірибе арқылы үйрену</i>
<i>Қайталау арқылы жүйеленбеген (арасында байланысы жоқ) біліктер мен дағдыларды қалыптастыру</i>	<i>Өмірде қажетті мақсаттарға жету үшін біліктер пен дағдыларды игеру</i>
<i>Бұлыңғыр болашаққа дайындау</i>	<i>Бүгінгі күннің мүмкіншіліктерін мейлінше пайдалану</i>
<i>Статикалық (өзгерістерге ұшырамайтын) мақсаттар мен материалдар</i>	<i>Әлемнің күнделікті өзгерістерге толы динамикасы</i>

Біз қалайша үйренеміз?

(Үш көзқарас)

Конфуций:

1. «Маған айтып берсең – ұмытып қаламь
2. көрсетсең – есте сақтаймь
3. өзіме жасатсаң – үйренемі

2. Оқытудың кейбір тәсілдерін қолданғанда мәліметтің есте сақталуы

(А. Маслоудың идеялары бойынша Н.Сандерстың кестесі)

Оқу әрекеттері	Есте сақталу көрсеткіші
Лекция	5%
Мәтін оқу	10%
ОТҚ (аудио- және видео құралдар) қолдану	15%
Көрнекілік (жобалар, кестелер, схемалар, суреттер)	30%
Пікірталас	50%
Практикалық іс-әрекеттер	75%
Үйренген білімді дереу қолдану, басқаларды үйрету	90%

(«Бетель» лабораториясының зерттеуі негізінде, АҚШ, Мэн штаты)

3. Біз білімнің

10% - тін оқығанда,

20% - тін тыңдағанда,

30% - тін көзбен көргенде,

50% - тін көзімізбен көріп, тыңдағанда,

70% - тін пікір таластырғанда,

80% - тін тәжірибе жасағанда,

95% - тін басқаларды үйреткенде

игереміз.

Вильям Глассер

Бағалау сапаны басқару ретінде

жоспары:

1. Білім сапасының көрсеткіштері.

2. Білім беру сапасы мен тиімділігін бағалау.

3. Оқытудың дәстүрлі және жаңа нәтижелерін бағалау құралдары. Бақылаудың түрлері.

4. Оқыту сапасын бақылауды ұйымдастыру және оның түрлері, формалары.

5. Баға және оның қызметі. Мұғалімнің бағалау жұмыстарының педагогикалық-психологиялық аспектілері

Бүгінгі күні біздің қоғамға проблемаларды шеше алатын, шешім қабылдайтын, сындарлы ойлайтын, идеялар мен өнімді пікір ұсына алатын және командада, топтарда тиімді жұмыс істейтін икемді, креативті және бастамашылық қабілеті бар жастар қажет. Адамдардың өмір бойы білім алуына ынталандыру үшін жастардың жеке қабілетін жан-жақты дамытып, оларға жан-жақты білім беру шеңберінде тиімді ойлау қабілетін сіңіру қажет.

Бағалау – бұл оқушыларды оқытудың жоспарлы мақсаттарының нәтижелеріне нақты қол жеткізу сәйкестігінің деңгейін белгілеу. Бағалау бұл – ізденетін, диалогтан алынған ақпаратқа жауап беретін, тұрақты оқытуды жақсартатын тәсілдерді анықтайтын және бақылайтын, студенттердің, мұғалімдер мен әріптестердің күнделікті тәжірибесінің бөлігі.

Құзырлы оқытудың маңызды факторы мұғалімнің оқушының тақырып мәнін өз бетінше меңгеруін түсінуі мен бағалай алуы болып табылады. Мұндай тәсіл бұл үредіске оқушының өзінің де қатысуын талап етеді. Оқушы мұндай жауапкершілікті көбінесе сабақ беру барысында мұғалім қалыптастыратын ортада сезініп, қабылдайды. Сондықтан мұғалімде Шулман көрсеткен “Үш көмекші” деп атаған қасиеттер болған жағдайда ғана оқыту табысты болады.



Кәсіби түсінік. Тұғырлы теориялық базаға негізделген, жеткілікті білімнің болуын талап етеді. Сондай-ақ тәжірибені түсіну, дамыту, жетілдіру, зерттеулер нәтижелерін қалай қолдану керектігін білуді көздейді.



Кәсіби өнегелік тұтастық. Мұғалімдер ұстаз мамандығының этикалық және моральдық құндылықтарын ұсынады. Демек, олар шыншыл, батыл, төзімді, оқушыларға сенімділік, құрмет көрсете білетін әділ адамдар.






Оқытудың тәжірибелік дағдылары. Бұл жұмыс жүргізу, демонстрациялау, түзету, оқыту, бағалау сияқты тәсілдер арқылы идеяларды түсіндіре білуді, техникалық, тәжірибелік дағдылары мен тәсілдерін білуді талап етеді. Сонымен қатар ынталандыру, көтермелеу, шектеу, сабақ кезеңдерін жоспарлау, бағалау әдістемелерін меңгеру қажет.

Нұрлы ақыл. Зеректік,білім.

Жылы жүрек. Махаббат,
әділет,ұят,рахым.

Ыстық қайрат.
Талап,еңбек,шыдамдылық.

	Абай	Шульман
1	 head	<i>Нұрлы ақыл</i>
2	 heart	<i>Жылы жүрек</i>
3	 hand	<i>Ыстық қайрат</i>

Жоғарғы оқудың басты мақсаты – нәтиже

Болонья процесі идеялары мен талаптары аумағында әрбір жоғарғы оқу орнының алға қойған мақсаты **оқу нәтижесімен** байланысты болуы керек. Ал оқу нәтижелері дегеніміз студенттердің оқу аяғында әртүрлі деңгейлерде (модульдік, институционалдық) қандай құзырлылықтарды меңгеретіндігін анықтап, көрсету:

- не білетіндігін және не жасай білетіндігін,
- қандай да бір бірліктермен өлшеуге келетін жетістіктерін.

Бүгінде жоғарғы оқудың реформасы білім нәтижелерін жоғарғы оқу орнының негізгі қызметіне (функциясына) айналдырып, нәтижені оның іс-әрекетінің аяққы нысанасы ретінде таниды. Сол себепті де жоғарғы оқу орны келесі мәселелерді жаңа тұрғыдан анықтап, соған орай өз қызметін де өзгертуі керек:

- «нені», «кімге», «қалай», «қашан», «не үшін» **оқыту**;
- «нені», «кімді», «қалай», «қашан», «не үшін» **бағалау**.

Білім нәтижелері оқыту, оқу, бағалаумен тығыз байланысты болғандықтан, әрбір жоғарғы оқу орны келесі мәселелерді жан-жақты анықтап алуы керек:

- **жоспарлау**,
- **оқу/оқыту әдістемесі**,
- **бағалау мен оқу сапасын қамтамасыздандыру**.

Бұл ұғымдардың мазмұны мен мағынасы түбегейлі түрде өзгеруі тиіс. Мәселен, бұрынырақта **жоспарлау** студенттердің «не» оқу/үйрену керектігін сипаттап, оқытушылар тарапынан оқытылатын/игерілетін тақырыптарды айқындайтын. Ал енді оқу жоспарлары мен бағдарламалары нәтиже терминдеріне сәйкес құрастырылуы керек: олар студенттердің «**не білу**» керектігін, «**не жасай алатындығын**» көрсетуі қажет, ал бұл үшін жоспарлар мен бағдарламалар «**студенттер үшін**» құрастырылмай, «**студенттермен бірге**» форматында жасалуы тиіс.

Ал әр мамандық пен пәннің **оқу/оқыту әдістемесі** студенттерді белсенділендіретін, олардың өлшелмелі білім, білік, дағды, машықтары мен құзырлылықтарын көрсете алатын **интербелсенді технологиялар мен әдістерді** оқу процесінде қолдануы тиіс.

Бағалау мен оқу сапасын қамтамасыздандыру дегеніміз әртүрлі деңгейлерде (модульдік, пәндік, семестрлік, курстық, толық оқу курсы, институционалдық) сапаны қамтамасыздандыратын стандарттарды, процедуралар мен механизмдерді айқындап, қолдану.

Стандарттар, жоспарлар мен бағдарламаларда студенттердің құзырлылығы келесідей деңгейлерде көрсетілуі керек:

1) Пән ерекшеліктеріне сәйкес құзырлылықтар (яғни, пән аумағындағы білім мен дағдылар тұрғысынан).

2) Әмбебап құзырлылықтар (барлық пәндерге қатысы бар білік пен дағдылар: сөйлеу, жазу, проблема шеше білу, ақпараттық технологияларды қолдана білу, бірлесе жұмыс жасау дағдылары, т.б.).

Осыған сәйкес **оқу нәтижелеріне келесідей талаптар қойылады:**

- пән немесе бағдарлама (оқудың толық курсы) тұрғысынан студентке (түлекке) қойылатын талаптар (стандарттар) мен күтілетін нәтижелерді көрсетуі керек;

- студенттің оқуды аяқтағаннан кейінгі нақты айқындалған (бақылауға боларлық және өлшеуге мүмкін) білімдерін, біліктерін, дағдыларын, түсінігін, оның алған білімдерді қолдана білуін, оларды талдай білуін, олардың негізінде жаңа білім құрастыруын, оларды бағалауын (**Блум таксономиясы** бойынша) көрсетуі қажет.

Оқу нәтижелері тек жазба жұмыстары арқылы айқындалуы мүмкін, сол себепті пән немесе оқудың толық курсы аяқталғаннан кейін студент өзінің «**не нәрсеге үйренгенін**» жазбаша түрде көрсетуі керек.

Жоғарғы оқу орындарында нәтижені оқу процесінің басты мақсатына айналдыру келесі міндеттер арқылы жүзеге асырылады:

1. **Білімнің студентцентристік парадигмасын қабылдау.**
2. **Кәсіби дайындықта «біліктілік» ұғымынан «құзырлылық» идеясына ауысу.**
3. **Білім игеру ісін өмір бойғы үздіксіз процесс деген қағиданы ұстану.**
4. **Оқу процесіне іс-әрекеттерді өлшеу мен бағалау жүйесін енгізу.**

Білімнің студентцентристік парадигмасын қабылдау

Сонымен бүкіл әлемде жүріп жатқан жоғары білім жүйесі реформасының басты мағынасы - оқытудың мазмұнын жоспарлауды (кешегі күннің идеясы) білім игеру процесінің нәтижелерін құрастырумен алмастыру. Бұл ұстаным оқу/оқыту процесіне келесідей өзгерістер әкеледі:

1. Басты назар оқытушыдан студентке ауысады.

2. Білім жүйесі «оқытудан/үйретуден» (оқытушыны басты тұлға деп танитын ұғым) - негізгі субъект ретінде студентті қарастыратын «оқуға/үйренуге» ауысады.

Оқу процесіне іс-әрекетті өлшеу және бағалау жүйесін енгізу

Сапа – білім жүйесінің негізгі мақсаты. Ол студенттердің үйрену процесінде қомақты нәтижелерге қол жеткізуіне пән, оқытушы (іс-әрекеттер, әдістеме арқылы) және жоғарғы оқу орны қалайша көмектесетіндігін көрсетеді.

Мамандарды дайындау сапасы дегеніміз жоғарғы білімді маман даярлау ісінің (процесінің, нәтижесінің) қажеттіліктерге (мәселен, мемлекеттің, қоғамның, жеке тұлғаның), мақсаттарға, талаптар мен стандарттарға сәйкес келуі. Мамандарды дайындау сапасы студенттің (түлектің) қандай қасиеттердің жиынтығын иеленгендігін көрсетеді.

Әрбір студент, жоғары оқу орны мен оның құрамдас бөліктері (факультет, кафедра) өз іс-әрекеттерінің сапасы жоғары болуына және оның үнемі жақсарып отыруына мүдделі. Ал сапа бағалау арқылы анықталады.

Бағалау – іс-әрекеттердің (оқыту/үйрету, оқу/үйрену) алдын-ала жоспарланған нәтижелерімен салыстырғанда өсу мен дамудың (жетістіктердің) деңгейлері туралы қорытынды жасау үшін қолданатын жазбаша, ауызша және практикалық тестердің, жобалар мен портфолиолардың жиынтығы.

Жоғары оқу орны өз жұмысының сапасын келесі деңгейлерде тұрақты түрде жетілдіруді мақсат тұтуы керек:

- жоғары оқу орнының дербестігі;
- оқу/оқытудың мақсаттары мен құралдары;
- оқу бағдарламаларының сапасы;
- профессор-оқытушы құрамының сандық және сапалық көрсеткіштері;
- студенттермен кері байланыс жасау;
- оқу кредиттерін жинақтау сапасы;
- пән аралық байланыс;
- инфраструктура мен жабдықталу;
- оқытушылар мен зерттеушілердің ынтасы (мотивациясы);
- жұмыс берушілермен байланыс;
- жаңалыққа (инновацияға) құштарлық.

Оқу процесіне іс-әрекетті өлшеу және бағалау жүйесін енгізу келесі әрекеттерді жүзеге асыруды талап етеді:

1) Сапа саласында терминологиялық аппарат құрастыру, ал ол үшін:

а) терминологиялық кеңістік құрастыру,

ә) Қазақстанда білім жүйесінде қолданатын жалпы қағидалар тұрғысынан жоғары оқу орнының қызметін сипаттайтын терминдердің сөздігін (глоссарий) құрастыру, мұнда бірінші кезекте келесідей сөздердің мағынасын айқындау: «оқу нәтижелері», «құзырлылық», «сапа», «бағалау», «бағалау құралдары», «жұмысқа орналастыру», «білім деңгейі», «стандарт», «біліктілік», т.б.

2) Оқудың/оқытудың статистикалық көрсеткіштер жүйесін құрастыру, ал ол үшін:

а) мамандар рыногы мен жұмыс берушілердің талаптарына сәйкестендірілген мамандықтар және мамандырулар бойынша жоғары оқу орнының ішкі стандарттарын құрастыру және іс жүзінде қолдану.

Нәтижеге бағытталудың мақсаттары мен міндеттері

Мақсаттар	Міндеттер
Білім жүйесінің студентцентристік парадигмасы	<ul style="list-style-type: none"> - Студентті білім жүйесінің басты тұлғасына айналдыру. - Өздік жұмыс үлесін арттыру. - Оқытушы рөлін «үйретушіден» «ұйымдастырушыға» ауыстыру. - Жоғарғы оқу орнына басшылық жасауда студенттердің рөлін өсіру.

	- Студенттердің мобильдігін кеңейту.
Құзырлылық идеясы	- Оқу процесінде интербелсенді әдістерді қолдану. - Оқу процесін динамика мен қызыққа толы процеске айналдыру. - Оқытушылар мен студенттер арасында тең құқылы қарым-қатынас орнату.
«Білім – үздіксіз процесс» идеясы	- Пән аралық негізгі (ақпараттық және әлеуметтік) біліктерді игеру. - Оқу процесін белсенділендіру. - Оқу процесін бағалауда әртүрлі механизмдерді қолдану.
Әрекеттерді өлшеу және бағалау жүйесі	- Сапа саласында терминологиялық аппарат құрастыру. - Оқу процесінің статистикалық көрсеткіштері жүйесін құрастыру. - Оқу процесін мониторингтеу және болжамдау жүйесін құрастыру. - Әртүрлі деңгейлерде (модульдік, институционалдық) оқу сапасын бағалау жүйесін құрастыру.

- ә) түлектерді аттестаттау үшін бағалау құралдарын құрастыру,
 б) мамандықтар және мамандырулар бойынша түлектерді аттестаттаудың бағалау құралдарының қорын құрып, оны әдістемелік тұрғыдан қамтамасыздандыру,
 в) көрсеткіштерді тұрақты түрде талдап отыру,
 г) жұмысқа қабылдау үшін профессор-оқытушы құрамына қойылатын сандық және сапалық талаптардың жиынтығын құрастыру.
- 3) Оқу процесін мониторингтеу және болжамдау жүйесін құрастыру:
 а) білім сапасының ішкі мониторингісін қалыптастыру,
 ә) әр ай сайын сапаның ахуалы туралы аналитикалық есептер дайындау.
- 4) Оқу сапасын бағалау жүйесін құрастыру:
 а) модульдік деңгейде (пән, курс),
 ә) мамандықтар деңгейінде,
 б) жоғары оқу орны деңгейінде.

Болонья процесінің басты идеясы мен ұстанымы ретінде танылатын нәтижеге бағытталудың негізгі ұғымдарын №5 кестеден көруге болады. Сонымен, Болонья процесі студентті білім процесінің негізгі тұлғасына айналдырып, білім нәтижесін оның құзырлылықтарымен өлшейді. Бұл ұстаным оқу процесінде студенттің өзіндік және дербес әрекеттер үлесінің күрт өсуіне алып келіп, оқу әдістемесінде интербелсенді әдістер мен тәсілдерді қолдануды міндетті түрде талап етеді

Оқушылардың оқу жетістіктерін мектептік бағалаудың халықаралық моделдеріне тарихи шолу

Жоспары:

1. *Англия, АҚШ, Финляндия, Канада, Сингапур, Австралияда қолданылатын мектептік бағалау моделінің мазмұны.*

2. *Ресейдегі білімді бағалау үрдісі.*

Әлемнің 8 еліндегі: Англия, АҚШ, Финляндия, Канада, Сингапур, Австралияда қолданылатын мектептік бағалау моделінің талдауы олардың арасындағы айырмашылықты, жалпы түсінікті анықтауға және іс-жүзіне асыру жолдарын табуға мүмкіндік берді.

Әр мемлекетте қабылданған мектептік бағалаудың анықтамасы сол елдің білім саясатына және бағалауды қалай қолдануына тәуелді: оқытуды дамыту үшін немесе баға қою үшін. Сонымен, қалыптастырушы бағалау АҚШ, Жаңа Зеландия, Финляндия, Канада, Сингапурде оқу бағдарламаларын және оқушылардың оқу процесін жақсарту үшін қолданылады.

Қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың нәтижелері АҚШ, Гонгконг, Австралияда шынайылықты арттыру үшін және бірыңғай критерийлер негізінде бағалаудың әділдігі үшін қолданылады. Әр елде мектептік бағалау негізіне жалпыға танылған көзқарастар бар:

Біріншіден, сабақ беру, оқыту және бағалау өзара байланысты және мектептік бағалау оқыту мен оқыту жұмыстарының бөлінбейтін бөлігін құрайды (Бойл және Чарльз 2010).

Екіншіден, мектептік бағалау оқу барысында (сабақ беруде) деректерді жинау және оқушы

мен мұғалім арасында оқушының сұранысына сай оқытуды және күтілетін нәтижені ескере отырып сабақ беру барысын түзету үшін кері байланысты орнатады және ол қалыптастырушы бағалау деп аталынады. (Белл және Коуи 2001; Хэритидж 2008, 2011; Шепард 2005; Пофам 2008, Коркоран и др. 2009).

Үшіншіден, мектептік бағалаудың нәтижесінде алынған ақпарат оқушыларға баға қою және барлық мүдделі тараптарға есеп дайындау үшін қолданылады.

Төртіншіден, мектептік бағалау нәтижелері туралы ақпарат оқу бағдарламаларын және жоспарларды жетілдіру үшін пайдаланылады.

Жаңа білім беру стратегиялары мен бағалау жүйесі

жоспары:

1. *Білім беру жүйесіндегі бағалаудың орны.*

2. *Қазіргі заманғы білім беруді дамытудың негізгі бағытын айқындау үрдісі.*

3. *Оқыту нәтижелерін бағалау жүйесіндегі жаңалықтар.*

«Бағалау не үшін керек?» деген сұраққа дәстүрлі оқыту жүйесінде «Студенттердің білімін тексеру үшін» деген жауап беріледі, өйткені мұнда бағалауды оқытушы тарапынан студенттің білім деңгейін анықтау деп қарастырылады. Осы тұрғыдан оқытушылар өз әрекеттерін межелік/аралық бақылауда немесе емтиханда студенттерден берілген сұрақтарға ауызша жауап алумен немесе тест қабылдаумен шектейді. Алайда мұндай тексеріс көп жағдайда студенттердің есте сақтау қабілетін ғана анықтап, олардың не үйренгендігін, білімділігі мен біліктілігінің жалпы деңгейін айқындамайды. Бұған қоса бұл жерде «бағалау» ұғымы «баға қою» ретінде қабылданады, ал мұндай түсінік бағалаудың мазмұны мен барлық ерекшеліктерін айқындамайды.

Бағалау бірінші кезекте білімнің сапасын айқындау үшін қажет. Егерде біз өз жұмысымызда елеулі табыстарға қол жеткізгіміз келсе, онда өткен уақыттағы және қазіргі нәтижелерімізді анықтауымыз керек, яғни жұмысымыздың оң жақтары мен кемшіліктерін айқындап, оны бағалауымыз қажет.

Жоғары мектептің жұмыс сапасы ЖОО-ның өз мақсаттарын (миссиясын) қандай деңгейде орындайтындығымен байланысты. Сапа - жоғары оқу орнының (немесе пәннің, сабақтың, оқытушының) оқу нәтижелеріне қол жеткізуде студентке қандай деңгейде көмектесіп, студенттің «не үйренгендігінің» айғағы. Осыған орай оқу/оқыту сапасын қажетті деңгейде қамтамасыздандыру үшін жоғарғы оқу орындары **өз жұмысын бағалауда** келесідей мәселелерге назар аударып, қойылған талаптарды орындауы керек:

1) Мақсат.

Оқудың/оқытудың мақсаттарын айқындау:

- *Білім жүйесінде бағалау не үшін керек? Бағалау кім үшін қажет және оның нәтижелерін кім пайдалана алады?*

а) Бағалау білім деңгейінің сапасын айқындау үшін қажет:

- студент өзінің білімі ахуалын білгісі келеді,

- оқытушы студенттің білімі қандай дәрежеде екендігін және өзінің оқыту әдіс-тәсілдерінің нәтижелігін анықтағысы келеді,

- ЖОО әкімшілігі бұл екеуінің де жұмысқа деген қабілеті мен білімі, кәсіби деңгейін білуді мақсат тұтады,

- мемлекет министрлік арқылы бюджеттік қаржының қалай жұмсалатындығын және болашақ мамандардың дайындау ісінің ахуалы мен деңгейін білгісі келеді.

ә) Бағалау жоспарланған нәтижелермен (стандарттармен) салыстырғанда білім деңгейі мен оқудың/оқытудың қаншалықты дәрежеде екендігін білу үшін қажет.

б) Бағалау оқу мен оқытуда қолданылып жатқан әдістемелік ұстанымдардың тиімділігін білу үшін қажет.

2) Нәтиже.

Оқудың/оқытудың нақты нәтижелерін айқындау және оларды ЖОО-ның, мамандық пен пәннің миссиясымен салыстыру:

- *Нені бағалау керек? Оқу процесінің қандай нәтижелері (білім, білік, дағды, машық, түсінік, қатынас, т.б.) бағалау арқылы анықтауға тұрарлық (маңызды)?*

Оқу процесінің тиімділігі мен нәтижелігі студенттердің **не білгендігімен** айқындалады. Жоғары мектептің бүгінгі күнгі талаптарына сәйкес студенттер оқу процесі барысында және нәтижесінде келесідей білік, дағды, құзырлылықтарды меңгеруі және иемденуі керек:

- ақпараттың шексіз көп мөлшерінен (оқулықтар, ғылыми әдебиет, БАҚ, Интернет) өзіне қажеттісін таңдап алып, оны өз қажеттілігіне бейімдеп, практикада қолдану;
- өздігімен үйрене білу;
- проблемаларды шешу мен шешім қабылдау секілді күрделі тапсырмаларды орындау;
- қандай да болмасын мәселе бойынша өзіндік пікірі, ойы, тұжырымы, түсінігі болу, оларды ұтымды түрде басқаларға жеткізу, дәлелдеу және қорғау;
- қарым-қатынас құра білу (ауызша және жазбаша коммуникация), бірлесе жұмыс жасай білу: тыңдай білу, басқаларды сыйлау, өзге пікірлерге икемді және бейімді болу, олармен санасу, жанжалдардың алдын алу;
- өмірге деген көзқарасын, ұстанатын сенімдерін, қажеттіліктерін, құндылықтарын өмірлік философия (рухани, моральдік, этикалық дүниетаным) ретінде қалыптастыру, бұл философияны жалпы адами құндылықтармен байланыстыру;
- өз білімі мен танымының қандай деңгейде екендігін біліп, оларды әрқашан да дамытып отыру.

Студенттердің осындай білік, дағды, құзырлылықтары бағалауда қарастырылады.

3) Тұжырымдама.

Студенттердің жетістіктерін анықтауда қандай қағидаларды ұстану керектігін айқындау:

- *Бағалауда ұстанған жалпылама қағидалардың қандай болуы керек? Бағалауда қандай саясат ұстану керек? (Қосымшада келтірілген «Бағалаудың алты қағидасын» қараңыз).*

4) Құрал.

Оқу жетістігінің (үлгерімінің) дәлелдерін жинақтау:

- *«Қалай бағалау керек? Студенттердің тақырып (пән) бойынша қандай білімді (білік, дағды, машық, құзырлылық, құндылықтар) және қандай деңгейде меңгергенін қалайша білуге болады? Студенттердің білім игергендігінің (бір нәрсені білгендігінің) дәлелі қандай болу керек? Бағалаудың қандай тәсілдері мен құралдарын қолдану керек?»*

Мұнда студенттердің білім игеруде қандай нәтижелерге жеткендігін дәлелдейтін құралдарды (тәсілдерді) таңдап алу қажет. Бұл тәсілдердің жүзеге асырылуы үшін талдау мен қорытынды жасауға тұрарлықтай әрбір оқу мақсаты үшін көп мөлшерде тапсырмалар дайындау керек.

5) Талаптар.

Студенттердің берілген тапсырмаларды қандай дәрежеде орындайтындығын анықтайтын және олардың үйренгендігін дәлелдейтін талаптар (критерийлер) құрастыру:

- *«Бағалаудың талаптары (критерийлері) қандай болуы керек?»* (бұл жерде төменде келтірілген «Рубрика» атты бөлімшенің идеяларын қараңыз).

6) Жариялау.

Студенттердің жазу жұмыстарын оқу процесіне қатысушылардың назарына ұсыну жолдарын анықтау:

- *«Бағалаудың нәтижелерімен көпшілікті қалай және қашан таныстыру керек?»*

Бағалау процесіне қатысты адамдар үшін оның нәтижелерін жариялау маңызды. Мұнда жариялаудың әртүрлі тәсілдерін қарастыру қажет: жазу жұмыстарын аудитория қабырғасына іліп қою, «Автордың орындығынан» оқу, кітапша түрінде басып шығару, қабырға немесе электронды газет түрінде жариялау, диафильм немесе слайд жасау, т.б.

7) Кері байланыс.

Студенттердің үйрену көрсеткіштерін зерттеу және оларды өз жұмысын жақсарту үшін қолдану, оқу жоспарларын құруда оқудың/оқытудың нәтижелерін ескеру:

- *«Бағалаудан кейін оқу процесіне қандай өзгерістер енгізу керек? Бағалау нәтижелері қашан қажетті болады және оларды қалайша пайдалануға болады? Бағалаудан кейін оқу процесіне қандай өзгерістер енгізу керек?»*

Студенттер оқуының сапасын үнемі жетілдіру мақсатында кері байланысты оқу жоспарлары мен бағалауға өзгертулер енгізу үшін қолдану керек, өйткені бағалау студенттің оқу әрекеттерінің аяққы нәтижесі болмауы қажет. Бағалау білім игерудің белгілі бір кезеңіндегі студент жұмысының сапасын анықтайды, ал студент оның нәтижелерін өзгерту мүмкіндігіне ие болады.

1.2 Бағалаудың мағыналары туралы

С.Мирсейітова (С.Мирсеитова. Словарь RWCT.- Алматы: Верена, 2005.- 144 с.) «бағалау» терминінің ағылшын тіліндегі үш мағынасын келтіреді:

1. **Бағалау** (Evaluation). Мұнда **бағалау - талдау** ретінде қарастырылады.
2. **Мониторинг** (Assessment). **Бағалау - құрал** ретінде танылады.
3. **Баға** (Grade немесе Mark). **Бағалау - сандық (мөлшерлік) құрал** ретінде қарастырылады (С.Мирсеитова, 2005, 58-59).

Бірінші мағынада «бағалау» үйренушілердің жетістіктерін жан-жақты қарастырып, «білімді сандық және сапалық тұрғыдан анықтау» (С.Мирсеитова, 2005, 58) деп келтіріледі. Бұл тұрғыда бағалау - **үйренушілердің оқу жетістіктерін белгілі бір талаптармен (критерийлер, стандарттар, үлгілер, эталондар, идеалдар) салыстыру**, сол тұрғыдан нақты өлшемдер (балл, процент) көмегімен оларды сипаттап және тексеріп, соңынан қорытынды шығару. Мұндай түсініктегі бағалау «сыртқа», яғни қоғамға, социумға бағытталады.

Екінші түсінікте «бағалау» үйренушілердің жоспарланған **нәтижелерге жету көрсеткіштері** ретінде қарастырылады (мәселен, курстық бірлік немесе модуль аумағында); мұнда студенттердің дамуы мен өзгерістері олардың әрекеттері (нақты құралдар) арқылы көрсетіледі: тест, эссе және басқа да жазба жұмыстары, жоба, интервью, портфолио, т.б. Мұндай өлшеу (мониторинг) студенттердің өз жетістіктерін бағалау немесе ЖОО-ның оқу нәтижелерін жоспарланған нәтижелермен салыстыру үшін қажет. Өз жетістіктерін басқалардың білімі немесе өзінің кешегі білгенімен салыстыра отырып, үйренуші өзінің қаншалықты дәрежеде дамығандығын айқындап (жетістіктері мен кемшіліктері), өз білімін әрі қарай қалайша дамыта түсу керектігін анықтайды. Мұнда бағалау «ішке», яғни үйренушінің тұлғасына немесе оқу орнына бағытталады.

Үшінші вариантта «бағалау» біздің қолданысымыздағы **«баға», «баға қою»** ұғымымен байланыстырылады: емтихан, тест, жазба жұмысы, жобаның орындалуы немесе семестр нәтижесі бойынша рейтингтік жүйе, балл мөлшері (мәселен, жүз балдық) немесе сандық жүйе (дәстүрлі бес балдық), әріптік жүйе (А,В,С,D,F) негізінде студенттің жұмысына қойылатын баға.

Интербелсенді оқу/оқыту бағалауды үйренушінің өсуі мен дамуының көрсеткіші деп есептеп, оларды үйренушінің оқу әрекеттері арқылы анықтайды. Бұл жерде бағаланатын нәрсе - оқу процесінің өзі, сол арқылы үйренуші өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалайша даму керектігін түсінеді, яғни үйренушінің қалайша жұмыс жасағандығы, оның қалайша ойлайтындығы бағаланады.

Интербелсенді оқу/оқыту практикасында «бағалау» термині келесідей мағынада қолданады:

Бағалау - студенттердің (ЖОО-ның) оқу процесінде қаншалықты табысты (немесе, керісінше) болғандығын, білім игерудегі олардың жетістіктерін, өсуі мен дамуын анықтау.

Бағалау - студенттердің қолынан не келетіндігін (білім, білік, дағды, машық, құзырлылық, құндылықтар) айқындау.

Бағалау - білім игеру процесіне қатысушылардың (оқытушы және студенттер) әрекеттері қандай деңгейде екендігін, олардың сапасын анықтау.

Бағалау - студенттердің білімін қалайша әрі қарай дамытып, олардың алдағы білім игеру әрекеттерінің деңгейін қалайша жақсартуға болатындығын білу, жоспарлау және студенттерді соған ынталандыру.

Бағалау – оқу процесінің (студент әрекеттерінің, сабақтың, пәннің, курстың) қаншалықты нәтижелі екендігін анықтап, мақсаттардың қандай дәрежеде жүзеге асырылып жатқандығын анықтау.

Оқу жүйелеріндегі бағалау ерекшеліктері

Оқу жүйелері Пара- метрлер	Дәстүрлі оқыту	Интербелсенді оқу

Не бағаланады	Оқытушы тарапынан берілген білім, білік, дағды.	- Өзіндік көзқарас, пікір, идеялар, дүниетаным; - Білімді игерудегі әрекеттер; - Білімді игеруде қалыптасқан білік, дағды, машықтар, қатынастар, құндылықтар, құзырлылықтар.
Қандай білім бағаланады	Алған теориялық білімді жаттығулар орындауда және мәселелерді шешуде қолдана білу	- Бірлесе (топ құрамында) жұмыс жасай білу; - Проблеманы айқындай білу, оның шешу жолдарын қарастыра білу; - Таңдау жасап, шешім қабылдай білу; - Өз әрекеттерін жоспарлау және ұйымдастыра білу; - Өзіндік түсінік, пікір, идея қалыптастыру және құрастыру, оларды дәлелдей білу; - Өзінің құқықтары мен мүдделерін қорғай білу.
Қандай тәсілдер арқылы	- Ауызша сұрау; - тестілеу; - курстық жұмыстар; - бақылау жұмыстары; - сынақ, емтихан	- Жазба жұмыстары; - тестілеу; - бақылау; - интервью; - сауалнама; - портфолио; - есеп беру; - өзін-өзі бағалау.
Не үшін?	- Білім деңгейін анықтап, баға қою; - Үлгіландыру; - Жазалау.	- Білім игерудегі жетістіктерді анықтау; - Белгілі бір уақыт аралығында үйренушінің өсу және даму қарқынын анықтау; - Белсенділендіру; - Үлгіландыру; - Топ жұмысына қосқан жеке үлесін анықтау; - Алдағы білім игеру әрекеттерінде жетістіктерге жету үшін; - Үйренушінің білімін қалайша әрі қарай дамытуға болатындығын білу үшін; - Үйренушілердің әрекеттері арқылы үйретушінің деңгейін анықтау.

«БАҒАЛАУДЫҢ АЛТЫ ҚАҒИДАСЫ»

2001 жылдың 13-14 қаңтарында Будапеште (Венгрия) «Ашық қоғам» институты (Нью-Йорк) және Street Law (АҚШ) білім беру ұйымы ұйымдастырған құқықтық және азаматтық білім беру жүйесінде бағалау мәселелеріне арналған семинар өткізілді.

Семинарда басты баяндама жасаған профессор Дайана Хесс бағалаудың келесі қағидаларын ұсынды.

Бірінші қағида: «Маңыздылық».

Бағалау үшін пәннің (курстың) ең маңызды, бағалауға тұрарлық күтілетін нәтижелерін таңдап алу қажет, өйткені бағалауға уақыт, күш және басқа да ресурстар шығындалады. Егер нәтиже маңызды болмаса (оқытушының пікірі бойынша), онда оны бағаламаса да болады.

Бағалау бұған қоса күтілетін нәтижеге (тәжірибе, білім, дағды, білік, құндылықтар) үйрену процесінің өзін жақсартады. Студенттер пәннің (курстың) бағаланатын жақтарына (мезеттеріне) ерекше түрде көңіл бөледі. Тәжірибелі оқытушылар бағалау үшін көп нәтижелер таңдамайды, олардың қағидасы: «Майда-шүйдеге назар аудармау керек! Тек маңызды нәтижелер ғана бағалануы қажет!».

Сонымен, бағалаудың бірінші қағидасын қолдану үшін ұстаздың өзіне келесідей сұрақтарды қойғаны абзал: *«Мен үшін студент жұмыстарының қандай нәтижелері маңызды және бағалауға тұрарлық? Бұл нәтижелердің (білім, білік, дағды, құндылықтардың) адам өмірі үшін маңызы бар ма? Олар өмірде қаншалықты қажет болар*

екен?».

Екінші қағида: «Дәлдік» («Адекваттық»).

Өзіміз жоспарлаған нәтижеге қол жеткізгенімізді қалайша білеміз? Бұл үшін біз оқушылардың қажетті білім, білік, дағды, құндылықтарды қандай деңгейде меңгергендігін көрсететін бағалаудың дәл құралын таңдап алуымыз керек. Мысалы, егерде біз мақсат тұтқан нәтиже «Оқушыларды тұтынушы құқығын пайдалануға үйрету» болса, онда «Тұтынушының негізгі құқықтарын атаңыздар» деген тапсырмаға негізделген тексеру жұмысы бағалаудың дәл (адекватты) құралы бола алмайды, өйткені құқықтарды білу оларды пайдалана білуді меңземейді.

Мүмкін бұл нәтижені тексерудің дәл әрекеті ретінде оқушыларға «Тұтынушылар құқықтарын қорғаудың әртүрлі тәсілдерін қолдана отырып, мынандай проблеманы (нақты проблема келтіріп) шешіңіздер» тапсырмасын берген дұрыс болар. Сонда оқушылар өздерінің үйренгенін нақты әрекеттер арқылы көрсетеді: өздері келіссөз жүргізеді, өтініш немесе шағым жазады, сотқа арыз береді.

Сонымен, өзіңізге *«Оқушылардың мақсат тұтқан нәтижеге жетіп, керекті білім мен білік меңгергендігін қандай жаттығулар (әрекеттер) немесе тапсырмалар дәл көрсете алады?»* деген сұрақ қойыңыз.

Үшінші қағида: «Объективтік» («Дәлелділік»).

Бақылау жұмысын орындаудың нәтижелерін бағалау – көп жағдайда субъективтік процесс. Әртүрлі адамдар бір жұмысты бағалағанда, олардың бірдей баға қоюына қалайша жетуге болады? Объективтікке (тұрақтылық, беріктілік, шынайылық, адал, дәлелділік) бағалаудың нақты талаптарын (критерийлерін) таңдау арқылы жетуге болады.

Келесі сұрақтарға жауап беріңіз: *Жақсы орындалған жұмыстың белгілері мен ерекшеліктері қандай болуы керек? Ал қанағаттанарлық деңгейде орындалған жұмыс ше? Қанағаттанарлықсыз жұмыс қандай болуы керек? Бұл белгілер мен ерекшеліктер (критерийлер) басқа оқытушылар мен оқушылардың өздеріне түсінікті болар ма екен? Олар шұбалыңқы болмай, дәл және бір мағыналы болып шыға ма?*

Төртінші қағида: «Оқудың ажырамас бөлігі».

Егерде қандай да бір жаттығуды (тапсырманы) бағалау үшін қажетті талаптар дайындайтын болсақ, олар сонымен бірге бұл тапсырманы орындаудың ережелері де болуы мүмкін, яғни нақты білім, білік, дағды, құндылықтарға үйретудің ережелеріне айналады. Демек, егер Сіз осы талаптар бойынша оқушылардың жұмысын бағалаймын десеңіз, онда оларды бұл талаптарды қолдануға үйретуіңіз керек. Дайана Хесс: «Өздеріңіз үйретпеген нәрсені бағалау әділдікке жатпайды» дейді. Бағалау оқу процесінің ажырамас бөлігіне айналуы керек. Басқаша сөзбен айтқанда, бақылау жұмысының өзі де үйрету әрекеттеріне жатады. Бағалау мен үйрену – біртұтас процесс.

Мұғалімнің өзіне қоятын сұрақтары: *Бағалау талаптары (критерийлері) оқу процесіне енгізілген бе? Мен оқушыларымды бағалайын деген нәрселерге үйреттім бе?*

Бесінші қағида: «Жариялылық».

Бағалаудың талаптары мен тәсілдері оқушыларға алдын-ала хабарлануы керек. Баға жария түрде қойылып, оқушылар өздерінің қандай білімдері және олардың қалайша бағаланындығын білуі керек. Профессор Д.Хесс «Бұл қағида Америка мектептерінде нағыз төңкеріс жасап, оқыту жүйесін түбегейлі өзгертіп жіберді» дейді.

Мұғалімдер бағалау жүйесін алдын-ала ойластырып, оны оқушыларға жеткізуі керек еді. Бұл жәйт мұғалімдердің артқа шегінуіне жол бермеді, өйткені оқушылар бағалаудың әрбір қағидасы бойынша берілген сұрақтарды мұғалімдердің өзіне де қоя алатын болды. Сол себепті де мұғалімдер бағалаудың барлық қағидаларын қолдануға мәжбүр болды.

Бағалаудың талаптары (критерийлері) мен тәсілдерін белгілеуге оқушылардың өздерін де қатыстыру керек. Мұндай ұстаным бағалауды оқушылардың өзіндік әрекетіне айналдырады.

Сонымен, келесі сұрақтарға жауап беріңіз: *Мен оқушыларға «нені» және «қалай» бағалайтындығымды қашан және қалай хабарлаймын? Мен бағалаудың талаптары мен тәсілдерін оқушылармен бірлесе отырып белгілей аламын ба?*

Алтыншы қағида: «Қарапайымдылық».

Бағалау процесі мен оның формалары қолданыста қарапайым және ыңғайлы болуы керек. Бағалау талаптарын оқу процесіне біртіндеп, оқушылардың бағалау құралдарын игеру деңгейіне

байланысты енгізуге болады. Бағалау мұғалімдер мен оқушылардың секемділігін туғызбау керек.

БАҒАЛАУ ТӘСІЛДЕРІ

Жоғары оқу орындарының оқу процесінде студенттердің білімін бағалауда келесідей тәсілдерді қолдануға болады: *Тестілеу, Бақылау, Интервью, Сауалнама, Есеп беру, Рубрика, Өзін-өзі бағалау (оның ішіне топ жұмысын бағалау кіреді), Портфолио, Жазбаша жұмыс үлгілері.*

Тестілеу

Тест студенттердің оқу жетістіктерін, олардың білімі, біліктері мен дағдыларының жиынтығын объективті түрде (оқытушының қатысуынсыз) өлшеу мүмкіншілігін береді. Мұнымен қатар тестілеудің артықшылығы оның технологиялық мүмкіншіліктерімен байланысты: тест қысқа уақыт ішінде компьютерді қолдану арқылы үйренушілердің көп мөлшерінің білім деңгейін өлшенбелі әрі дәл тапсырмалар арқылы анықтайды. Барлық үйренушілерге ортақ және біркелкі тапсырмалар тест нәтижелерін оқу процесін өзгерту мақсатында қолдануға тиімді етіп, студенттерді өзін-өзі бақылау және өз білімін жетілдіру ісіне ынталандырады.

Тестілеуде келесідей қағидаларды ұстану қажет (*Дерек көзі: ВладимирБриллер. Оценивание для совершенствования. Слайды. – Шымкент, 2006*):

- Тестілеу әділ түрде жүргізілуі керек.

Тестер барлық студенттерге бірдей мүмкіншілік беруі керек.

- Тестер ашық болуы керек.

Студенттердің барлығы да тест тапсырмаларымен танысу мүмкіндігіне ие болуы керек.

- Тестілеу бағалаудың бір құралы ғана.

Оқу бағдарламалары тестілеуге бағынышты болмау керек. Оқу процесі жайлы шешім қабылдауда тестілеу нәтижелерінен басқа да көрсеткіштерді қолдану керек.

- Бағалаудың басқа да құралдарын қолдану керек.

Бағалаудың студенттердің жетістіктері мен оққылықтарын объективті түрде көрсететін тестілеуден басқа да әдістерін қолдану керек.

Тест түрлері

1. Бақылау деңгейі бойынша:

- Кіріспе тест - оқу жылы басында немесе пәнді зерттеу (оқу) жұмысы басталғанда студенттің білімін анықтау мақсатында жүргізіледі;

- Ағымдағы тест – пән бойынша семестр барысында жүргізіледі;

- Межелік бақылау тесті – семестрде екі рет өткізіледі;

- Аралық бақылау тесті - курс немесе пән аяғында қабылданатын емтиханның нысаны (формасы);

- Қорытынды бақылау тесті – оқу мерзімі аяқталғаннан кейін қабылданатын мемлекеттік емтиханның нысаны (формасы).

2. Ұсыну немесе жауап беру нысаны бойынша:

- Қағазға басылып берілетін тестер;

- Компьютер арқылы ұсынылған тестер.

3. Мазмұн тұрғысынан:

- Бір пән мазмұны бойынша;

- Бірнеше пән мазмұны бойынша - бір тест ішіне бірнеше пән бойынша тапсырмалар біріктіріледі, мәселен Аралық мемлекеттік бақылау немесе Ұлттық бірінғай тестерде бес пән бойынша;

- Пәнаралық тестер - тест тапсырмалары бірнеше пәннің мазмұны бойынша құрылады, оларға жауапты да пәндердің тоғысуы мен байланысы тұрғысынан беру керек.

4. Нәтижелерді қолдану бойынша

- Салыстыруға негізделген тестер - стандарттармен немесе басқа студенттердің жетістіктерімен салыстыруға бағытталады;

- Жетістіктерді айқындау үшін өткізілетін тестер - әр студенттің жеке пән бойынша оқу жетістіктерінің деңгейін анықтауға бағытталады.

Тест тапсырмаларының нысандары (формалары)

Тестерді әдетте **жабық және ашық** деп екіге бөледі.

Жабық тест дегеніміз келтірілген жауаптардың ішінде біреуі немесе бірнешеуі дұрыс болатын тапсырма, студенттер бұл жауаптарды тандап көрсетуі тиіс. Әрине бірнеше дұрыс жауаптары бар тапсырмалардың қиындық деңгейі әлдеқайда жоғары болады, алайда олар технологиялық тұрғыдан қолдануда қиыншылықтар туғызады (мәселен, компьютермен тексеру барысында).

Жабық тест тапсырмаларының басым көпшілігін Блум таксономиясының төменгі «Білім» деңгейіне жатқызуға болады, өйткені олардың мазмұны *ақпаратты тану, табу, ажырату* секілді әрекеттерден құралады. Әдетте жабық тестерде келесідей тапсырмалар беріледі:

- пәннің негізгі ұғымдары мен терминдерін игеруді тексеруге бағытталған,
- нақты оқиғаларды немесе есімдерді есте сақтаумен байланысты.

Мысал ретінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім беру және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің слайдтарынан (*С.Ирсадиев. Внешнее оценивание в системе образования США. Слайды. - Алматы, 2006*) алынған тестерді келтірейік.

1. Бірнеше жауаптан біреуін таңдау:

1) *Кітап \$80 тұрады, оның бағасын 8,25% түсірген. Сізде \$100 бар. Кітапты сатып алғанда Сізге қанша ақша қайтару керек?*

A. \$5,2; B. \$7,35; C. \$13,4; D. \$19,95; E. \$21,25

2) *Қорапта 16 қарындаш бар: 8 қызыл, 4 жасыл, 4 көк. Қорапта әр түстен бір-бір қарындаштан қалу үшін одан қанша қарындаш алу керек?*

A. 4; B. 8; C. 12; D. 13; E. 16.

2. Мұндай тапсырмаларға қоса жабық тестерге толықтыруды қажет ететін келесідей тапсырмаларды жатқызуға болады:

«Қазақ хандығының бірінші хандары _____ және _____».

Жауаптары: Керей және Жәнібек.

3. Жабық тестерге сәйкестендіруді қажет ететін келесідей тапсырмалар да жатады:

«Екі бағанды бір-біріне сәйкестендіру керек:

1. Абай

A) «Боран»

2. Мұхтар Әуезов

Ә) «Аққулар ұйықтағанда»

3. Сайын Мұратбеков

Б) «Қан мен тер»

4. Мұқағали Мақатаев

В) «Ескендір»

5. Әбдіжәміл Нұрпейісов

Г) «Жусан иісі»

6. Тахауи Ахтанов

Ф) «Көксерек»

Жауаптары: 1 және __; 2 және __; 3 және __; 4 және __; 5 және __.

Жабық тест тапсырмаларын құрастырғанда келесідей шарттарды қалаған орынды:

1. Тапсырмаларды сұрақ түрінде келтірмей, хабарлы сөйлем формасында беру керек.

2. Тапсырмалар 7-8 сөзден тұратын мағынасы нақтылы әрі түсінікті жай сөйлем ретінде құрастырылуы керек.

3. Тапсырмаларды бұйрық рай етістіктерін қолданбай («табыңыз/дар», «анықтаңыз/дар», «атаңыз/дар» секілді), тұйық етістіктердің көмегімен құрастыру керек: «табу керек», «анықтау қажет», «атау керек».

4. Барлық жауаптардың ұзындығы біркелкі болуы керек.

5. Бір тест жиынтығында келтірілген тапсырмалардың күрделілігі (оңай, орташа, қиын) тең болып, оларды күрделілігінің өсуіне қарай орналастыру керек.

6. Тест жиынтығын орындауға жұмсалатын уақыт мөлшерін көрсету керек.

Ашық тестер дайын күйде берілген бір немесе бірнеше дұрыс жауаптарды іздестірмей, шығармашылық тұрғыдан шешім келтіруді талап етіп, келесідей тапсырмалардан тұрады:

- өзіндік түсінікті келтіру,

- мәселелерді шешу,

- ой-өрісті дамытуға бағытталған студенттердің шығармашылық жұмыстары.

Ашық тестерді Блум таксономиясының «Түсіну», «Қолдану», «Талдау», «Синтез», «Бағалау» сияқты орта және жоғарғы деңгейлеріне жатқызуға болады. Ашық тестердің келесідей түрлерін атауға болады (С.Ирсадиев. *Внешнее оценивание в системе образования США.* - Алматы, 2006):

1. Қысқа жауапты қажет ететін ашық тестер

Мысалы: «Туындылар: $2 \times 2 = 4$; $2 \times 2 \times 2 = 8$; $2 \times 2 \times 2 \times 2 = 16$; $2 \times 2 \times 2 \times 2 \times 2 = 32$

Егер туындылардың көрсетілген реттілігін жалғастырса, 375 саны осы туындылар қатарына жата ма? Жауапты түсіндіріп беру керек».

Тапсырманы орындауды тексерудің нұсқасы:

«Дұрыс жауап - 1 балл.

Дұрыс түсіндірулер:

«Жатпайды, өйткені 375 саны 2-ге бөлінбейді (жұп сандар қатарына жатпайды)» немесе «Жатпайды, өйткені 375 саны бұл реттіліктегі екі жауаптың арасынан орын алады». Бұл жауаптар қабылданады, өйткені «375 – тақ сан».

«Бұл реттілікте санақ 2-ден ғана жүргізіледі» немесе «Бұл реттілікте сандар 2-ге көбейтіліп отыр» сияқты жауаптар қабылданбайды.

Бұрыс жауаптар – 0 балл. Қандай да болмасын бұрыс немесе толымсыз түсіндірме.

2. Жан-жақты жауапты талап ететін ашық тестер

Мысалдар:

1. Интернетте келтірілген жарнамадан үзінді:

«Жиһаз шығаратын компания біздің жарнама агенттігіміздің көмегіне жүгінді, сол себепті де олардың табысы соңғы жылда 10% өскен. Бұл компанияның табысы Интернет қызметін қолдану арқылы Сіздің де табысыңыздың қанишалықты өсіретіндігін айғақтайды».

Тапсырма: Бұл жарнаманың қанишалықты дәлелді екендігін сипаттау керек. Келтірілген дәлелді растаудың барлық жақтарын талдау қажет.

2. «Жас өспірімге қайда тұрған оңтайлы: ауылда ма, қалада ма?» тақырыбына көлемі 500 сөзден аспайтын шығарма жазу керек.

Ашық тестерді бағалаудың критерийлері алдын-ала дайындалуы керек, бұл критерийлер жазу жұмыстарын бағалайтын рубрика формасында болуы мүмкін.

PISA тестері туралы

Соңғы кездері елімізде кең қарқын алып, үйренушілердің білімін бағалаудың негізгі құралына айналып кеткен тестілеу әдісі көптеп сынға ұшырауда. Сыншылар бірінші кезекте Ұлттық бірінғай тестілеу мен Аралық мемлекеттік бақылау тестерінің үйренушілердің тек есте сақтау қабілетін ғана бағалайтындығына (тексеретіндігіне) назар аударуда. Ал мұндай әрекеттер Блум таксономиясы бойынша таным мен ойлаудың ең төменгі «Білім» деңгейіне жататындығы даусыз нәрсе.

«Білу» ұғымы «түсіну» және «қолдану» ұғымдарында жалғасын таппаса, оның пайдалы әсер коэффициентінің төмен болатындығы да сөзсіз мәселе. Ал біз «білімді» деп өзіндік көзқарасы мен түсінігі бар, өмірде туындаған проблемаларды шеше білетін, тығырықтан шығу жолдарын таба білетін тұлғаларды атаймыз. Бүгінгі күні елімізде қолданыс тапқан тестілеудің түрлері әрине мұндай білік, дағды, құзырлылықтарды айқындап, бағаламайды, өйткені олар тек жабық түрде болып (оның ішінде көбінесе бір ғана дұрыс жауабы бар тапсырмаларға негізделіп), келесідей тапсырмаларды қолданбайды:

1. Көлемді мәтін негізінде қалыптастырған тапсырмалар

- тестерде көбінесе бір сөйлемнен тұратын қысқаша мәлімет беріледі, яғни үйренушілер жаңа мәтін арқылы үйренбейді, тек есіне түсіреді;

2. Сурет, кесте, диаграмма, схема, график түріндегі тапсырмалар

- мұндай тапсырмаларды орындау Блум таксономиясы бойынша «Түсіну» және «Талдау» деңгейлеріндегі әрекеттерді қажет етеді;

3. Әртүрлі пәндермен байланысты тапсырмалар

- мұндай тапсырмалар білімді біріктіріп, логикалық және сыни ойлауды, талдау мен

негіздеуді талап етеді;

4. Сипаттауды (суреттеуді) қажет ететін тапсырмалар;
5. Үйренушілердің өздерінен қосымша ақпаратты қолдануды қажет ететін тапсырмалар;
6. Ақпараттың тым ауқымды көлемінен таңдау арқылы шешілетін тапсырмалар
- бұл жерде ақпарат көп мөлшерде беріліп, мәселені шешу үшін оның қажетті бөлігі ғана қолданылады, үйренуші әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасау білігін көрсетуі керек;
7. Өмірде туындайтын әртүрлі ситуацияларды (проблемаларды) ғылыми әдістердің көмегімен шешуге арналған тапсырмалар;
8. Теориялық білімдерді практикалық тұрғыдан қолдануды талап ететін тапсырмалар;
9. Ғылыми болжаулар мен жорамалдарды келтіретін тапсырмалар.

Осы тұрғыдан алғанда тестілеу арқылы бағалауда қандай мәселелерге назар аудару керектігі PISA бағдарламасынан айқын көруге болады. Сол себепті де аталмыш бағдарламаның ерекшеліктеріне тоқталып кетейік.

PISA бағдарламасы бойынша 32 мемлекеттің әрқайсысында 4 500-нан 10 000 мыңға дейінгі он бес жастағы оқушылардың білімі тексерілген.

Студенттерді халықаралық бағалау бағдарламасы (PISA - Programme for International Student Assessment) 15 жастағы оқушылардың дайындығын үш бағыт бойынша зерттейді: **«оқу сауаттылығы»**, **«математикалық сауаттылық»** және **«жаратылыстанулық сауаттылық»**. Бағдарлама үйренушілердің аталған бағыттардың негізгі ұғымдарын түсіну, негізгі әдістерін игеру және өз білімдерін әртүрлі ситуацияларда қолдану секілді біліктерін бақылайды.

PISA оқу пәндерінің мазмұнын игеру деңгейін тексермейді. Мұнда басты назар оқушылардың мектеп пәндерін оқығанда иемденген, ересек өмірде қажетті ауқымды білім мен біліктерінің дәрежесіне және пәнаралық құзырлылықтарына (әртүрлі пәндерді оқуда және ақпараттың басқа да көздерінен алған білімдерін ұсынылған проблемаларды шешуде қалайша қолданатындығы) аударылады.

PISA бақылаудың жазбаша тест түрін қолданады (тестердің жабық және ашық түрлері), әр оқушыға тест тапсырмаларын орындау үшін 2 астрономиялық сағат беріледі. Бақылау нәтижесі ретінде сандық көрсеткіштер ескеріледі.

«Оқу сауаттылығы» деген ұғымды PISA кең тұрғыдан қарастырады: мұнда мәтін оқу техникасы меңзелмейді. Бұл ұғымда орта мектеп түлегінің мәтіндерді түсіне біліп, олардың мазмұнын бойынша ойланып, оқығандығы туралы өз ойларын жеткізе білуі ескеріледі. PISA бағалауында әсіресе әртүрлі ситуацияларда сауатты түрде оқуға баса назар аударылады. Ол үшін оқушыларға түрлі мәтіндерді оқу тапсырылады: көркем шығармалардан үзінділер, ғұмырнамалар, хаттар, құжаттар, газет пен журналдардан алынған мақалалар, нұсқаулықтар, жарнамалар, географиялық карталар, т.б. Бұған қоса ақпараттың әртүрлі формалары да келтіріледі: суреттер, диаграммалар, кестелер, схемалар, графиктер.

Сонымен, оқу сауаттылығы дегеніміз адамның жазбаша мәтіндерді түсінуі және олар бойынша ой толғауы (рефлексия), олардың мазмұнын өз мақсаттарына жету үшін, қоғам өміріне белсенді түрде қатысу мақсатында өз білімдері мен мүмкіншіліктерін дамыту үшін қолдануы.

Математикалық сауаттылықты бағалауда да PISA тестері **оқушылардың мектеп бағдарламасын қаншалықты деңгейде білетіндігін тексермейді.** Мұнда жеке тұлғаның математиканың өмірде алатын рөлін түсініп, өз өмірінде туындаған проблемаларды шешуде, әртүрлі ситуацияларда математикалық білімдерді қолдануы (математикалау) қарастырылады: әртүрлі шешімдерді ой елегінен өткізу, оларды сараптау мен талдау, шешім жасағанда интуицияны қолдану.

Сонымен PISA бағдарламасы ұғымында **математикалық сауаттылық дегеніміз адамның өз қажеттіліктерін қанағаттандыруда математиканы, математикалық ұғымдарды қолдануы.** PISA тестері оқушыларға оқу ситуацияларын бермей, күнделікті өмірде жиі кезігетін (медицина, мекен-жай, спорт, т.б.) **практикалық ситуациялардың** шешімін табуды ұсынады. Бұларды шешуде оқушы тек математика бойынша білімін ғана емес, сонымен бірге басқа білім салаларындағы білімдері мен біліктерін қолдануы қажет (физика, биология, т.б.).

Жаратылыстанулық сауаттылық мектепте физика, астрономия, биология, химия, география пәндерін игеру барысында қалыптасады. Сауаттылықтың бұл түрі оқушылардың жаратылыстану пәндері аумағында қалыптастырған кең ауқымды (барлық пәндерге қатысты) дағдылары мен жаратылыстанулық білімдерін әртүрлі құбылыстар, түсініктер мен ситуацияларда қалайша қолданатындығын білдіреді.

Бұл ұғымда оқушылардың келесідей біліктері тексеріледі:

- ұсынылған мәселелердің ішінен жаратылыстану ғылымы шеше алатындарын таңдау,
- ұсыналған ақпарат негізінде ғылыми тұрғыдан дәлелді қорытындылар жасау.

Сол себепті де PISA тестерінде әр адам, ұжым (отбасы) немесе қоғам өмірінде тууы мүмкін проблемалармен байланысты нақты ситуациялар келтіріледі: мәселен, диета сақтағанда тағам түрлерін қолдану; электр станциясының қала аумағында салынуын сараптау; жаһандану және экономикалық дағдарыс салдарын түсіну, т.б.

Жаратылыстанулық сауаттылық дегеніміз **өмірде кездесетін нақты проблемаларды шешу үшін жаратылыстанулық білімдерді бақылау мен тәжірибелер (эксперимент) арқылы қорытынды жасап қолдану**. Мұндай қорытындылар қоршаған әлем мен оның өзгеруіне адам әрекеттерінің қандай ықпал жасайтындығын түсініп, қажетті шешімдерді әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайларды ескере отырып, қабылдау үшін қажет.

Қорыта айтқанда, PISA тестері оқушылардың келесідей біліктері мен дағдыларын тексереді:

- бұқаралық ақпарат құралдарында, ғылыми-көпшілік әдебиетте, оқу мәтіндерінде кездесуі мүмкін ақпаратты өздігінше түсіну,
- ақпаратты ғылыми тұрғыдан дәлелдеу,
- қорытындылау,
- ғылыми зерттеу әдістерін түсіну,
- ғылыми әдістердің көмегімен шешілуі ықтимал мәселелер мен проблемаларды анықтау,
- әртүрлі формада келтірілген ақпаратпен (суреттер, диаграммалар, графиктер, схемалар, кестелер) жұмыс жасай білу,
- ақпаратты таба білу арқылы проблемаларды шеше білу,
- таныс ақпарат аумағынан тыс ситуациялардың шешімін табу,
- өз позициясын нақтылауда ғылыми дәлелдеуді қолдану,
- әртүрлі көзқарастарды бағалау, т.б.

(<http://agora.guru.ru/display.php?conf=Irk-fiz-ped-2007&page=item003> сайтының материалдары бойынша)

Бақылау

Бақылау – қандай да бір жәйттерді (фактілерді) анықтау үшін ақпаратты жинақтау құралы.

Бақылау арқылы, мәселен, студенттердің сабақта қалай жұмыс жасағандығын немесе сабақтың қалай өткендігі туралы ақпарат жинап, талдау жұмысын жүргізуге болады. Бұл үшін бақылау парақтарын қолданған тиімді. Сабаққа, жұмыс барысына өзгертулер енгізу мақсатында мұндай парақтарды бірлесе талқылап, олар бойынша қорытынды шығарып отыру керек.

Студенттің семинар сабағындағы жұмысын бақылау парағы

Аты-жөні	Бақылау ұзақтығы (уақыты)	Өзіндік пікірлер келтіруі	Сұрақтар қоюы	Сұрақтарға жауап беруі	Топ жұмысына араласуы
Студенттің жұмысы					

бойынша оқытушының қорытынды пікірі	
---	--

Студенттің пікірталасқа қатысуын бақылау парағы

Студенттің	аты-жөні			
Қандай жиілікте Әрекеттері	Әрқашан	Әдетте	Кейде	Ешқашан
Берілген тапсырма мен сұрақтарды түсініп алуға тырысып, басқалармен бөліседі.				
Оқулыққа сүйенбей, идеялар мен ойлар келтіреді.				
Тыңдай біліп, сөйлеушіні қуаттап отырады.				
Өз пікірлерін дерек көздерімен немесе практикамен дәлелдейді.				
Пән ауқымында қалмай, пікірлерін кең тұрғыдан қалыптастырады.				
Пікірлерді қорытындалау мен жалпыламалауға ұмтылады.				
Басқаларды тыңдайды, бөтен пікірмен санасады.				
Өз ойларын басқа пікірлермен салыстырып, қорытынды шығарады.				
Жаңа түсініктердің пайда болуына мүдделі.				

Бұл парақта студенттің жұмысын «+» немесе «-» белгілерін қойып бағалауға болады.

Төменде келтірілген кестеде жеке студенттің жұмысы бағаланбай, сабақтың барысы бақыланады. Бақылаушы парақтың оң жағындағы бағанға өз пікірлерін келтіреді.

Сабақты бағалау парағы

Пән _____ Оқытушы _____ Уақыты _____	
Талаптар	Комментарий

Аудиториядағы психологиялық климат	
Студенттердің қызығушылығы (мотивациясы)	
Студенттердің белсенділігі	
Студенттердің бірлесе жұмыс жасауы	
Блум таксономиясы бойынша жоғары деңгейдегі сұрақтар мен тапсырмаларды қолдану	
Сабақ құрылымының жүйелілігі	
Оқытушы және студенттер қолданған әдіс-тәсілдер	
Бағалау тәсілдерін қолдану	
Сабақтың нәтижелілігі туралы жалпылама пікір	

2.3 Есеп беру

Есеп беру – оқу процесінің динамикасын көрсету үшін оның әр кезеңінде студенттер мен оқытушының өзінің жұмысы, бақылауы мен бағалауын жазбаша түрде келтіруі.

Есеп беру үйренушілер мен оқытушылардың талаптарды қандай деңгейде орындағандығын көрсетіп, оқу процесін жоспарлауға өзгертулер енгізу мүмкіншілігін береді.

2.4 Сауалнама

Сауалнама – берілген сұрақтарға жауап беру арқылы ақпарат жинақтау.

Сауалнаманы алдын-ала құрастырып, респонденттерге таратып берген орынды. Мәселен, семестр басында студенттің мұқтаждары мен қызығушылығын анықтау үшін *кіріспе сауалнамасын* жүргізген орынды. Студенттердің жауаптары пән мазмұнында қажетті өзгертулерді жасап, үйренушілердің танымдық деңгейін анықтауға септігін тигізеді.

Семестр аяғында студенттерге кіріспе сауалнамасын қайтарып, оларға өздерінің мұқтаждары қаншалықты ескеріліп, өз білімдерінің қандай дәрежеде өскендігі туралы ой-толғаныс жұмысын жазуды тапсыруға болады.

Студенттерге арналған кіріспе сауалнамасының сұрақтары

1. Семестрде пән бойынша алдыңызға қандай мақсаттар қоясыз? Келтірілген тізім ішінен 3-5 мақсатты таңдаңыз:

- а) емтиханда жақсы баға алу
- ә) емтиханға жақсылап дайындалу
- б) өзіндік тұрғыдан оқып/үйрену дағдыларын дамыту
- в) үйренудің тиімді әдіс-тәсілдерін меңгеруді жалғастыру
- г) пән бойынша негізгі ұғымдар, түсініктер мен заңдылықтарды білу
- ғ) оқулықта берілген мәліметтерді игеру
- д) мұқият тыңдай біліп, жүйелі түрде сөйлей білу
- е) өмірде қажетті білім алу
- ж) өз қабілеттерімді дамыту
- з) өмірде туындаған проблемаларды шеше білу
- и) ешнәрсе білгім келмейді.

2. Пән игеруде әрекеттердің қандай түрлерін таңдап алар едіңіз? Келтірілген тізім ішінен 3-5 әрекетті таңдаңыз:

- а) әр сабақта топ ішінде бірлесе жұмыс жасау
- ә) өзім құрастырған жоспар бойынша оқу
- б) өзіндік тұрғыдан оқып/үйрену
- в) ақпарат көздерінен тапқан мәліметтерді басқалармен талқылау, бөлісу

г) білгенімді анықтап, оны әрі қарай қалайша дамытудың жолдарын қарастыру
г) өз білімдерімді қолдану
д) семестр бойы қорытынды жоба бойынша жұмыс жасау
е) студенттердің сабақта да, сабақтан тыс уақытта да бірін-бірі оқытуы
ж) оқытушыны тыңдау және оның сұрақтарына жауап беріп, берген тапсырмаларын орындау

з) оқулықты оқып, игеру
и) әрекеттенгім келмейді.

3. Оқытушының сабақтарда қандай әдіс-тәсілдерді қолданғанын қалар едіңіз?
Келтірілген тізім ішінен 3-5 тәсілдерді таңдаңыз:

а) дайын жауап бермей, жауап ізденуді ұйымдастыру
ә) студенттермен диалог (әңгіме, сұхбаттасу) құру, олардың пікірін сұрап, қандай да болмасын мәселені талқылау

б) оқулықтағы мәліметті өз сөзімен түсінікті етіп жеткізу
в) студенттердің бірін-бірі оқыту тәсілдерін қолдану
г) лекция түрінде: білгенін келтіріп, студенттердің конспект жүргізуін талап ету
з) оқытудың техникалық құралдарын қолдану (компьютер, интербелсенді тақта, проекторлар)

д) белсенді үлестірмелі материалдарды тарату
е) тақта мен борды қолданып, мәліметтердің бір бөлігін келтіру
ж) ақпараттың басқа да формаларын қолдану: кесте, схема, диаграмма, график
з) студенттерге әдіс-тәсілдерді таңдауда ерік беру
и) оқытушының өзі біледі.

2.5 Интервью

Интервью – сұрақ-жауаптар арқылы қандай да болмасын мәселені талқылау және өзіндік пікір келтіру.

Интервью арқылы студенттің немесе оқытушының сабақ тақырыбы немесе оқу/оқыту процесі жайлы пікірлерін білуге болады. Мұнда интервью сұрақтары алдын-ала дайындалып, сұхбаттасушыларға (интервьюерлерге) таратылады. Олардың жауаптары оқу/оқыту процесінің деңгейін анықтап, оған өзгерістер енгізу мүмкіншілігін береді.

Студенттен интервью алу парағы

Студенттің аты-жөні _____ Талқыланатын сабақ тақырыбы немесе проблема _____ _____	
Сұрақтар	Студенттің жауаптары

<ul style="list-style-type: none"> - Сабақ Сізге ұнады ма? Өз пікіріңізді дәлелдеңіз. - Сабақтың ең ұтымды жерлері қандай болды? - Сабақ тақырыбының (проблеманың) Сіз үшін қандай маңызы бар деп ойлайсыз? - Бүгінгі үйренгеніңіз Сіз үшін болашақта қажет болады деп ойлайсыз ба? Неліктен? - Осы тақырып (мәселе) бойынша тағы да не білгіңіз келеді? - Осы тақырып (мәселе) бойынша қандай ақпарат көздерін қарастырасыз? - Бұл проблеманы шешуде Сіздің үлесіңіз қандай болды деп есептейсіз? - Сабақта қандай әрекеттер атқардыңыз? - Топ жұмысы қандай деңгейде өтті деп ойлайсыз? Неліктен? - Өз жұмысыңызға қанағаттанасыз ба? 	
---	--

Оқытушыдан интервью алу парағы

Оқытушының аты-жөні _____ Талқыланатын сабақ тақырыбы немесе проблема _____ _____	
Сұрақтар	Оқытушының жауаптары
<ul style="list-style-type: none"> - Сабақ қалайша өтті деп ойлайсыз? - Жоспарлаған мақсаттарыңызға жеттіңіз бе? Оған қандай дәлелдер келтіресіз? - Сабақтың ең ұтымды жерлері қандай болды деп ойлайсыз? Неліктен? - Бұл сабаққа қандай өзгертулер енгізер едіңіз? Неліктен? - Сабақ тақырыбының (проблемасының) студенттер үшін қандай маңызы бар деп ойлайсыз? - Студенттердің бүгінгі үйренгені болашақта қалайша қажет болады деп ойлайсыз? - Студенттердің сабаққа деген қызығушылығын арттыру үшін қандай әрекеттерді қолдандыңыз? - Студенттердің белсенділігі қандай дәрежеде болды деп ойлайсыз? Неліктен? - Бүгінгі сабақтан түйген ең маңызды ойыңыз қандай болды? 	

Ол отандық және шетелдік жоғары оқу орындарына түсу кезінде жоғары бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету үшін әрбір оқушыны конкурстық іріктеуден бастап мектепті бітіріп шыққанға дейін сүйемелдейді. Оқу жетістіктерін бағалау формативті және ішкі жиынтық бағалау, жетістіктер мониторингі жолымен критерийлік тәсіл негізінде жүзеге асырылады, ол оқушылар бастауыш, негізгі және жоғары мектептерді аяқтағаннан кейін жиынтық аттестаттау кезінде сырттай жиынтық бағалау жолымен оқу үдерісін бір жыл бойы және жылдар бойы қадағалауға мүмкіндік береді

Критериалды бағалау оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі ретінде

Жоспары:

1. Оқушының жетістіктерін бағалаудың мақсаты.
2. Оқушының жетістігін бағалау принциптері.
3. Оқушының жетістігін бағалау түрлері: Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау (формативті және суммативті).
4. Педагогикалық үрдісте критериялды бағалауды ұйымдастырудың технологиясы.
5. Критериялды бағалаудың маңыздылығы. Критериялды бағалаудың дәстүрлі бағалау жүйесінен ерекшелігі.

Критериялды бағалау – оқу мақсаттарына Оқушылардың формативті Бағалау нәтижелері «қол Жеткізді» (оқыту мақсаттары) Немесе «ұмтылуда» Айқындамалары түрінде Тіркеледі. Әрбір сабақта баға Қоймау нашар баға алудан Қорқатын оқушылардың беймаза Күй кешуін болдырмауға, Оқудағы мақсаттарға қол Жеткізуде деңгейінің өсуі үшін Үнемі жұмыс жасауына, ал Оқытушының оқушылардың жеке Ерекшеліктерін ескере отырып, Сабақты жоспарлауды түзетуіне Мүмкіндік береді. дербес оқытуды түзету мен оқушылардың Дағдыларын дамыту деңгейін бағалауға Мүмкіндік беретін алдын ала белгілі болған Өлшемдерге сәйкес оқушылардың оқудағы Жетістіктерін бағалау. Критериялды бағалау формативті, ішкі Жиынтық және сыртқы жиынтық бағалау Арқылы іске асырылады. Формативті бағалау - бұл оқытудың Қандай сатыда екенін, оқушының нәтижесі Жоғары болу үшін не істеу керектігін, тоқсан Бойы оқыту мен оқу үдерісінде үздіксіз Кері байланысты қамтамасыз ету үшін оны Қалай істеу керектігін белгілеу мақсатында Оқушы мен оқытушы қолданатын дәлелдерді Іздестіру және көрсету.

Пара-метрлер <i>Оқу жүйе-лері</i>	Дәстүрлі білім беру (білімді жинақтауға негізделеді)	Интербелсенді оқу (білімді өздігімен игеруге негізделеді)
Негізгі мазмұны	<i>Оқыту, үйрету, білім беру (үйренушілердің толық білімсіз-дігі пайымдалады)</i>	Оқу, үйрену, білім алу («үйрену арқылы ғана білімді меңгеру ықтимал» деген қағұстанады)
Негізгі мақсаты	<i>Адамдардың күнделікті болмысқа бейімделуі, «біліктілік» тұжырымы бойынша білім, білік, дағды «беру»</i>	Күнделікті болмысты адам мұқтажда-ре сәйкес түбегейлі өзгерту, «кұзырлылық» («компетенция») тұжырымы бойынша құзырлардың (компетенциялардың) қалыптасуына тиімді орта мен жағдай жасау
Субъект	<i>Оқытушы</i>	Студент пен оқытушы
Объект	Студент	Бүкіл Әлем, бүкіл өмір (өмір сүру, еңбек жасау, қарым-қатынас, жаңа нәрсеге үйрену)
Оқытушы рөлі	Білім көзі, белсенді үйретуші, біліммен «бос ыдыстарды» толтырушы, студенттерден анағұрлым көп білуші, «солист», «жалғыз актерлі театр» актері, «асаба»	Таным процесі мен үйренуді ұйымдастырушы, жүргізуші, бағыт-бағдар сілтеу проблемалық түрде студенттер түйсінеті және талдайтын болмысты құрастырушы
Студент рөлі	Ырықсыз, бөлсенді, айтқанды орындаушы, қайталаушы, тыңдаушы	Бөлсенді, өз біліміне деген жауапкер-ші түсінуші, білімді өздігімен игеруші, өз қажеттіліктерін айқындаушы.
Оқытушы әрекеттері	- Мәліметтер мен ақпараттар береді; - Өзі жасаған қорытындылар мен тұжырымдарды келтіреді; - Тапсырмалар береді; - Студенттердің білімін тексереді.	Студенттерде келесідей қабілеттерді дамытуға ұмтылады: - өзіндік әрекеттер мен көзқарас қалыптастыру мен дамыту, - ақпаратты өздігімен игеру: талдау, шең қабылдау, жаңа мазмұн құру; - проблеманы айқындау және оны шешу жолдарын қарастыра білу,

		- келіссөздер және пікірталас жүргізе білу, - өз сөзіне иландыру және бітімге келе білу.
Студент әрекеттері	- Бастамашылдық пен ынтаны көрсетпейді, олардың есіне өз міндеттерін жиі салып, әрекеттерін қадағалап, бақылап отыру керек. - Сабақта енжарлық пен ықтиярсыздықты байқатады. - Бәлсенділік (пассив) пен ырықсыздыққа беріліп, аяққы нәтижеге деген қызығушылығы мен жауапкершілігі жоқ.	- Білімді өздігімен игереді; олар білімді өзіндік түсінік, ойлар, идеялар, көзқарас деп түсінеді. - Өз біліміне деген жауапкершілігі жоғары: оларға еш қысым жасаудың қажеті жоқ. - Бастамашыл, белсенді.
Оқу мақсаттарының студент мүддесіне қатысы	Студенттердің талаптарына сәйкестелмеген оқытушы құрастырған бағдарламалар мен жоспарлар бойынша; оқу логикасы мен мақсаттары, күтілетін нәтижелер студент қатысуынсыз бекітіледі; студенттер талқылауға қатыстырылмайды, олардың пікірі ескерілмейді	- Студенттердің мұқтаждары мен мүдделеріне сәйкес. - Барлық қатысушылар шешім қабылдауға өз үлесін қоса алатындығын сезінеді. - Барлық қатысушылар өз шешімдерін жүзеге асырудағы өз жауапкершіліктерін сезінеді.
Әдістемелік ұстаным	<i>Білім дайын күйде беріледі, шығармашылыққа жол берілмейді. Оқу/оқыту - есте сақтау деп түсініледі.</i>	Білім дайын түрде берілмейді, білімді күмәнданып қабылдау: бұл ұстаным диалогтық қарым-қатынас, сыни көзқарас пен шығармашылық белсенділікке негізделеді.
Әдістемелік тәсілдер	<i>Монолог, авторитаризм, қысым жасау, жасандылық, ұрандар, «мәдени жаниу (диктат)».</i>	Диалог, еркіндік, қысымнан арылу, өзінділік, мәдени ықпал.
Проблемаларға қатынасы	Проблемалардың пайда болуы жеңіліс деп түсініледі	Проблемалардың пайда болғаны оларды шешу жолдарын іздестіруге бастайды

Оқыту үшін бағалау

Жоспары:

1. Оқыту үшін бағалаудың маңыздылығы.
2. Бағалаудың түрлері (бақылау, интерпретациясы, қорытынды).
3. Оқыту курсының жалпы моделі.
4. Оқыту үрдісінде жетістіктер деңгейін анықтау.
5. Білім беру мақсатында Б. Блум классификациясын қолдану.
6. Бағалау кері байланыс ретінде. Формативті бағалау, әдістері, түрлері.
7. Формативті бағалау технологиялары

Барлық дерлік оқыту жүйелері, жобалары және технологиялары сабақтың үш кезеңдік құрылымын ұстанады.

Бұл ұстанымның Г.Гегельдің диалектикасынан бастау алатындығы сөзсіз. Адам өз санасындағы ұғымдардың барлығын да объективтік деңгейге дейін жеткізеді дейтін бұл диалектикалық ілімге сәйкес, біздің түсініктеріміз үш кезеңнен тұрады: **тезис, антитезис, синтез**. Таным процесінде біз әлем туралы қандай да болмасын түсінік қалыптастырсақ (тезис), міндетті түрде оған қарама-қарсы тұжырым да табылады (антитезис). Сол себепті де объективтік білім алуымыз үшін, біз ой-толғаныс арқылы тезис пен антитезистің қажетті жақтарын салғастыра келе, орта мағынаны (синтез) табуымыз керек. Гегельдің пайымдауы бойынша, екі қарама-қарсы тұжырымдар мен пікірлердің тоғысуынан (тезис – антитезис) шынайы түсінік пен білім пайда болады (синтез).

Жан Пиаже балалардың ойлау ерекшеліктерін анықтайтын тәжірибелерден олардың ойлауы үш кезеңнен тұратындығын байқаған: «Бірінші кезеңде балалар өзінің көзқарасын келтіреді, екінші кезеңде басқалардың көзқарастарын жақтайды, ал үшінші кезеңде тіпті қарапайым заттарды да ескере отырып, салыстырмалы көзқарас таңдайды. Сонымен бұл процесс ойдың бірте-бірте әлеуметтендіру процесіндей болады: алдымен таза эгоцентризм, одан кейін әлеуметтендіру және аяғында толық объективтендіру... Бұл үш кезең біздің ұғымымыздағы ойлаудың да үш кезеңін көрсетеді: трансдукция, қарапайым дедукция және толық дедукция» (Ж.Пиаже, 278).

Мұнда Ж.Пиаже «таза трансдукция» деп баланың логикалық тәжірибемен байланыспаған алғашқы «ой тәжірибесін» атайды, оны «қарапайым елестету немесе өмірді түйсінген қалыпта имитациялау» дейді (Ж.Пиаже, 339), ал дедукцияны баланың бір құбылысты түсіндірумен қанағаттанбай, оны басқа да құбылыстармен байланыстырып, соның нәтижесі бойынша қорытындылауы мен жалпыламалауы деп атайды. Алғашқы дедукция баланың өзі білетін, оның күнделікті тәжірибесінен туындаған, оның сенімін тудыратын өмірдің кейбір жақтарына бағытталады. Мұнда бала өз түсініктеріне қарама-қарсы гипотезалар мен басқалардың келтірген пікірлерін қарастырады, оларды ой-өрісінен өткізеді. Тек осыдан кейін ғана оның ойы жан-жақты болып, бастапқы сенімдерден арылады (Ж.Пиаже, 338-339).

Сонымен Гегельдің және Ж.Пиаженің ілімдеріне сүйене отырып, таным және ойлау процестері үш кезеңнен тұрады және олар біртұтас құбылыстың, қозғалыстың бір-бірімен тығыз байланысты, бір-бірінен туындайтын және бір-бірінсіз қызмет жасамайтын ажырамас бөліктері болып табылады деп ұйғаруға болады.

Таным кезеңдері (Г.Гегельдің диалектикасы бойынша)	Ойлау кезеңдері (Ж.Пиаже бойынша)
<i>Тезис</i>	<i>Эгоцентризм немесе трансдукция</i>
<i>Антитезис</i>	<i>Әлеуметтендіру немесе қарапайым дедукция</i>
<i>Синтез</i>	<i>Объективтендіру немесе толық дедукция</i>

Тура осы секілді барлық дерлік оқыту жүйелері мен жобаларында кез келген сабақты да үш кезеңге бөлу дәстүрі мықтап орын алған. Сабақтың үш кезеңдік структурасын М.Жанпейісова былай түсіндіреді: «Психологтардың пайымдауынша, әрбір дербес тарауды (тақырыпты) оқып үйрену үш негізгі кезеңнен: *кіріспе-қызықтырушылық, операциялдық-танымдық және рефлексиялық-бағалау* кезеңдерінен тұруы тиіс (Л.М.Фридман)» (М.Жанпейісова, 15).

Дәстүрлі оқыту әдістемелері де орта мектепте «Өткенді қайталау – Жаңа білімді түсіндіру – Бекіту» форматындағы сабақтың үш кезеңдік құрылымын (азғантай ауытқулармен де болуы мүмкін) ұстанады. Ал дәстүрлі оқытуды ұстанатын жоғарғы оқу орындарында бұл құрылым осы қалыпта қадағаланбай, өзгерістерге ұшырайды. Мәселен, лекция сабақтарында «Өткенді қайталау» және «Бекіту» кезеңдері тіпті де қолданбай, олар семинар сабақтарына (практикалық сабақтарға) ауыстырылады.

Оларға:

- Зерттеу (анализ және синтез)
- Проблеманы шешу
- Сын тұрғысынан ойлау
- Өздігінен білім алу
- Ынтымақтастық
- Ақпаратты өңдеу
- Креативтілік және жобалау

□ Практикалық және тәжірибелік дағдылар жатады.

Бағалау критерийлері пәндер бойынша білімді және дағды мазмұнын көрсетеді, осылардың негізінде оқу бағдарламасы және оқу жоспарлары дайындалған

«Формативті бағалау оқыту мақсаттарын анықтау және оқыту үдерісін сәйкесінше реттеу мақсатында прогресс пен оқушының материалды игеруін жиі, интерактивті бағалау ретінде қарастырады» (Луни, 2005, 216.)

«Формативті бағалау бұл – мұғалімдер оқытатын тақырыптар мен дағдыларды игеруін бағалау үшін қолданатын құрал. Сондай-ақ, ол оқыту кезінде белгілі бір студенттердің қателерін және материалды аяғына дейін түсінбеуін анықтаудың «өзегі» болып табылады» (Каль, 2005, 116.) Осындай бағалауды сипаттау үшін терминді іздеген кезде олар оны қолдану аясының көптігінен «формативті бағалау» термині пайдасыз болуы мүмкін деп ұйғарды: «Формативті» термині түрлі түсіндірулер мен түсініктерге ашықтық болып табылады, ал бағалау жиі жүзеге асырылып, оқытумен бір уақытта жоспарланады. Осы бағалау құрамында оқыту үдерісін қолдау үшін арналған ерекшеліктердің барлығының

болуы міндетті емес. Ол мұғалімге егжей-тегжейлі түсіндіру немесе тәжірибе үшін қажетті салаларды анықтауда көмек көрсетуде формативті болуы мүмкін. Оқушыларға келетін болсақ, олардың жұмысына қатысты бағалар немесе ескертулер олар үшін болашақ оқытуда жетістіктерге жетуді емес, тек үлгеруді

немесе үлгермеуді білдіреді. (Брудфут және автор., 1999, 76.) Олар балама ретінде «оқушылар оқытудың қандай сатысында екенін, қандай бағытта жүру және қандай да бір бағытқа қалай жету керектігін шешу мақсатында пайдалану

үшін ақпаратты іздеу және түсіндіру үдерісі ретінде» қолданатын «оқыту үшін бағалау» терминін жақтайды (Брудфут, Догерти, Гарднер, Харлен, Джеймс және Стобарт, 2002, 2–36.). Бұдан бұрын «оқыту үшін бағалау» термині Гарри Блэк мақаласының тақырыбы ретінде қолданылды (1986). Сондай-ақ, термин 1992 жылы AERA тапсырылған мақала тақырыбы (Джеймс, 1992) – ал үш жылдан кейін Рут Саттон (1995) кітабының атауы болды. АҚШ-та терминнің шығуы оны Рикку Стриггинс таратқандықтан, жаңылыспен ол шығарды деп есептелді, бірақ Стриггинстің өзі оны көптеген басқа автордікі деп есептеді (мыс., Стриггинс, 2005 қар.)

Оқуды бағалау

Жоспары:

- 1. Оқуды бағалаудың түйінді сипаты.*
- 2. Бағалау өлшеуіштері мен стандарттары.*
- 3. Оқуды бағалаудағы білім алушының қызығушылығы.*
- 4. Есеп беру, іріктеу және мониторинг жүргізу.*

Бағалау бұл – ізденетін, диалогтан алынған ақпаратқа жауап беретін, тұрақты оқытуды жақсартатын тәсілдерді анықтайтын және бақылайтын, студенттердің, мұғалімдер мен әріптестердің күнделікті тәжірибесінің бөлігі. Оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті көрсетуші термин. Бағалау сөзі оқыту үшін, әсіресе оқытуды бағалаумен үйлесіп сөзсіз құзыретке ие, бірақ Беннет (2009) атап өткендей, бір терминді екіншісімен ауыстыру анықтаудың негізгі ойын ғана өзгертеді. Сонымен қатар, Блэк, Уильям және олардың әріптестері атап өткендей, оқыту үшін бағалау мен оқытуды бағалау арасындағы және айырмашылықтар бір жағынан және формативті мен жиынтық бағалау арасындағы айырмашылық екінші жағынан өз белгілері бойынша әртүрлі болып табылады. Жоғарыда аталған бірінші айырмашылық бағалау жүзеге асырылатын мақсатпен байланысты, ал екіншісі, ол қызмет көрсететін қызметке тікелей қатысты болады. Блэк, Уильям және олардың пікірлестері оқыту үшін бағалау мен оқуды бағалау арасындағы қатынасты былайша түсіндірді: Оқыту үшін бағалау бұл – құрылымы мен тәжірибесінде оны оқушыларды оқытуды көтермелеу үшін мақсат ретінде қолдау болып табылатын кез келген бағалау.

Интеллектуалды оқу мақсаттарына бағдарланған техникалық тәсілдер

Жоспары:

- 1. Түсінік картасы; мазмұны және анықтамасы. Қолдану мақсаты. Қолдану мүмкіндіктері мен таңдауы.*

2. Аналитикалық бағалау формалары. Қарапайым шынайы міндеттерді анықтау. Аталған техникаларды қолдану аясы.

Анықтамалар, қолданудың мақсаты. Түрлі қолдау варианттары мен тәсілдер

Ынталандыру мақсатына бағдарланған техникалық тәсілдер

мүмкіндіктері

Жоспары:

1. Бағалау технологиялары. Оқыту үшін бағалаудың маңыздылығы.

2. Бағалау техникасын таңдай білу. Суреттеу мен мысалдар.

Интерпретация және оны өңдеудегі бағалау нәтижелері.

3. Сабақ барысында қолданылатын тиімді стратегиялар.

Бағалау нәтижесін қолдану мүмкіндіктері мен мақсаты. Бағалау нәтижелері, интерпретация. ФБ оқушыларға оқу үдерісіндегі өз оқу жетістіктеріне рефлексия жасау арқылы оқу тақырыптарын біліп, қаншалықты түсінгендерін және өз пәні бойынша қолданып, оған талдау мен жинақтау жүргізіп, өз-өзіне баға беруді үйретеді. ФБ тәсілдері: мақсат қою, критерий белгілеу, шолу жасау, міндеттер мен сұрақтар стратегиясын айқындау, өзін-өзі бағалау және өзгені бағалау т.б

Рефлексия және өзін-өзі бағалау

Өзара және өзін өзі бағалау

Жоспары:

1. Топпен бірге жұмыс кезінде оқушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау.

2. Топтық жұмыстың бағалануы.

3. Оқушының жеке қабілетін бағалау.

4. Топтық жұмыс барысында оқушының өзін-өзі бағалауы. 5. Жиынтық бағалау және оның түрлері. Жиынтық бағалаудың мазмұны.

Төмендегі жағдайларда өзара және өзін өзі бағалау анағұрлым тиімді:

- оқушылар оқу мақсаты және күтілетін оқу нәтижелері туралы хабардар болған жағдайда (мақсат пен сабақтан күтілетін нәтижелер қосымша жаттығу емес, сабақтың әдеттегі элементтерінің бірі бола отырып, оқуды бақылаудың ажырамас бөлігі болып табылады);

- оқушылар неге қол жеткізгендігін және нені жақсарту алатындығын анықтау үдерісінде олар орталық фигура болған жағдайда. *Өзара және өзін өзі бағалау кезінде оқушылардың дағдыларын дамыту стратегиялары*

Мұғалімдер өзара және өзін өзі бағалау үдерісін жүзеге асыру барысында қолданатын көптеген тәжірибелік стратегиялар бар

Ауызша кері байланыс

Кері байланыс үш бағытта жүреді:

- Мұғалімнен оқушыға – мұғалім оқушыларға ағымдағы жетістіктерге және алдағы қадамдарға қатысты ақпарат береді;

- Оқушыдан мұғалімге – мұғалім оқушылардан өздерінің оқуына қатысты түсініктемелер алады;

- Оқушыдан оқушыға – өзара бағалау барысында.

Аталған бағыттардың барлығы маңызды, қажетті және бір-бірімен өте тығыз

байланысқан. Ауызша кері байланыс ұсынған кезде мұғалім алдағы уақытта оқушылар өздері пайдалана алатын кері байланыс тілін қалыптастыруға тиіс.

Оқушылар ұсынған ауызша кері байланыстың кейбір артықшылықтары

- Жеделдік және нақты жағдайға байланыстылығы – енді ғана туындаған қате түсініктерді түзете алады және нақты оқу жағдайында қолданылады.

- Қарқындылық және бейімдеуге болатындығы – идеялармен алмасуға мүмкіндік береді және оқудағы тиісті бір қажеттіліктерге бейімделеді.

- Реттілік – үздіксіз және таныс.

- Эпизодтық – сабақтың мақсаты тұрғысынан оқуды құрылымдау үшін сабақ жалпы сыныптық жұмыспен ұштасуы мүмкін.

- Ынталандыру – ауызша кері байланыс көтермелеу, құлшыныс туғызуы мүмкін.

- Адамның ерекшеліктері – адамның бет әлпеті (мимика) мен дене қимылдары (жесты) кері байланысты күшейтеді.

- Жан- жақты – сұрақ қою, модельдеу және түсіндіру кері байланысты қамтамасыз

ету құралдары ретінде пайдаланылуы мүмкін.

• Уәж – оқушыларға тікелей жүретін ауызша кері байланыс ұнайды және олар жеңіл жауап береді, сол арқылы өз жетістіктерін көріп, сенімі нығаяды.

Ауызша кері байланыстың үздіксіз спектрі

Критериалды бағалау техникалары

Жоспары:

1. «Рубрика», «Дискриптор» әдістемесін қолдану мақсаты.

2. Бағалау өлшеуіштерін тапсырмалардың құрылымына қарай таңдау мүмкіндіктері.

Критериалды бағалаудағы Рубрика деген не? Ол нені көрсетеді? 2. Критерий деген не, ол немен анықталады, нелерді құрайды?

3. Дискрипторлар деген не, нені сипаттайды, қалай белгіленеді?

Рубрика – өтілген тақырып бойынша оқушылар білімін бағалау критерийлері жиынтығы. Ол қандай да бір тақырыпты зерттеу мақсаттарымен анықталады және мазмұндық жағынан сол рубриканы ашатын критерийлермен толықтырылады.

Критерий оқыту міндеттерімен анықталады және сыныптағы оқушылардың жұмыс барысында жасайтын, соның нәтижесінде жақсы меңгеруге тиіс әр түрлі іс-әрекеттерінің тізімін құрайды.

Дискрипторлар оқушының әр критерий бойынша (сатылы түрде) нәтижеге жету деңгейін сипаттайды және оны белгілі бір ұпайлармен бағалайды: жетістік жоғары болған сайын сол критерий бойынша ұпай да жоғары болады

Рубрика - студенттер орындаған жұмыстардың қандай болуы керектігін (параметрлер белгілеу арқылы) және қандай бағаға тұрарлық екендігін нақты түрде айқындау, бағалаудың дәл талаптарын (критерийлерін) таңдау және тағайындау.

Студенттердің жұмыстары субъективті тұрғыдан бағаланбауы үшін, жұмыстарға қойылатын талаптарды алдын-ала айқындап алу студенттердің өз жұмысында озық үлгілерге (идеал) сүйеніп, қалай жазу керектігін есте ұстап, жұмыстарды сол тұрғыдан орындауына жол береді. Бұл өз кезегінде студент жұмыстарының сапасын арттырады.

Критерийлердің келесі ережелерге сай болғандығы дұрыс:

- Критерийлер үшеуден кем болмауы керек.
- Критерийлер студенттерге алдын-ала белгілі болуы керек.
- Критерийлер студенттермен бірге құрастырылуы керек.
- Оқытушы ұсынған критерийлер студенттер тарапынан толық қабылдануы керек.
- Бағалаудың әрбір түрі мен әрекеті үшін бөлек критерийлер қажет.
- Критерийлер жазбаша түрде келтірілуі керек.
- Критерийлер жария түрде келтірілуі керек: силлабустардан орын алып және аудитория қабырғасына іліп қойған орынды.

Төменде қандай да болмасын тақырыпқа жазылған эссенің бағалау критерийлері келтіріледі.

Эссені бағалауға арналған әмбебап рубрика

Мазмұны мен ұстанған көзқарасы

- Көлемі бекітілген мөлшерден кем емес;
- Берілген тақырып ауқымында жазылған, одан алшақтаулар жоқ.
- Нақты проблема айқындалып, эссе соны шешуге бағытталған.
- Таңдап алынған позиция немесе көзқарас нақты айқындалған және кең контексте қарастырылады (тарихи, әлеуметтік, саяси, экономикалық, т.б.);
- Нақты айқындалған дербес көзқарас ұстанылады: оқулықты немесе лекцияны қайталамайтын, өзіндік «Мені» анық көрінетін идеялар (пікірлер, ойлар) келтіріледі.

Құрылымы

- Үш бөлімді құрылым нақты айқындалған: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды;
- Бір бөлімде келтірілген идеялар екінші бөлімде тура сол қалпында қайталанбайды: өзгертілген, түрлендірілген қалыпта беріледі, дамытылады;
- Бөлімдер арасында логикалық байланыс байқалады, «сонымен бірге», «сөйтіп», «сонымен», «алайда», т.б. сияқты байланыстырғыш сөздер қолданылады.

Стиль

- Жай сөйлемдерге қарағанда құрмалас сөйлемдер көптеп қолданылған;

- Оқығанда қиындық туғызбайды, түсінікті, стилистикалық қателер кездеспейді;
- Атаулар мен терминдер өз мағынасында қолданылған;
- Сөздер өз мағыналары тұрғысынан дұрыс қолданылған;
- Біркелкі немесе ұқсас ұғымдар мен түсініктер синонимдер арқылы беріледі;
- Таза және ұқыпты жазылған, орфографиялық және пунктуациялық қателер жіберілмеген.

Ұстанған позиция

- Өзіндік, соны пікір келтірілген, лекция немесе оқулықты қайталамаған;
- «МЕН» ұғымы тұрғысынан жазылған;
- Біреудің пікірін қайталамайды;
- Нақты айқындалған;
- Жалпы адами немесе кәсіби құндылықтар тұрғысынан келтірілген;
- Түсінікті.

Дәлелдемелік негіз

- өз көзқарасын жақтайтын бірнеше дәлелдер келтірілген;
- өз пікіріне қарсы дәлел келтіріліп, ол өз позициясының артықшылықтарын келтірумен жоққа шығарылған;
- қоғамда жаппай қабылданған құндылықтарға, кең тараған пікірлерге және беделді адамдардың көзқарастарына сілтеме жасалады;
- дәлелдер эмоционалды және субъективті материалдарға сүйенбей, фактілерге негізделеді, олар өздерінің өміршеңділігі мен шынайылығымен оқырманның сенімін тудырады;
- өз көзқарасының дәлелдері ретінде нақты мысалдар келтіріледі;
- нақты және айқын түрде ұстанған көзқарасының қоғам өмірі үшін келтірілетін салдары, артықшылықтары немесе зардаптарын көрсетеді;
- ақпарат көздерінің нақты көздеріне сілтеме жасалады (БАҚ, Интернет, арнайы әдебиет).

Қорытынды

- нақты және айқын тезистер келтіріледі;
- проблеманы шешуде қолдануға тұрарлық нақты ұсыныстар келтіріледі;
- ұсыныстар өмірде кездесетін ситуациялар тұрғысынан келтірілген, нақты өмірмен тығыз байланысты.

Бұл рубрика үлгілі жұмыстың («өте жақсы» бағасына тұрарлық) параметрлерін сипаттайды. Ал басқа жұмыстардың критерийлері одан төмендеу болады.

Әрбір жұмысқа талаптарды (критерийлерді) өзгешелеп қою керек. Талаптарды белгілеу сонымен бірге жұмыстарды орындау реті, алгоритмі болады, өйткені мұнда жұмыстың қалай орындалатындығы да келтіріледі.

Жазу жұмыстарының критерийлерін белгілейтін басқа да рубрикалардың мысалдарын келтірейік.

«Өзіндік көзқарас пен ұсыныстар» эссесі

(экономикалық мамандықтардың студенттері үшін)

Тақырып. Өкімет тарапынан студенттерге берілетін несие мәселесі.

Ситуация. Жуырда парламентте өкімет тарапынан студенттерге берілетін несие мәселесі талқыланды. Бұл отырысқа студент қауымының өкілдері де шақырылды. Сіз де өз оқу орныңыздан осы талқылауға қатыстыңыз.

Тапсырма. Парламент отырысының қалай өткендігі жайлы есеп беріп, проблеманы шешудің тиімді жолдарын ұсыныңыз. Өз ұстанымдарыңызды дәлелдеу үшін қажетті заңнамалық және экономикалық құжаттарды қолданып, оларға сілтеме жасаңыз. Жұмыстарыңызды келесі сабаққа алып келіңіздер. Жұмыстарыңыздың жинақ ретінде басылып, басқа мамандықтардың студенттеріне таратылатындығын ескертемін.

Жұмыс көлемі. Жұмыс үш парақтан кем болмауы керек. Жазу параметрлері: Times New Roman шрифті, 14 кегль, 1,0 интервал, кернез ауқымы – 3×2×2×1,5.

«Өзіндік көзқарас пен ұсыныстар» эссесін бағалауға арналған

Рубрика

«Өте жақсыға» бағаланатын эссеге қойылатын критерийлер:

Мазмұны және ұстанған позициясы:

- нақты тезистер (идеялар) келтірілген, өзіндік көзқарас (позиция) айқын беріліп, жан-жақты тұжырымдалған;
- қажетті ақпаратпен негізделген салмақты дәлелдер келтірілген;
- барлық маңызды мәселелер қарастырылған;
- жан-жақты, терең талдау жасалынып, нанымды қорытынды жасалған;
- тұжырымдамалық қателер жіберілмеген.

Жан-жақтылығы:

- тақырыптың барлық бөлімдеріне біркелкі назар аударылады;
- қажеттілігі бар болғанда әртүрлі көзқарастар талданып, қорытындыланады.

Дәлелдемелік негізі:

- қажетті және дәл ақпарат келтіріледі (тарихи, заңнамалық, конституциялық және т.б.);
- проблема терең қарастырылады;
- бұқаралық пікір мен беделді адамдардың пікірлеріне, ғылыми көзқарастарға сілтеме жасалады;
- қосымша ақпарат қолданылады.

Баяндау:

- құрылымы логикалық тұрғыдан мінсіз, бөлімдер арасында байланыс анық көрінеді;
- жазу стилі ерекше: бірден көзге түседі, жұмыстың мазмұнын әрлендіреді;
- сөз қолдануы түсінікті, айқын және нақты, баяндау бір стильдің аумағында (эссеистік, публицистикалық, ғылыми, т.б.).

«Жақсыға» бағаланатын эссеге қойылатын критерийлер:

Мазмұны және ұстанған позициясы:

- нақты тезистер (идеялар) келтірілген, өзіндік көзқарас (позиция) тұжырымдалған;
- қажетті ақпаратпен негізделген дәлелдер келтірілген;
- барлық дерлік маңызды мәселелер қарастырылған;
- талдау және қорытындылау жасалған;
- тұжырымдамалық қателер жіберілмеген.

Жан-жақтылығы:

- тақырыптың барлық дерлік бөлімдері қамтылған;
- әртүрлі көзқарастар талданып, қорытындыланады.

Дәлелдемелік негізі:

- қажетті және дәл ақпарат келтіріледі (тарихи, заңнамалық, конституциялық және т.б.);
- проблема терең қарастырылады;
- қосымша ақпарат қолданылады.

Баяндау:

- жақсы құрастырылған эссе;
- жазу стилі бірден көзге басылып, жұмыстың мазмұнын әрлендіреді;
- сөз қолдануы айқын және нақты.

«Қанағаттанарлыққа» бағаланатын эссеге қойылатын критерийлер:

Мазмұны және ұстанған позициясы:

- кең контекст берілмеген және де нақты позиция айқындалмаған;
- келтірілген дәлелдер нақты сілтемелермен қамтамасыздандырылмаған.

Жан-жақтылығы:

- барлық мәселелер қарастырылмаған;
- құжаттар тек аталады немесе құжаттарға жасалған сілтемелер өзіндік көзқарас тұрғысынан бағаланбайды.

Дәлелдемелік негізі:

- қолданылған ақпарат (тарихи, әлеуметтік, саяси, экономикалық, заңнамалық) дәл келтірілмеген, оларда қателер жіберілген;
- зерттелініп жатқан проблема терең қарастырылмаған.

Баяндау:

- баяндалған материалдың ішкі құрылымы (позиция, көзқарас, пікірлер және идеялардың өзара байланысы) байқалмайды;
- орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық қателер түсінуді қиындатады.

«Дербес пікір» жазу тәсілі

Студенттерге сабақ соңында 7-8 минут ішінде қарастырылған мәселе бойынша келесідей құрылымдағы жазба жұмысын ұсынуға болады:

1. Өзіндік пікір (ой, идея).
2. Дәлел.
3. Өз пікірін айғақтайтын мысал
4. Өз пікіріне қарсы дәлел
5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал.
6. Қорытынды.

Мұндай жұмысты орындауда әрбір жауаптың қанша сөйлеммен берілу керектігін де көрсетуге болады:

1. Өзіндік пікір (ой, идея) – бір сөйлем.
2. Дәлел – екі сөйлеммен келтіру керек.
3. Өз пікірін айғақтайтын мысал – екі сөйлем.
4. Өз пікіріне қарсы дәлел – бір сөйлем.
5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – бір сөйлем.
6. Қорытынды – екі сөйлемнен тұрады.

Сонымен бұл жұмысты небәрі 9 сөйлеммен жазуға болады. «Дербес пікір» жазуын бағалауда келесідей критерийлерді ұстануға болады (бұл талаптар студенттерге алдын-ала таратылып беріледі). Бағалауды студенттердің өздері де жүргізсе болады.

«Дербес пікір» тәсілін бағалаудың критерийлері

Тапсырмалар	Критерийлер	Көрсеткіштер	
		+	-
Пікір/ көзқарас	1. Нақты айқындалған. 2. Басқалардың түсінуі үшін қиындық туғызбайды.		
Дәлел/ Аргумент	1. Қоғамда кең қолданыстағы құндылықтарға, құжаттарға, кең тараған пікірлер мен жеке беделдердің көзқарасына сілтемелер жасалады. 2. Нанымды және сенуге тұрарлық.		
Мысал	1. Нақты, нанымды. 2. Қоғам өмірі үшін салдарын, артықшылықтары мен зардабын анық көрсетеді. 3. Нақты көздерге сілтеме жасалады.		
Қарсы дәлел	1. Қандай да бір бедел немесе қоғамның бір бөлігі ұстанатын пікірге сілтеме.		
Мысал	1. Нақты көздерге сілтеме жасалады. 2. Практикалық тұрғыдан пайдасы келтіріледі.		
Қорытындылау	1. Көзқарас пен пікірдің мәні нақты, қысқа әрі нұсқа түрінде келтірілген. 2. Проблеманы шешуде қолданыс табатын нақты ұсыныстар келтірілген.		
	Барлығы:		

Егерде бұл жұмысты орындау нәтижесінде студенттерге баға қою қажет болатын жағдайда бағаларды келесідей бөлуге болады (мұнда көрсетілген әрбір талапты қадағалағандығы үшін бір балл беріледі, яғни студент 12 балға дейін жинай алады):

- «өте жақсы» - 11-12 балл,
- «жақсы» - 9-10 балл,
- «қанағаттанарлық» - 6-8 балл.

ҚР жалпы орта білім беретін мектептердегі критериалды бағалау үдерісі Жоспары.

1. Күнделікті сабақ барысында бағалаудың тиімді стратегиялары.

2. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалаудың тиімділігі.

3. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰҰ мысалында критериялды бағалау жүйесін енгізудің отандық тәжірибесі. 4. Жоғары оқу орындарының оқу үрдісіне ендірудің тиімділігі

4. Портфолионы бағалау құралының мақсаты мен мәні.

Критериялды бағалаудың кіріктірілген моделі:

1) оқу үдерісінде мұғалімдер, оқушылар және ата-аналар арасында тиімді кері байланыс орнатуға қолайлы жағдай жасайды;

2) оқушылардың өзінің және де сыныптастарының оқу нәтижелерін сараптауға дағдыландырады;

3) мұғалімге және оқушыларға оқу үдерісін үнемі бақылап отыруға мүмкіндік беріп, оқу мақсаттарын түзеп отыруға ыңғайлы жағдай жасайды.

Мен «Мұғалімдер оқуды бағалаумен (жиынтық бағалау) қатар, оқыту үшін бағалауды (Формативті бағалауды) пайдаланғанда, бағалау оқудағы аса пайдалы құралға айналады», формативті бағалаудың сабақ барысында оқушылардың белсенділіктерін арттыру. Критериялды бағалаудың кіріктірілген

моделі сабақты жоспарлағанда сабақтың мақсатын оқушыға бағыттап, күтілетін нәтижелерді нақтылауға жол ашты. Тақырып бойынша оқу мақсаттарына жетуге арналған тапсырмалар және тапсырманы орындауға берілетін дескрипторлар оқушыларға қандай әрекет жасау керектігін және өздерінің жауапкершіліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Портфолио (portfolio – ағылшын сөзі.) – портфель сөзі – маңызды құжаттар үшін арналған папка деген мағынаны білдіреді. «Шетелдің жаңа сөздігінде» портфолио визиттік карточка есебінде қолданылады, яғни, адам туралы ақпарат, ұйымның белгілі құжаттарының жинағы, жұмыс үлгілері деп түсіндіреді.

Мұғалім портфолиосы дегеніміз не? Бұл оқытушының педагогикалық қызметінің сапасы мен жетістіктері туралы дәлелді құжаттары. **Қолданыстағы атауы:** мұғалім портфолиосы, педагог портфолиосы, электронды портфолио

Мұғалім портфолиосын жасау. Бұл дәстүр қайдан пайда болған? Жауап: Бұл өмір қажеттілігінен яғни, білім сапасын үздіксіз көтеріп отыру талаптарынан деуге толық негіз бар. Портфолио оқытушы жұмысының нәтижесіне мониторинг жасау үшін білім беру мекемелерінің әкімшілігіне аса қажет, бір жағынан педагогтың өзін-өзі бақылауы және білімін көтеріп отыруы үшін де маңызды.

Мұғалім портфолиосын құрудың негізгі принциптері:

- жүйелілік;
- мәліметтердің нақтылығы мен ауқымдылығы;
- ақпараттың объективтілігі;
- көрнекілік.

Портфолионың негізгі мақсаты – мұғалімнің кәсіби өсуінің мониторингінің, кәсіптік нәтижелерінің, жетістіктерінің талдауын қамту;

Портфолио мұғалімнің өз қызметіндегі әр түрлі – оқыту, тәрбиелеу, шығармашылық, өз білімін көтерудегі нәтижелерін жинауына көмек береді.

Портфолио

• Мұғалімнің біліктілік категориясын көтеруіне, бекітуіне және оқу жылының қорытындысы бойынша марапатталуына;

• Педагогтың кәсіби шеберлігінің өсуі туралы ақпараттың көзі болып табылады.

Мұғалім портфолиосы файлдары бар арнайы папкада жасақталады. Портфолиоға салынған әр материалда күннің жады, яғни (уақыт) көрсетіліп отыруы тиіс. Портфолио құрамы әдістемелік бірлестік жетекшісінің немесе мұғалімнің өзінің алдына қойған міндеттері негізінде жасалады.

Портфолионы электронды түрде де жасауға болады. Электронды түрі құжаттардың сканерленген қосымша электронды кестелер, педагог пен оқушы жұмысының электронды файлдары (жобалар, сабақ түрлері және т.б.) түрде жасалынады.

Портфолио

Портфолио – білім алушының жыл (тоқсан, семестр) бойы жасаған жұмыстары және жетістіктерінің дәлелі. Портфолио білім алушының даму прогресі мен жетістіктерін көрсетіп, бұл процесті нақты талдау мүмкіншілігін береді: білім алушылар өз оқуын бұрынғыдан да сәтті түрде

тастырып, мақсаттарын тереңірек түсініп, жұмыстарына өзгерістер енгізіп, оқудағы өзліктерін көреді. Портфолиода білім алушы өзінің жыл (тоқсан, семестр) бойы атқарған жазбас үлгілерін сақтап, оқу мерзімі аяғында үйренгені туралы есеп берген кезде портфолионы дәлелде қолдана алады.

Портфолио - білім алушының оқу процесіне қалайша қатысатындығын көрсететін жұмыстарының нығыз ретінде оқудың тиімділігі деңгейін айғақтайды, оқу процесінің білім алушылар үшін қандай нәтиже беретіндігін көрсетіп, олармен *кері байланыс* құру тәсілі болып табылады. Бұған қоса портфолио алушылардың бірлесе жұмыс жасап, ұстаздармен әрекеттесуге септігін тигізеді, өйткені олар өздерінің жетістіктері мен дамуының динамикасын талдау жұмысына білім алушылардың өздері ұстаздың қатысуын талап етеді.

Портфолионың **міндетті бөлімдері мен рубрикаларының тізімі** келесідей болуы мүмкін:

Білім алушы өзі туралы.

Білім алушының өзі туралы мәлімет (қысқаша өмірбаяны, фотолар),
өзін бойынша алдына қойған мақсаттары,
өзінді игеруде күтетін нәтижелері мен жұмыс жоспары,
өзін игеруде қолданатын әдіс-тәсілдері.

Пәннің теориялық мазмұны.

терминологиялық сөздік (глоссарий),
оқу материалдары (тірек лекциялары, конспекттер, Интернет материалдары, т.б.),
өзі тапқан қосымша материалдар.

Жұмыс үлгілері.

Ғылыми-әдістемелік жұмыстары (баяндамалар, құралдар, мақалалар),
шығармашылық жұмыстар (эссе, сценарийлер, өзі қойған тәжірибелердің сипаты мен нәтижелерін
жарыстырған ойсергектер, есептер, сөзжұмбақтар, т.б.),
семестр бойы өзіне ұнаған екі сабақтың жоспарын (құрылымын) келесі үлгі бойынша келтіре
отырып, сабақ кезеңдері, сабақта қолданған әдіс-тәсілдер, сабақтың ұтымды жерлері, сабақтың
қызықтылығы,
бірге оқитын жолдастарының озық жұмыс үлгілері.

Жетістіктер.

Жетістіктері (келтірген жаңа ақпараттары, өздігімен анықтаған заңдылықтары),
өзін ұтымды шыққан жұмыстары,
тарапатаулары.

Ой-толғаныс.

өзінді оқу/игеру процесіндегі өзінің рөлі туралы ой-толғанысы,
өзінің ой-толғаныстарын көрсететін әрекеттерді сипаттау (сабақ талдау, пікірталас ұйымдастыру
және мәтіндерін келтіру, сауалнамаларға жауаптары),
өзін-өзі бағалау,
өз жұмысы туралы есептері,
оқу процесі туралы ой-толғаныстары (эсселер, хаттар, пікірлер).

Портфолионы бағалау критерийлері

Критерийлер	Жоғарғы балл
Барлық бөлімдер келтірілген	2
Өздігімен қосымша бөлімдер кіргізу	5
Портфолионы құрастыруда зерттеу әдістерін қолдану	10
Портфолионы құрастырудағы өзінділік пен дербестік	10
Материалдарды безендіру	8
Портфолионың студент үшін пайдасы, қорытынды жасау	10
Бірге оқитын жолдастарының пікірлері	5
Ой-толғанысқа негізделген материалдар	10
Портфолионы таныстыру (жариялау, презентациялау)	10
Барлығы	70

«Жеті жақсы» - 60 балдан 70 балға дейін

«ақсы» - 50 балдан 60 балға дейін

«анағаттанарлық» - 40 балдан 50 балға дейін

«анағаттанарлықсыз» - 40 балдан төмен

Портфолио - студенттің семестр бойы жасаған жұмыстары және жетістіктерінің айғағы мен дәлелі. Портфолио студенттің даму прогресі мен жетістіктерін көрсетіп, бұл процесі жан-жақты талдау мүмкіншілігін береді: студенттер өз оқуын бұрынғыдан да сәтті түрде ұйымдастырып, мақсаттарын тереңірек түсініп, жұмыстарына өзгерістер енгізіп, оқудағы өз жетістіктерін көреді. Портфолиода студент өзінің семестр бойы атқарған жазба жұмыс үлгілерін сақтап, семестр аяғында үйренгені туралы есеп берген кезде портфолионы дәлел ретінде қолдана алады.

Портфолио - студенттің оқу процесіне қалайша қатысатындығын көрсететін жұмыстарының жиынтығы ретінде оқудың тиімділігі деңгейін айғақтайды, оқу процесінің студент үшін қандай нәтиже беретіндігін көрсетіп, студенттермен *кері байланыс* құру тәсілі болып табылады. Бұған қоса портфолио студенттердің бірлесе жұмыс жасап, оқытушылармен әрекеттесуге септігін тигізеді, өйткені ол студенттердің жетістіктері мен дамуының динамикасын талдау жұмысына студенттердің өздері мен оқытушының қатысуын талап етеді.

Портфолио студенттердің оқуын қорытынды әрекет (емтихан) бойынша бағаламай, процесс бойынша бағалау мүмкіншілігін береді. Портфолиоарды электрондық түрде де келтіруге болады (Қараңыз: М.Лебедева, О.Шилова, 21-25).

Портфолио бірнеше қызмет атқарады:

- *жинақтаушы* – студенттердің жұмыстарының жиынтығы;
- *үлгі (модель)* – студенттің жеке оқу траекториясын қалыптастырудың құралы, өйткені ол әр студентке оқудың өзіндік стратегиясын айқындап, қажетті материалдар мен жұмыс түрлерін таңдау мүмкіншіліктерін береді;

- *ой-толғаныс пен шығармашылық тудырушы* – студенттерге оқу/үйрену және кәсіби тұрғыдан қажетті әдістер мен тәсілдердің қолдануын ұғынып, оларды қолдану мен өзгерту мүмкіншіліктерін береді.

Мұнымен қатар Сузанна Саффкова портфолионың келесідей мүмкіндіктерін нұсқайды:

- оқытушы үшін – студенттің жетістіктерімен танысып, олардың маңыздылығын айқындау мен бағалау;

- студент үшін – тұлғалық тұрғыдан дамып, мотивация мен өзіндік жетістіктер, кемшіліктер мен мүмкіндіктер туралы түсініктерінің өзгеруіне байланысты әрі қарай жетістіктерге жету;

- оқу орны үшін – студенттердің мүмкіншіліктерін (әлеуетін) айқындап, соған байланысты оқу бағдарламалары, сабақ беру әдістемесі мен оқу процесін ұйымдастыруды студенттердің мүмкіншіліктеріне байланысты өзгерту;

- жоғарыда көрсетілген барлығы үшін – қажет болған жағдайда жасаған жұмыстары туралы құжаттармен дәлелденген есеп беру (С.Саффкова, 11-15).

Портфолио – материалдардың қарапайым жинағы ғана емес. Бағалауда портфолионың нақты мазмұнымен бірге материалдардың қалайша таңдалып алынғандығы және оларды дәлелдеу базасы да бағаланады. Студенттер портфолиоға өздерінің түсініктері, ой-толғаныстары мен дәлелдеулерін көрсететін келесідей материалдарды жинақтайды:

- өткізілген пікірталастардың қорытындылары,
- оқыған материалдарының (кітап, лекция, зерттеулер) конспектілері,
- проблема шешудің өзіндік ұсыныстары,
- эссе мен басқа да жазу үлгілері.

Басқаша сөзбен айтқанда, **портфолио үшін ең басты мәселелер – есеп беру (дәлелдер келтіру) және ой-толғаныс (рефлексия).**

Портфолионы оқу процесіне қалайша енгізуге болады? Бұл үшін келесідей әрекеттерді атқарған орынды.

1. Студенттердің түсінігі мен мотивациясын тудыру.

Әрбір студентке портфолионың не үшін құрастырылатындығы түсінікті болуы керек. Студенттер портфолионың қызықты әрі қомақты нәтижелерге қол жеткізетіндігіне көз жеткізіп, оны өзін-өзі бағалау мүмкіншілігі деп қабылдағаны дұрыс.

2. Портфолионың түрін айқындау.

Портфолионың түрін оқытушы көмегімен студенттің өзі таңдауы керек. Мұнда мәселе

мақсатқа байланысты: егер студент есеп беруді жоспарласа, онда портфолио оның жұмыстарының толық жинағы (немесе таңдамалы жұмыстар жинағы) болады; ал егерде ол өзінің тұлғалық әрі кәсіби дамуын мақсат тұтса, онда портфолионы ой-толғанысқа негізделген жұмыстар құрайды.

3. Тапсыру мерзімін айқындау.

Мұнда портфолионың дайын түрде тексеруге өткізілетін мерзімі белгіленеді, әдетте ол семестр аяғында межелік бақылауда оқытушы тарапынан тексеріледі.

4. Портфолио бөлімдері мен рубрикаларын айқындау.

Портфолио құрылымы студенттермен бірлесе анықталады. Өз портфолиосының құрылымын белгілеуде студентке ерік беру қажет, бұл жерде тек «Өзім туралы», «Менің таңдаулы жұмыстарым», «Менің жетістіктерім», «Менің ой-толғанысым» сияқты міндетті бөлімдердің болуын талап ету керек.

5. Бағалау критерийлерін айқындау.

Критерийлер студенттермен бірлесіп құрастырылады. Мұнда назарды жұмыстардың жинақталуына ғана емес, сонымен бірге олардың жүйеленуі мен өзінділігіне, студенттің ой-толғанысына аудару керек.

6. Бағалау әдістері.

Студенттермен бірлесе айқындалады: презентация, қорғау, т.б.

Портфолионы құрастыру үшін студенттерге оның формасына (құжаттар мен тапсырмалардың тізімі және реттілігі) және әр құжаттың мазмұнына қойылатын талаптарды келтірген жөн. Мысалы, Лоне Йоренсен мен Сэлли Хансен (Л.Йоренсен, С.Хансен, 2004) педагогикалық практика бойынша есеп беруде студенттердің келесідей тапсырмаларды орындауын ұсынады:

1. Оқу/оқытуға деген өзіндік көзқарастарын келтіру.

2. Кәсіби дағдыларды әрекеттер арқылы көрсету.

3. Сабақ жоспарларын құрастыру.

4. Мектептің оқушылары және педагогикалық ұжымымен кәсіби қарым-қатынас құрудың айғақтарын келтіру.

5. Сабақтарда тәртіпті қалайша қадағалайтындығын көрсету.

6. Оқытып жатқан пәннің мазмұнын білетіндігін көрсету.

7. Оқу бағдарламасын білетіндігін көрсету.

8. Оқушылардың жұмысын әртүрлі критерийлер бойынша бағалай білу.

9. Әртүрлі оқу құралдары мен ресурстарын таңдау, құрастыру және қолдану.

10. Өзінің кәсіби деңгейін бағалау.

Әдетте портфолионың екі түрін ажыратады: **өсу портфолиосы** (мұнда студенттің жеке тұлғалық және кәсіби дамуы көрсетіледі) және **нәтижелер портфолиосы** (жыл бойы қол жеткізген ең елеулі нәтижелер). Алайда портфолионың түрі студент пен оқытушының мақсаттарына орай таңдалатындықтан, оны әртүрлі тұрғыдан құрастыруға болады. Мәселен, М.Лебедева мен О.Шилова (М.Лебедева, О.Шилова, 21-25) портфолионың келесідей түрлерін келтіреді.

Портфолионың түрлері

Мақсаты бойынша	Меншікті портфолио	Студенттер өздері үшін құрастырады
	Есеп беру портфолиосы	Студенттер оқытушы үшін құрастырады
	Портфолио-жоба	Студенттер өз әрекеттерін ұйымдастыру үшін құрастырады
	Жетістіктер портфолиосы	Студенттердің белгілі бір уақыт аралығындағы (немесе материалдың қомақты бөлігі бойынша) жұмыстары

Мазмұны бойынша	Ой-толғаныс портфолиосы	Студенттердің мақсаттарға жетуін бағалау (студенттердің өзін-өзі бағалауы)
	Проблема шешуге бағытталған портфолио	Нақты проблеманы шешудің мақсаттарын, шешу процесі мен нәтижелерін көрсететін барлық материалдар
	Тақырыптық портфолио	Белгілі бір тақырып (немесе модуль) аумағында студенттердің жұмысын көрсететін материалдар

Портфолионың құрылымы алдын-ала анықталып, оның қандай жұмыстар мен құжаттардан тұратындығы белгілеп алған орынды. Портфолионың қандай бөлімдер мен рубрикалардан (тақырыптар, бөлімшелер) тұратындығын студенттің өзі таңдауы керек, бұл жерде оқытушы оған бөлімдер мен рубрикалардың тізімдерін ұсынып, олардың ішінде қандайларының міндетті екендігін ғана атайды. Өз қалауы мен пікірі ескерілген жағдайда ғана студент портфолионың өзінің меншікті жұмыс екендігін түсініп, оны құрастыруға белсене кіріседі.

Портфолионың **міндетті бөлімдері мен рубрикаларының тізімі** келесідей болуы мүмкін:

1. Студент өзі туралы.

- өзі туралы мәлімет (қысқаша өмірбаяны, фотолар),
- пән бойынша алдына қойған мақсаттары,
- пәнді игеруде күтетін нәтижелері мен жұмыс жоспары,
- пән игеруде қолданатын әдіс-тәсілдері.

2. Пәннің теориялық мазмұны.

- терминологиялық сөздік (глоссарий),
- оқу материалдары (тірек лекциялары, конспектілер, Интернет материалдары, т.б.),
- нормативтік құжаттар (заңдар, үкімдер, нұсқаулықтар, ережелер),
- студенттің өзі тапқан қосымша материалдар.

3. Студенттің жұмыс үлгілері.

- ғылыми-әдістемелік жұмыстары (баяндамалар, құралдар, мақалалар),
- шығармашылық жұмыстар (эссе, сценарийлер, өзі қойған тәжірибелердің сипаты мен нәтижелері, өзі құрастырған есептер, сөзжұмбақтар, т.б.),
- келесі үлгі бойынша семестр бойы өзіне ұнаған екі сабақтың жоспарын (құрылымын) келтіру: тақырып, сабақ кезеңдері, сабақта қолданған әдіс-тәсілдер, сабақтың ұтымды жерлері, сабақтың маңыздылығы,
- бірге оқитын жолдастарының озық жұмыс үлгілері.

4. Студенттің жетістіктері.

- жаңалықтары (келтірген жаңа ақпараты, өздігімен анықтаған заңдылықтар),
- ең ұтымды шыққан жұмыстары,
- марапаттаулар.

5. Студенттің ой-толғанысы.

- пәнді оқу/игеру процесіндегі өзінің рөлі туралы ой-толғаныс,
- өзінің ой-толғанысын көрсететін әрекеттерді сипаттау (сабақ талдау, пікірталас ұйымдастыру, интервью мәтіндерін келтіру, сауалнамаларға жауаптары),
- өзін-өзі бағалау,
- өз жұмысы туралы есептері,
- оқу процесі туралы ой-толғанысы (эсселер, хаттар, пікірлер).

Портфолионың жанрлық мазмұны

Портфолионың бөлімдері мен рубрикалары айқындалғаннан кейін, жинақталатын жұмыстар мен құжаттардың жанрлық сипатын нақтылап анықтау керек. Мұнда бірінші кезекте студенттің дербестігін, шығармашылығын, рефлексиясын көрсететін жұмыс түрлері келтірілуі керек. Алайда бұл жұмыста да студенттің қалауы мен мүдделері ескерілуі тиіс: портфолиоға жинақталатын жұмыстарды студенттің өзі таңдағаны дұрыс.

Портфолиоға келесідей жұмыстарды жинақтауға болады:

- тексеру және бақылау жұмыстарының, тестердің сұрақтары мен нәтижелері,
- топтық жұмыс нәтижелері (оқу тапсырмаларын орындау реті, алгоритмі),
- жобалар,
- шығармашылық жазу жұмыстары,
- фотолар,
- графикалық ұйымдастырушылар: кестелер, схемалар, диаграммалар, гистограммалар,

графиктер,

- сауалнамалар мен оларды талдау нәтижелері,
- интервьюдің сұрақтары мен жауаптары,
- үй тапсырмалары (өздік жұмыс нәтижелері),
- бақылау күнделіктері,
- оқу процесі туралы ой-толғаныстар,
- өзін-өзі бағалау жұмыстары,
- портфолионы құрастыру жұмысы туралы жазылған хаттар (оқытушыға, туыстарына,

жолдастарына),

- оқу/үйрену немесе зерттеудің мақсаттарын тұжырымдау,
- портфолио тақырыбы бойынша жасаған баяндамалары,
- оқылған материалдардың (кітап, лекция, зерттеулер, т.б.) конспекттері,
- зертханалық жұмыстарды сипаттау,
- салынған суреттер,

- студенттің жетістіктерін көрсететін мақтау қағаздары, сертификаттары, өзінің жұмыстары жайлы пікірлер, мінездемелер.

Портфолионы бағалауда келесідей параметрлер қарастыруға болады:

- **құрылымы мен құрастырылуы** (келтірілген материалдардың реттілігі мен қандай тәртіппен құрылғаны, жүйелілігі: үйрену барысында қалыптасқан нақты дағдыларға сәйкес бөлінгендігі),

- **комментарий** (келтірілген материалдарға түсіндірме беру),

- **мазмұны** (материалдардың сапасы мен кең ауқымдылығы),

- **өзін-өзі бағалау** (өз әрекеттері мен дамуына баға беру, оларды сыни көзқарас тұрғысынан талдау қабілеті, өз тәжірибесін кәсіби қызметпен байланыстыру әрекеттері студентте рефлексия дағдысы қалыптасқандығын көрсетеді).

Ендігі мәселе портфолионы қалайша, қандай талаптар деңгейі тұрғысынан бағалау керектігі туралы болмақ, өйткені жұмыстар мен құжаттардың толық жинақталуы студенттің дамуын жан-жақты түрде айғақтамайды. Сол себепті де портфолионы бағалауда оның құрылымына, студенттің ойлау дербестігіне, шығармашылық деңгейіне, өзін-өзі бағалауына назар аудару керек. Мысалы, портфолионы бағалауда келесідей критерийлерді ұстануға болады:

Портфолионы бағалау критерийлері

Критерийлер	Жоғарғы балл	Студенттің жинаған балы	Оқытушының комментарийі
Барлық бөлімдер келтірілген	2		
Өздігімен қосымша бөлімдер кіргізу	5		
Портфолионы құрастыруда зерттеу әдістерін қолдану	10		
Портфолионы құрастырудағы өзінділік пен дербестік	10		
Материалдарды безендіру	8		
Портфолионың студент үшін пайдасы, қорытынды жасау	10		
Бірге оқитын жолдастарының пікірлері	5		
Ой-толғанысқа негізделген материалдар	10		

Портфолионы таныстыру (жариялау, презентациялау)	10		
Барлығы	70		

Оқушыларды бағалаудың болашағы мен мүмкіндіктері

1. Оқу мен оқытуды бағалаудағы мұғалімнің шеберлігі мен стратегиясы.

2. Мұғалімнің интерактивті әдістерді қолдана отырып, студенттердің шығармашылық жұмыстарын бағалауы және педагогикалық қолдау

«Ақылға сымайтын шамадан тыс, оны игеруде адамның биологиялық мүмкіншіліктерінен артық» мөлшерде дамуы. Сол себепті де оқу/оқыту қысқа мерзімде ақпараттың көлемді бөлігін тиімді түрде ұсынатын, сол ақпаратты жоғарғы деңгейде игеретін және практикада бекіте алатын әдістерді қолдануды талап етеді.

Бұл талап білім саласында инновациялық өзгерістерге әкеліп, оқудың/ оқытудың негізі ретінде тұлғалық дамуды қарастырады, өйткені динамика мен өзгерістерге толы ақпараттық дәуір экономикасы адамның білімді әрі білікті тұлғасына тәуелді, өйткені бұл дәуірдің идеологиялық, әлеуметтік, саяси сұраныстары адамнан келесідей құзырлықтарды талап етеді:

- ақпараттың ішінен өзіне қажеттісін таңдап, оны пайдалану;
- проблемаларды шешу және шешім қабылдау;
- өзіндік пікір, идеялар, тұжырым, түсінік келтіру, оларды дәлелдей және қорғай білу;
- социумда ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас құра білу, бірлесе жұмыс жасай білу, жанжалдарды болдырмау;
- өмірге деген көзқарасын, ұстанатын сенімдерін, қажеттіліктерін, құндылықтарын жалпы адами құндылықтармен байланыстыру;
- өздігімен үйрене білу, өз білімін әрқашан да дамытып отыру.

Сол себепті де тұлғалық даму ұстанымы білім игеру процесіне қатысушылардың (үйренуші мен үйретуші) бұрнағы авторитарлы-коммуникативтік қарым-қатынасын гуманитарлы-коммуникативтік қарым-қатынасқа өзгертуді талап етеді. Бұл ұстаным таным процесінің «білім беру», «оқыту», «үйрету» деген кешегі күнгі түсініктерін енді екі жақты процесс ретінде қарастырып, оларды «білім алу/игеру», «оқу», «үйрену» деп өзгертеді, бұл процесте үйренуші негізгі рөл атқарып, білімді өздігімен құрастырады деп түсінеді.

Егерде дәстүрлі «білім беру» өз мақсаты мен мағынасын нақты белгіленген (мемлекеттік стандарттарда көрсетілген пәндер, тақырыптар мен сабақтардың аумағында) білім жиынтығын игерумен шектесе, тұлғалық даму мен өздігімен білім құрастыруды негізгі идея деп ұстанған инновациялық көзқарас оқу/үйренудің негізін тек пәндер емей, ойлау мен рефлексияға негізделген интербелсенді (интерактивті) әдістер құрауы керек деп түсінеді. Ал интербелсенді әдістер мен тәсілдер үйренушілердің тұлғалық тұрғыдан өзіндік және дербес түрде дамуына әкеледі, оларды өз мүмкіншіліктері мен ұстанған құндылықтарын түсінуге және бағалауға жетелейді.

Таным әрекеттерін ұйымдастырудың арнаулы әдістемесі ретінде **интербелсенді оқу/оқыту** білім игеру процесіне қатысушылардың (үйренуші мен үйренушілердің) тиімді қарым-қатынасына негізделеді. Ағылшын тілінен келген «*interactiv*» сөзі де осы ұғымды білдіреді: «*inter*» дегеніміз «өзара» мағынасында, ал «*act*» - «*әрекет жасау*» дегенді білдіреді, яғни **интербелсенді әдістер** - үйренуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқу/оқытудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер.

Басқаша айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз біреумен қоян-қолтық қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру. Ал «интербелсенді оқу» дегеніміз **өзара қарым-қатынасқа (коммуникацияға) негізделген оқу/оқыту, диалог арқылы үйрену/үйрету**, яғни «үйретуші – үйренуші», «үйренуші – үйренуші», «үйренуші - өзімен өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас («әңгіме», «сұхбат», «пікірлесу», «бірлескен әрекеттер»).

Интербелсенді оқу/оқыту білім игеру процесін келесідей ұйымдастыруға ынталы:

- 1) Барлық үйренушілерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау.
- 2) Әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғауына мүмкіндік жасау.

3) Үйренушілер білімді өздігімен құрастыратын орта құру (№6 кесте).

Интербелсенді оқу/оқыту – әрекетпен және әрекет арқылы оқу/оқыту, ал мұндай ұстаным қомақты нәтижелерге жеткізетін ең тиімді жүйе деп есептелінеді, өйткені адамның жадында бірінші мезетте тек өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасағаны ғана қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций (Кун-цзы) былай деген екен: *«Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!»*.

Интербелсенді оқу/оқытудың негізгі қағидалары мен мақсаттары

Қағидалар	Мақсаттар
<i>Орта қалыптастыру</i>	- Білім алушы оқып/үйренуде өз әрекеттерінің жемісті екендігін сезінетін жағдайлар жасау; - Үйренушілер арасында ашық, еркін, шығармашылық қарым-қатынас орнату; - Үйренушілерге білімді дайын күйде бермей, оны ізденуге бағыт-бағда сілтеу.
<i>Әрекет арқылы үйрету/үйрену</i>	- Үйренушілерге білімнің өзіндік әрекеттер арқылы ғана тиімді түрде меңгерілетіндігін дәлелдеу; - Үйренушілерді белсенді әрекеттерге баулып, олардың білім игеру әрекеттерін ұйымдастыру.
<i>Өмірмен байланыстыру</i>	- Үйрету/үйренуді практикалық әрекеттерге негіздеу, пән мен тақырыпты күнделікті өмірде туындайтын проблемаларды шешу деп қарастыру.
<i>Өзінділік пен дербестікке Баулу</i>	- Үйренушілердің дайын жауаптарын қанағат тұтпай, оларды ой-толғаныс арқылы өзіндік пікір құрастыруға, проблема шешуде өзіндік тұрғыдан жауап табуға ынталандыру (егер студент жауап бере алмаса, дұрыс жауапты өзі бермей, оны басқа студенттердің табуын ықпал жасау); - Үйренушілерде сыни және аналитикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру (күмәндану, өзіндік түсінікке ұмтылу, ақпараттан әртүрлі мағынаны көре білу, дәлелдеме келтіру).

Сол себепті де **интербелсенді оқу/оқыту үйренушілердің оқу процесіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары мен тәсілдері ретінде таниды**. Сондықтан да интербелсенді оқу/оқыту оқу процесінің тиімділігі мен нәтижелігін үйренушілердің есте сақтау дәрежесімен өлшемей, **олардың әрекеттерімен бағалайды, тек әрекет арқылы ғана үйрену ықтимал деген қағида ұстанады**.

Интербелсенді оқу/оқыту студенттің өз тәжірибесі және өзге де студенттердің тәжірибесі тұрғысынан жасаған белсенді қарым-қатынасқа негізделеді. Ал **үйренушілердің тәжірибесі дегеніміз олардың өзіндік пікірлері мен көзқарастары, ойлары мен идеялары, тұжырымдары мен қорытындылары, дәлелдері мен уәждері** деп айтуға тұрарлық. Студенттер таным процесінде бір-бірімен осы тәжірибесімен бөліседі, міне осындай байланыста, қарым-қатынаста жаңа білім құрастырылып, саналы түрде игеріледі.

Интербелсенді оқуда/үйренуде білім алушылар келесідей білім, білік, дағды, машықтарға **үйренеді**:

- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, оны таразылап, екшеп, оның ішінен керектісін таңдап алу;
- ақпаратты жан-жақты талдау;
- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- оқу барысында жеке басының құндылықтары мен сенімдерін қалыптастырып, белсенді өмірлік позиция (көзқарас, дүниетаным) ұстану;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- басқа да балама пікірлерді ескеру;

- шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;
- ортақ жұмысқа жұмыла білу;
- басқалармен тиімді қарым-қатынас құру, өзара әрекеттесу;
- үйренушілер ұжымына ортақ бірлесе жұмыс жасаудың рухани және моральдік ережелерді қабылдау;
- студенттік топты ұжым ретінде қабылдау.

Бұл біліктер тұлғаның тұрақты қасиеттеріне айналып, тек студенттік аудиторияда орын алып қана қоймай, сонымен бірге өмірдің басқа да жақтарынан тиянақты түрде көрінеді.

Ал интербелсенді оқу/оқыту басты назарды «процеске», яғни үйрену процесінің өзіне, оқушылардың «қалай» және «қандай әдіс-тәсілдер арқылы үйренетіндігіне» аударады. Мұндағы мақсат - оқушылардың өзара белсенді әрекеттер арқылы **өздігімен** білім игеруінде, оны ізденуінде, құрастыруында. Мұндай сабақтарға шәкірттер «таза парак» күйінде келмей, алдын-ала дайындалып келеді, олар сабақ басында тақырып бойынша өз түсініктері мен пікірлерін келтіріп, әрі қарай оларды дәлелдеу жүйесін құрады, пікірталас жүргізеді, өзге пікірлерді тыңдап, балама көзқарастарды ескереді. Басқаша сөзбен айтқанда, шәкірт өмірде әр адамға қажетті білік-дағдыларды қалыптастырады. Ал сабақтан кейін сол білімдерін өздігімен дамыта түседі.

Сол себепті де интербелсенді оқу/оқытуда үйренушілер келесідей әрекеттерді атқаруға дайын болуы керек:

- бірлескен жұмыс,
- танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту,
- бастамашылдық,
- кері байланыс жасау,
- проблема шешу, шешім қабылдау.

Интербелсенді оқу/оқыту барысында үйренушілер әрқашанда белсенді болып, өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көңарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға және онымен санасуға үйренеді. Мұндай сабақтарда бір ғана дұрыс жауап болмайды, өйткені басты мәселе дұрыс жауапты табуда емес, керісінше үйренушінің жеке тәжірибесіне негізделген іздену процесінің өзі болып табылады.

Интербелсенді оқу/оқыту жоғары оқу орындарында келесі жұмыс түрлері мен әрекеттер арқылы жүзеге асырылады:

- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиторияның),
- жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары,
- рөлдік және іскерлік ойындар,
- пікірталастар,
- ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, Интернет, құжаттар, мұражай, т.б.),
- шығармашылық жұмыстар,
- кейс-стади,
- презентациялар,
- компьютерлік оқыту бағдарламалары,
- тренингтер,
- интервью,
- сауалнама, т.б.

Интербелсенді оқу/оқыту **бірлесе үйрену** идеяларын ұстанғандықтан, бұл жерде әсіресе **бірлескен топтық жұмыс** әдістерінің маңызын баса айту керек: олар өзін-өзі мен басқа адамдарды танудың тиімді құралы болып табылады, дүниетаным қалыптастырып, тұлғаның өзіндік дамуы мен басқалардың іс-әрекеттері мен олардың себептерін түсінуге ықпал жасайды. Топтық жұмыстар барлық үйренушілердің жұмысқа белсене қатысуын қамтамасыз етеді. Мұндай жұмыста шәкірттер өздерінің коммуникативтік дағдыларын (тыңдай білу, ортақ шешім қабылдау, жанжалдарды болдырмау) іс жүзінде қолданады, өздері «ойнап шығады».

Оқу/оқытудың кейбір тәсілдерін қолданғанда мәліметтің 24 сағат ішінде есте сақталуы

(А. Маслоудың идеялары бойынша Н.Сандерстің кестесі)

Тәсілдер	Есте сақталу мөлшері
Лекция	5%
Оқу (мәтін, кітапты оқу)	10%
Аудио- және видео құралдарды қолдану	15%
Көрсету (жобалар, кестелер, басқа да көрнекіліктер)	30%
Пікірталас	50%
Практикалық іс-әрекеттер	75%
Үйренген білімді дереу қолдану, басқаларды үйрету	90%

Бірлесе үйренуде әрбір үйренуші танымның (оқу, үйренудің) ортақ мағынасына және қорытынды нәтижесіне өз үлесін қосып, басқалармен өзінің білгенімен, идеяларымен, ойларымен алмасады, тиімді нәтижеге (білімге) қандай бірлескен үйрену әрекеттері арқылы жете алатындығын анықтайды.

Мұндай қарым-қатынастағы бірлескен әрекеттер бірін-бірі жақтыру, өзара сыйласымдық пен қолдау атмосферасында өтіп, тек қана жаңа білім игеруге жағдай жасап қана қоймай, сонымен бірге таным процесін ынтымақтастық пен бірлесу деңгейлеріне көтереді, яғни **қарым-қатынас пен оның негізгі нысаны диалогты танымның басты құндылығына айналдырады.**

Сонымен **интербелсенді оқу/оқытудың келесідей идеялары мен қағидаларын** келтіруге тұрарлық:

- Үйрету мүмкін емес, тек үйрену ғана ықтимал.
- Білім дайын күйде берілмейді, ол тек игеріледі.
- Білім игеру тек белсенді әрекеттер арқылы ғана жүзеге асырылады.
- Оқу/оқытудың негізгі мазмұнын «не нәрсеге оқу/оқыту» емес, «қалай оқу/оқыту» құрайды: білік, дағды, машық, құзырлық, білімді игеру практикасы.
- Өмір бойы үйрене білу.
- Білім тек өзіндік тұрғыдан игеріледі, өйткені «білім» дегеніміз жеке адамның қандай да болмасын мәселе мен проблема, ақпарат пен мәлімет бойынша құрастырған ойы, идеялары, пікірі, көзқарасы, түсінігі, дәлелдері, уәждері, тұжырымы. Ал оқу/оқыту - үйренушінің «МЕН-і» бірінші орынға қойылатын процесс.
- Білім бірлескен әрекеттер арқылы игеріледі: үйрену/оқу – коммуникативтік процесс.
- Білім дегеніміз өмірде қажетті және қолданбалы мәселелер болғандықтан, білім игеру процесі практикаға (күнделікті өмірге) негізделуі керек.
- Оқу/оқытудың негізі - өмір сүруге үйрену/үйрету.
- Оқу/оқытудың негізгі мақсаты – адам болуға үйрену/үйрету.
- Оқу/оқыту дегеніміз диалог, ал диалог – адамгершілікке үйренудің ең тиімді әдісі.
- Білім мазмұны үйретушінің талаптарымен айқындалмай, үйренушінің мұқтаждары мен мүдделерінен туындайды.
- Оқу/оқыту қоғамға қызмет жасау идеясы арқылы жүзеге асырылады.
- Әр сабақта үйренуші тұлғасында конструктивизм, оптимизм, позитивизм секілді жағымды қасиеттердің дамуына ықпал жасау керек.
- Рефлексия - дүниетаным мен өзін-өзі танудың негізгі тәсілі, рефлексиялық тұлға қалыптастыру - оқу/оқытудың негізгі мақсаты.

Білім игеру процесінің негізгі проблемаларының бірі ұстаз қызметімен байланысты. Мұнда мәселе келесідей сұраққа қандай жауап беруде болып отыр: «Ұстаз кім: «үйретуші» мен «білім көзі» ме, әлде «үйрену процесін ұйымдастырушы», «менеджер», «үйренуге жағдай жасаушы» ма?

Бүгінгі күнгі білім жүйесі **үйренушіцентристік** қағидаларды ұстанғандықтан, оқу/оқытуда басты тұлға шәкірт болып саналады. Егерде болашақ өмірде кезігетін нақты проблемалар мен қиыншылықтардың қандай болатындығы туралы ешкімнің де дерегі жоқ болып, қазіргі аласапыран, күнделікті өзгеріп отырған дүниеде олар жайында тіпті болжам

жасаудың өзі де неғайбыл және қажеті шамалы дүние болса, онда оқыту процесінде басты салмақты ұстаздан шәкіртке ауыстырған жөн: үйренуші оқыту процесінің басты тұлғасына (субъектіне) айналуы тиіс. **Шәкірт өздігімен үйренуі керек**, сонда ғана оның білімі толығыады, солай ғана ол білімді өз өмірінде қолдана алады. Шәкірт бұрынғы бәлсенді (пассив) күйден (әдетте сабақта оқушы/студент тек мұғалімнің/оқытушының айтқаны мен оқулықта берілгенді бұлжытпай орындайды емес пе?) бәлсенді әрекеттерге көшуі қажет. Шәкірт өздігімен және басқалармен бірлесе білім ізденіп, оны қандай тиімді әдіс-тәсілдер арқылы меңгеретінін шешіп, бұл білімнің өз өміріне қалайша қажетті болатындығын айқындауы керек.

Чарлз Темпл бұл туралы былай деп жазады: «Қайсымыз квадрат теңдеулерді, атомның құрылымын ашып, будда діндегі формасы мінсіз медитацияда даналық пен құпияны біріктіретін тәсілді таба аламыз? Ешкім де бала кезінде ғалымдар мен өнер адамдарының көптеген ұрпақтарының еңбегімен құралған білімді жаңадан аша алмайды деген ой білімнің басты идеясы болып табылады» (Ч.Темпл, 2002, 31).

Ұстаз - білім алу, оқыту процесінде міндетті түрде қажет тұлға. Алайда мәселе ұстаздың бұрынғы «үйретуші», «білім беруші», «білім көзі», «бұлжымас бедел», «оқытушы» сынды рөлдерінен бас тарту қажеттігінде. Ендігәрі педагог үйрену процесін өзара әрекеттесу деп қабылдап, өз қызметін «ұйымдастырушы», «бағыт-бағдар беруші», «жөн сілтеуші» деп түсінуі керек. Бұл өзгеріс ұстаз еңбегінің маңызын тіпті де бәсеңдетпейді, керісінше ерекше мазмұнмен толықтырады, мәртебесін асқақтатады. Педагог білім тасымалдаушыдан (қара жұмыс) - білім әлеміне жол көрсетуші дәрежесіне көтеріліп (ізгі қызмет), нағыз ұстаздық харекетті атқарушы болады. Қытайдың ғұламасы Конфуций ұстаз қызметінің маңызы туралы былай деген екен: *«Егер адамдарды жеті жыл бойы жақсы адам оқытса, оларды шайқасқа жіберуге болады».*

Интербәлсенді оқуда/оқытуда педагог үйренушілердің өзіндік таным процесін ұйымдастырушыға айналады, ол үйретпейді – үйренуге бағыт-бағдар сілтейді, өзі де әр сабақта үйренеді. Педагог - «білім көзі» емес, ол - студенттің шығармашылық жұмысы мен еңбегінің бастамашысы, ұйытқысы, студентті білім алудың бәлсенді әрекеттеріне ынталандырушы, студенттің үйрену процесіндегі серігі әрі үлгі тұтар тұлғасы. Оқытушы орасан зор көлемді ақпарат әлемінде студентке өзіндік көзқарас, түсінік пен құндылықтарды қалыптастыруда жанашыр көмекші іспеттес. Мұндай ұстанымның бірнеше себептері бар:

1. **Үйренушілер арасындағы қарым-қатынас** интербәлсенді оқудың ең басты мәселесіне айналып, қатысушылардан өзара әрекеттесу мен ынтымақтастықты қажет етеді, ал ұстаз осындай коммуникативтік процесті ұйымдастыра білуі қажет.

2. Интербәлсенді оқуда үйренушілер өз біліміне және өзгелердің біліміне деген **жауапкершілікті өздеріне жүктеп алады**. Сол себепті оқытушы да үйрену процесінің бәлсенді мүшесіне айналып, таным процесінің нәтижелігіне мүдделі болады.

3. Интербәлсенді оқу/оқыту **үйренушілердің жеке тәжірибесіне сүйенеді**, ал ұстаз тәжірибені жаңа біліммен байланыстыру жолдарын бағыттап отырады.

4. Интербәлсенді оқу/оқытуда **іздену процесі** қорытынды нәтижеден маңызды болғандықтан, оқытушы сол процесті ұйымдастыра білуі керек.

Педагогикалық қарым-қатынас стилдері

Соңғы кездерде шетелде қарастырылған педагогикалық қарым-қатынас стилдерінің ішінде М.Тален ұсынған оқытушылардың кәсіби позицияларының типологиясы назар тоқтататындай.

1. «Сократ» моделі.

Мұндай ұстанымдағы оқытушы пікірталас пен пікірсайыстардың құптаушысы және өз сабақтарында оларды қасақана түрде тудырушы. Оның сабақ беру әдісінде белгілі жүйе жоқтың қасы, өйткені ол оқу процесінде әрқашан да біреулермен қақтығыста болады. Оның шәкірттері өз позицияларын ұдайы нығайта отырып, оларды қорғай біледі.

2. «Топтық пікірталастың жетекшісі» моделі.

Ол оқу-тәрбиелік процестің басты мақсаты үйренушілер арасындағы келісім мен ынтымақтастыққа жету деп есептейді. Ал өзін шәкірттерінің арасындағы делдал деп түсінеді, өйткені ол үшін пікірталас нәтижелерінен гөрі демократиялық ымыра мен бітімгершілік маңызды.

3. «Шебер» моделі.

Бұл ұстаз өз шәкірттеріне үлгі болуды қалайды. Үйренушілердің оның барлық әрекеттерін тек оқу процесінде ғана емес, сонымен бірге жалпы өмірге деген тұрғыдан бұлжытпай қайталауы керек.

4. «Генерал» моделі.

Қатаң талап қоюшы, қайткенмен де өзінің айтқанын орындатуға ұмтылады, өйткені өзінің сөзін әрқашанда дұрыс деп бағалайды. Оның ойынша, студент солдат тәрізді тек бұйрықтарға ғана бағынуы керек. М.Таленнің айтуы бойынша, оқытушылардың бұл типі педагогикалық практикада басқаларға қарағанда анағұрлым жиі кездеседі.

5. «Менеджер» моделі.

Студенттік топтың тиімді жұмысынан құралған атмосферамен тікелей байланысты. Оқытушы студент тарапынан бастама мен өзіндік әрекеттерді барынша қуаттап отырады. Педагог әрбір студентпен оның шешіп отырған проблема мағынасын талқылауға, студенттің әрекеттерін бақылап, оларға әділ баға беруге әзір.

6. «Жаттықтырушы» моделі.

Аудиториядағы қарым-қатынаста оқытушы мен студенттер бір-біріне жақын екендігін әбден сезінетіндей. Студенттер өздерін құдды бір команда ойыншылары ретінде сезінетіндей: мұнда жеке тұлғаның еш маңызы жоқ, өйткені олар тек бірлесіп қана көп шаруаны тындыра алады. Педагог мұнда ұжымдық ұмтылыстардың ұйытқысы ролін орындайды. Ол үшін ең басты мәселе – аяққы нәтиже, табыс, жеңіс.

7. «Жол сілтеуші» немесе «Гид» моделі.

Бұл оқытушының «білмейтіні жер астында», ол – тірі энциклопедия тәріздес. Оқытушы өте байсалды, қысқа әрі дәл сөйлейді. Барлық сұрақтарға ол жауап бере алады, тіпті оған қандай сұрақтардың да қойылатындығын біледі. Оның міні жоқ сияқты, сол себепті де ол көп жағдайда студенттерге қызықсыз көрінеді.

Шетел педагогтары оқу/оқыту нәтижелерінің төрт деңгейін ажыратады (оларды оқу/оқытудың мақсаттары деп те түсінуге болады):

1. Танысу (*discovery*) – белгілі бір сала (пән, мамандық) бойынша негізгі ұғымдар, атаулар, түсініктер мен әрекеттер ретімен танысу.

2. Негізін игеру (*literacy*) – белгілі бір сала (пән, мамандық) бойынша негізгі ұғымдар, әрекеттер мен олардың ретін қайталау немесе сипаттау қабілеті.

3. Игеру (*fluency*) – белгілі бір сала (пән, мамандық) бойынша негізгі ұғымдар мен әрекеттердің ретін нәтижелі түрде қолдану.

4. Толық меңгеру, шеберлік (*mastery*) – белгілі бір сала (пән, мамандық) бойынша негізгі ұғымдар мен әрекеттердің ретін нәтижелі түрде қолдану және басқаларға білім мен біліктерді игеруге және бекітуге көмек беру.

Осы тұрғыдан алғанда ұстазды - шеберлікке ынталандырушы, шәкіртті – шеберлікке ұмтылушы, ал оқу/оқыту процесін – шеберлікке үйрену/үйрету деп атауға тұрарлық. Таным процесін осылайша түсінуді Изабель Бек «таным шеберінің қолында көмекші болып жүру» деп атайды (Beck, Icbael, and McKeown, Margaret. «Outcomes of History Inctruction: Paste-Up Accounts». In Cognitive Instructional Processes in History and Social Sciences. J.F.Voss and M.Carretero (Eds.). Hillsdale, NJ: Earlbaum, 1994).

Психологтар Жан Пиаже мен Анри Валлон, физик Поль Ланжевен негізін салып, оқу/оқыту мен баланың (тұлғаның) қалыптасу практикасына интенсивті, белсенді әрекеттерді енгізуді мақсат тұтқан «Жаңа білімнің француз тобы» (JFEN) атты бірлестіктің педагогикалық идеялары да «шеберлік» ұғымына негізделеді. Олар оқу/оқыту процесін тұлға дамитын «шеберхана» деп атаған, демек мұндағы ұстаздар «шебер» ролін атқарған. Бұл бірлестік білім саласында келесі қағидаларды ұстанған:

1. Үйрену/үйрету мақсаты – жаңа көзқарастағы тұлға.

Бұл - өзіндік пікірі бар, өзіндік тұрғыдан әрекеттене білетін, әлеуметтік жауапкершілігі мен ұйымдастыру қабілеттері жоғары, өз өмірі мен қоршаған әлемге позитивті ықпал жасап, оларды жағымды тұрғыдан өзгерте білетін тұлға.

2. Баланың бәрі де қабілетті.

Әрбір баланың барлық әрекеттерге деген қабілеті бар: кез келген бала жаратылыстану мен гуманитарлық білімдерді, барлық өнерлерді меңгере алады. Мұнда мәселе тек әдістемеді, яғни баланың қалай үйренуінде, оны қалайша үйретуде.

3. Тұлғаның дамуы мен үйрену/үйретудің интенсивті әдістері.

Мұнда келесі ұстанымдар қадағаланады:

- Ұстаз шәкіртін өзіне тең тұлға ретінде қабылдауы керек.

- Білімді дау мен күдік туғызбайтын ақиқат ретінде бермей, үйренушілердің білімді өздігімен құрастыруына жол беру. Үйренушілер ақпаратты күмән және сын тұрғысынан жан-жақты қарастырып, проблемаларды шығармашылықпен шешу керек.

- Пікірлер мен шешімдердің көптігі, басқалардың көзқарасы мен идеяларына деген төзімділік пен сыйласымдық қуатталады.

4. Ұстаздың жаңа тұлғасы.

- Ұстаз – шебер. Ол авторитарлы, бала тұлғасын жаныштайтын ұстанымдардан бас тартып, шәкіртін сыйлайды, оның үйренуіне мүдделі болады. Ұстаз сенім атмосферасын қалыптастырып, мейірім жайлаған орта құрастырады, қарым-қатынасты бірлесе әрекеттесу деп түсінеді.

- Ұстаз зерттелетін тақырыпқа шәкіртінің қызығушылығын тудырып, олармен бірге ізденеді, жұмыс жасайды, өзіндік білім құрастырады. Мұғалім берілген сұрақтарға дайын жауап беруге ұмтылмай, оларға шәкірттердің жауап беруіне оңтайлы жағдай жасайды.

- Ұстаз қандай да болмасын ақпаратты игеру ісі оңай болсын деп, оны бөлшектеп береді, шәкірттерінің ақпарат туралы ойлары мен түсініктерін анықтап отырады.

- Мұғалім шәкірттерінің жұмысын ресми түрде бағаламайды: журналға баға қоймайды, ұрыспайды, жекімейді, ешкімге шағымданбайды. Ол оқушыларының жұмыстарын жариялау арқылы (қабырғаға іліп қою, сынып ішінде оқу, қабырға газет іне басу, жинақ ретінде шығару, т.б.) оларды талқылау және өзгерту, түзету мүмкіншіліктерін береді.

Инновациялық технологиялардың негізгі қағидалары

Нидерландтық ғалым Карл ван Парререн келтірген төмендегі қағидалар қазіргі күнгі инновациялық (интербелсенді) технологиялардың идеялары мен практикасын толығымен келтіреді.

1-қағида. *Студенттерде үйренуге деген тұрақты қозғаушы күш (мотивация) қалыптастыру.*

Мотивацияны студенттердің жеке тәжірибесіне негіздеу керек.

2-қағида. *Диалог арқылы үйрету/үйрену.*

Оқытушы студенттермен «жоғарыдан төмен» қарай қарым-қатынас орнатпай, олармен тығыз ынтымақтастықта болады.

3-қағида. *Қадағалау арқылы үйрету/үйрену.*

Оқу әрекеттерін үнемі бақылау, яғни мониторинг және диагностика жасау; қажет болғанда студенттерді түзетіп және қуаттап отыру керек.

4-қағида. *Білім беру мазмұнын қажетті оқу бірліктеріне және мақсаттарға бөлу.*

Бұл ұстаным студенттердің әртүрлі таным және білім деңгейлерін ескеріп, көп варианттарға негізделуі керек. Сонда ғана үйренушілердің түрлі категориялары өздерінің танымдық мүдделері мен қызығушылықтарын қалыптастыра алады.

5-қағида. *Оқу мазмұнын үйрену/үйретуге, пән мен тұлғаға бағытталған әрекеттермен қамтамасыздандыру сан алуан деңгейлерде жүзеге асырылуы керек (материалдық, танымдық, саналық).*

Таным процесінің негізін белсенді әрекеттер құрайды, адам тек әрекет арқылы ғана үйрене алады.

6-қағида. *Үйренуде қажетті қарқын және соған сәйкес тәсілдер (мысалы, оқу, сөйлеу, жазу, компьютерлік тілдер, графикалық модельдер мен символдар) таңдалуы керек.*

Таным процесі оңайдан күрделіге қарай ойысып, қарым-қатынас пен өзіндік түсініктің қажетті құралдарымен қамтамасыздануы керек.

7-қағида. *Үйрету мен білім игеруде көмектесу студенттердің оқу тапсырмаларын қандай деңгейде орындағанына байланысты оқытушының сырт көзбен пайымдаған мінездемесіне сүйенбей, олардың нақты қабілеттеріне (мәселен, қарым-қатынас жасау және ойлау әрекеттері, өз тәжірибесін жүзеге асыра білу) негізделуі керек.*

Білім мазмұны оқытушы тұрғысынан субъективтік тұрғыдан анықталмай, үйренушінің мүдделерінен туындауы керек.

8-қағида. *Студенттердің ой-толғанысы (рефлексия) мен өздерінің даму жетістіктерін бағалай білуі (құзырлылық сезімі).*

Баға қоюды (мәселен, бес балдық немесе жүз балдық жүйемен) оқытушы мен студенттер бірлесе құрастырып, қабылдаған бағалау талаптарымен (критерийлермен) алмастыру қажет.

9-қағида. *Студенттердің өзіндік тұрғыдан жасалатын жұмыстарына қажетті тапсырмаларды алдын-ала дайындау.*

Осы әрекет арқылы студенттердің әрекеттерін, сөздерін, ойларын үйренішті қалыптан басқа жаққа бұруға болады.

10-қағида. *Студенттердің бастамашылдығы мен шығармашылығын ынталандыру.*

Бұл арқылы студенттердің танымдық қабілеттерін едәуір көтеріп, олардың оқу мазмұнына тереңірек үңілуіне ықпал жасауға болады.

11-қағида. *Субъективтікті қалыптастыруға ықпал жасау.*

Бұл ұстаным студенттердің оқу материалын жағымды тұрғыдан қабылдап, өзін-өзі анықтауына, өз әрекеттеріне деген жауапкершілігіне, өзіндік тұрғыдан өмір сүруіне бастайды.

12-қағида. *Студенттік аудиторияда әлеуметтік қасиеттері басым және қоғамға кіріктірілген үйренуші тұлғасын қалыптастыруға бастайтын жағдайларды қамтамасыздандыру.*

«Оқудың/оқытудың басты мақсаты – тұлға қалыптастыру» деген қағиданы растайтын ұстаным.

Чарлз Темпл

Жоғарғы мектепте оқытудың белсенді түрлерін қолданудың дәлелдері

Жоғарғы мектепте оқытудың белсенді түрлерін қолданудың басты төрт дәлелі бар.

Белсенді түрде оқу мен сыни ойлау өмірде қолданыс табатын білім береді. Көп жылдар бұрын философ Альфред Норт Уайтхэд (1910 – 1957) жазып, ал психолог Ховард Гарднер көрсетіп бергендей, білімнің ырықсыз, бәлсенді күйде қабылданатын (**мектептік білім**), тәжірибеден ойланбай алынатын (**интуитивтік білім**) және әлемді түйсініп, ақпаратты алумен қатар оны игеру арқылы проблемаларды шешуді меңзейтін *ғылыми түрде дәлелденген тұжырымдамалар мен ойлау процестеріне негізделген (пән аумағындағы білім мен ойлау)* білім түрлерін ажырату керек.

Жүйелі ойлау тек қана белсенді түрде ғана сіңіріледі.

Белсенді оқыту/оқу өздігімен білім алуды дамытады. *Белсенді оқыту/оқу басқа пікірлерге деген төзімділік (толеранттық) және әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын дамытуға себепші болады.* Студенттердің қызығушылығы мен ынтасы оқыту/оқудың белсенді тәсілдерін қолданғанда анағұрлым жоғары болады. Соңғы он жыл аумағында Гарвард бағалау семинарларының аумағында «*Колледжде алған білімнің сапасын қандай жәйттер өсіреді?*» деген сұрақ зерттелген еді. Оқытудың тиімділігін арттыруға келесі шарттарды қадағалау жәрдемдеседі екен:

- нақты күтілетін нәтижелерді айқындау;
- жазба жұмыстарын жиі орындау;
- курс соңындағы бір ғана курстық жұмыс орындау мен емтихан тапсырудың орнына көптеген жобаларды орындау;
- интербелсенді сұрақтар;
- бірлесе оқу және жұмыс жасау;
- оқу курсының Әлеммен, шынайы өмірмен байланысын айқындау.

(Кітапта: Ч.Темпл. *Стратегии для использования в любых предметных областях. Развитие критического мышления через чтение и письмо в системе высшего образования.* – Алматы: Фонд «XXI век», 2002. – 5-6 беттер).

Интербелсенді технологиялардың тізімі

Жалпы орта мектептің оқу–тәрбие үдерісінде бағалау технологияларын ұтымды пайдаланудың тиімділігі

- Пән мұғалімнің сабақ барысында интерактивті әдістерді тиімді қолдануы
- Оқушылардың тұлғалық дамуына бағалаудың әсері

Интербелсенді оқудың шарттары

Интербелсенді оқу дәстүрлі оқытудың негізгі идеялары мен ұстанымдары болып келген авторитарлық пен үстемдікті, үйретушінің мызғымас беделін, монологты, сырттан (үйретуші тарапынан) күштеуді демократиялық коммуникациямен алмастырады.

Іскерлік пен ынтымақтастыққа, үйренушілердің мүдделері мен қызығушылығын ескеріп, өзара сйласымдылық пен тәуелділікке, бірлескен іс-әрекеттерге негізделген мұндай қарым-қатынас үйренушілерге саналы және ерікті түрде білім ауқымын айқындап, оқу/үйренудің нысандары мен әдістерін өздігімен таңдау мүмкіншілігін беру арқылы олардың өз біліміне деген жауапкершілігін нығайтады. Сол себепті интербелсенді оқуда/оқытуда келесі шарттарды қадағалау міндетті деп тану керек:

- жағымды психологиялық орта орнату,
- үйренушілерде білім игеруге деген қызығушылықты (мотивация, ынта, ұмтылыс) тудыру,
- білім игеруде үйренушілерді сәттілікке бағыттау,
- білім игеру процесін коммуникативтік процесс деп түсініп, бірлескен әрекеттерді қолдану.

Жағымды психологиялық орта орнату

Бүгінде білім игеру процесінде ортаның маңызы дау тудырмайтын аксиома іспеттес. Американдық философ Джон Дьюи білімді тәжірибе деп түсініп, оны құрастыруда ортаның алатын орнын ерекше атап кеткен: «Тәжірибе индивид пен оны қоршаған ортаның әрекеттесу процесінде пайда болады». Ал қоршаған ортаны Дж.Дьюи «жеке бастың қажеттіліктері, қалаулары, мақсаттары және қабілеттерімен әрекеттесу арқылы тәжірибенің іске асырылуын қамтамасыз ететін қандай да болмасын ситуация» деп атайды (Дж.Дьюи, 343).

Интербелсенді оқуда/оқытуда үйренушілер қомақты нәтижелерге өзара қарым-қатынас пен әрекеттесу, бірлескен әрекеттер арқылы жететіндігін біледі, сол себепті де олар үйренудің нәтижесіне деген өз жауапкершіліктерін түсінеді. Сондықтан мұндай сабақтарда жағымды психологиялық климаттың, сенім атмосферасының алатын орны аса маңызды. Интербелсенді оқуда/оқытуда оқытушы бұрынғыдай барлық күш-жігерін үйретуге жұмсамай, студенттердің бірлесе отырып, өздігімен білім алуына тиімді жағдайлар жасайды.

Бұл секілді ортада бірінші кезекте жағымды психологиялық климат құрылады, яғни студенттік топ (аудитория, сынып) ішінде тұлғаның жан-жақты дамуы, бірлескен өнімді әрі тиімді жұмыс жасауына қолайлы тұлға аралық қатынастар мен жағдайлар жасалады.

Жағымды психологиялық климат топ (аудитория, сынып) құрамына кіретін үйренушілердің еркіндігін меңзейді. Бұл еркіндік өзара сйласымдық, жолдастық, бір-біріне бейімделу және бөтен пікір мен көзқарастарды жағымды тұрғыдан қабылдау мен оларды түсінуге деген ұмтылыстан, оларға төзе білуден тұрады.

Үйренушілер тек осындай жағдайда ғана оқу/үйрену процесі тиімді сипат алатындығын түсінуі керек. **Жағымды психологиялық климат құру - әр сабақтың және жалпылама алғанда бүкіл білім игеру процесінің басты мақсаты.** Үйренушілер әр сабақта жағымды атмосфераны орнатуға ұмтылу - жақсылық пен ізгілік нышаны деп түсінгені абзал.

Жағымды психологиялық климат құру үйретуші мен әрбір үйренушіден келесі ережелерді сақтауды талап етеді:

1. Үйрену процесіне қатынасушылардың әрқайсымен өзара сйлалстыққа негізделген жеке қарым-қатынас орнатуға мүдделі болу.

Сйлалстық қарым-қатынасты оқу процесінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл өміріміздің мәні мен мағынасы деген философиялық түйін ұстанып, осындай жүздесуді сабақтың негізіне айналдыру керек.

2. Қарым-қатынаста қысымнан бас тартып, «жұмсақ» әдістерді қолдану.

3. Әрбір үйренуші мен бүкіл топ жұмысына көмек пен жәрдем жасау, қол ұшын беруге дайындық.

4. Әрбір пікірді тыңдай білу, оны сйллау және онымен санасу.

5. Жағымды (позитивтік) және конструктивистік көзқарас ұстану, ешкімді де, ешнәрсені де (өзгенің пікірі мен көзқарасы) сөкпеу, даттамау.

6. Жұмысқа әртүрлі тәсілдер мен құралдарды қолдану арқылы үнемі жаңалықтар енгізіп отыру.

7. Шығармашылыққа негізделу, шығармашылық тұрғыдан қатысушылардың ашылуына мүмкіндік беру.

Шығармашылық дегеніміз жаңалық ашу. Әр сабақта студенттерді біреудің айтқанын қайталамай (репродуктивтік әрекеттер), жаңалық жасауға, ашуға ынталандырып отырған абзал.

Жағымды психологиялық климат құруда сабақ басында (қажет болған жағдайда сабақ ортасында) үйренушілердің көңілін көтеру үшін және олардың назарын сабаққа аудару мен жұмысқа ынталандыру мақсатында *ойсергектер* (немесе кейде *ойашар* деп те аталады) қолданған тиімді. *Ойсергектер* үйренушілерді еркін сезіндіріп, оларды секемдік пен сенімсіздіктен арылтудың тиімді амалдары болып табылады (*ойсергектердің мысалдары төменде беріледі*).

Мотивация тудыру немесе қызығушылықты ояту

Үйренушінің оқуға/үйренуге деген ықылас-ынтасы, ниеті мен зауқы болмаса, оқу нәтижесінің мардымды болуы екіталай. Француз жазушысы Анатолий Франс кезінде «*Тамақ тек зор тәбетпен ішкенде ғана сіңеді*» деген екен. Оқу мотивациясы дегеніміз дәп осы сияқты білімге, білуге деген «тәбет».

Мотивация - әр үйренушінің білімге деген қажеттілігі мен мұқтаждығы, құлшынысы мен ұмтылысы, ынтасы мен көңілі, қызығушылығы мен құмартушылығы, оның білім процесінде алдына қойған мақсаттары мен мүдделері.

Мұнда басты мәселе әр үйренушінің жеке «Мен»-імен байланысты, яғни мотивация үйренушінің білімге деген қатынасымен тікелей байланысты болып, оқу процесінде шәкірттің үйрену әрекеттерімен айқындалады.

Мотивацияның түрлері:

1. Танымдық мүдделер

1) Кең ауқымды мотивтер

- білім алу;
- кәсіп алу, маман болу.

2) Оқу-танымдық мотивтер

- білім игеру тәсілдерін меңгеру,
- белгілі бір тақырыпты (ақпарат, мәлімет, ұғым, пән, білік, дағды, машық, құзырет)

игеру.

2. Әлеуметтік мүдделер

1) Кең ауқымды

- қоғам (адамзат, Отан, жанұя, ұжым, т.б.) алдындағы борыш пен жауапкершілік,
- білім алудың әлеуметтік маңызын түсіну жауапкершілігі.

2) Қоғамдағы өзінің орнын табу (*Абай айтқандай: «Сен де бір кірпіш... Дүниеге кетігін тап та, бар - қалан!»*)

- белгілі бір мақсатқа жету,
- басқа адамдардың ішінен белгілі бір позицияны иемдену,
- қоғамда беделге, материалдық құндылықтарға, атақ, лауазым, абырой, даңққа, мақтау мен марапаттауға ұмтылу.

3) Әлеуметтік қарым-қатынас

- қоғамдағы басқа адамдармен қарым-қатынас құру,
- қарым-қатынастың тиімді тәсілдерін меңгеру.

Қызығушылықты ояту арқылы үйренушілерді келесідей әрекеттерге баулуға болады:

1. Үйренушілер өздерінің бұрынғы жеке білімін айқындайды.

2. Үйренушілер талқыланатын тақырыпты кең ауқымды контексте қарастырады.

3. Үйренушілер белсенді болады.

4. Үйренушілер ізденіс, зерттеу және талдауға негізделген шығармашылық жұмыстарға жұмылады.

5. Үйренушілер алдағы тақырып бойынша қажеттіліктерін айқындайды.

6. Үйренушілер прагматикалық тұрғыдан ой толғауға және талқылауға жұмылады.

